

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

7-9

СЕНТЯБРЬ

1965

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ШЫҒУЫНА 44 ЖЫЛ

СЕНТЯБРЬ

1965

БҰЛ НОМЕРДЕ:

*Ұлы көсемнің идеялық мұрасы —
халық игілігі*

**Жастарды коммунистік рухта
тәрбиелейік!**

Марксизм-ленинизм ілімімен
қарулану — әрбір коммунистің қасиетті
борышы

*Партия ұйымдарының өміріндегі
елеулі оқиға*

РУМЫН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСІ

МАЗМУНЫ

Бас мақала — Жас ұрпақтан — жалынды күрескерлер	3
Лениннің ұлы идеялық мұрасы	9
В. Севрюков — Партия ұйымдарының есебі мен сайлауы	12
Н. Забежанский — Ауыл шаруашылық техникасын жетілдіру және пайдалану жайында	18
Қ. Жанаев — Балалар тәрбиесі — баршаға ортақ	23
Р. Бердібаев — Дүние таным және творчество	28

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ұйымдастыру жұмысының түп қазығы	34
Ә. Қасымбеков — Жұмыла көтерген жүк жеңіл	39
Ш. Есмұрзаев — Партком мүшесі	42
Н. Хисматуллин — КПСС Уставының талаптары — бұлжымас заң (сұрақтарға жауап)	47

ХАЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУҒА — КЕҢ ӨРІС

Н. Сахтанский, Т. Мақашев — Техникалық прогресті жоспарлау жақсартылсын	50
Ғ. Баймұрзия — Тынымсыз жандар	54
Игілікті істер, жақсы бастамалар	55

ПАРТИЯЛЫҚ ОҚУ ЖЫЛЫ АЛДЫНДА


П. Константинов — Марксизм-ленинизм теориясын жете меңгерейік	58
Оқу жоспарлары мен оқу құралдары	64
КПСС жөніндегі мағлұматтар	68

СОЦИАЛИЗМ ЕЛДЕРІНДЕ

Ы. Теребаев — Социалистік Румынияның жарқын болашағы	73
--	----

ҒЫЛЫМ ӘЛЕМІНДЕ

Б. Арызханов — Ультрадыбыстың халық шаруашылығындағы орны	78
---	----



Жас ұрпақтан — жалынды күрескерлер

Ұлы Октябрь таңы атып, елімізге шарапатты нұрын шашқан кезден бері сан алуан жас ұрпақтың ерен ерлігін, таңғажайып істерін еске түсірер болсақ, халқымыз бастан кешірген тар жол, тайғақ кешулерді, асқар асуларды көреміз. Совет жастарының алғашқы буыны қолына қару алып, аға ұрпақпен бірге жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетін тұс-тұстан анталаған ішкі, сыртқы жаулардың қастық әрекетінен аман алып қалды, аштық пен бүліншілікке қарсы күресті, социализмнің ірге тасын бірге қаласты. Отан соғысы жылдарында қандыбалақ фашизмнің қабырғасын күйреткен совет жастарының асқан батырлығын айтып жеткізу қиын. Совет жастары бүгін де әр салада керемет жанқиярлықтың үлгісін көрсетіп, марксизм-ленинизм туына шынайы адалдығын, коммунизмнің ұлы мұрат-мақсаттарына жан-тәнімен берілгендігін бүкіл әлемге паш етуде.

Біздің жастарымыздың сана-сезімі жоғары, адамгершілік қасиеті мол, қандай керемет істер болса да жасауға қабілетті екенін жалпы әлем біледі. Бұл түсінікті де оларды ұлы Лениннің партиясы тәрбиелеген, баулып өсірген. Американың прогресшіл жазушысы Альберт Кан: «Дүние жүзінің қай жерінде болса да Советтер еліндегі жас азаматтардан артық жандар, өз Отанына берілгендігі және таланты жағынан олардан асқан жастар жоқ», — дейді. Осынау жас азаматтарымызды мақтаныш етеміз біз!

Совет жастарының алғашқы буыны мен бүгінгі жас ұрпақтың қанжармандық күресі мен ерлік істерінен біте қайнасқан сабақтастық барын танимыз. Өйткені бәрі де бір ұядан ұшқан қырандар, партия алға қойған ұлы мақсатты өмірінің арқауы етіп, жаңа қоғам орнатуға ұмтылған ұландар. Бірақ алғашқы буын мен қазіргі буынның арасында айтарлық айырмашылық бары да аян. Бұл екеуінің өмір сүрген нақты тарихи жағдайлары да екі түрлі. Мысалы, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында комсомолдың қатары қазіргіден тым аз еді, оның құрамында сауатсыздар мен шала сауаттылар басым еді, ал қазір еліміздегі 23 миллион комсомол мүшесінің 50 процентінде жоғары және орта дәрежелі білім бар. Бұлардың ішінде мамандар көп. Қысқасы, әрбір екінші жас комсомол мектебінен өтеді. Оның есесіне қазіргі жастарда тап күресінің тәжірибесі жоқ, аға ұрпақ бастан кешірген сұрапыл қиыншылықтарды да бұлар білмейді. Қазіргі жастар еліміздің күші мен байлығы шалқып, халық бұқарасының өнері мен дарыны даридай тасыған кезде, коммунистік қоғамдық қатынастар, социалистік демократия қарыштай өркендеп, ғылым мен мәдениет мол жеміс беріп отырған шақта өмір сүруде. Мұның бәрі жас тұлғаның өсіп-жетілуіне, оның дүние танымының, адамгершілік, эстетикалық принциптерінің қалыптасуына әсерін тигізбей қоймайды.

Жастарға тән ерекше мінез — олар еліктегіш, әсершіл, қиялшыл, жалындағыш, ізденгіш келеді. Жастың тасқындаран шабытын, қайнаған жігерін дұрыс арнаға салу, өмірде болып жатқан құбылыстарды оның дұрыс түсінуіне, іс-әрекетінде, мінез-қылығында ізгі қасиеттерді үлгі етіп, бойына дарытуына, жаман қылықтан аулақ болуына көмектесу — барша жұртшылықтың абзал борышы.

Жас ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеу әрқашан да біздің партияның ең басты міндеттерінің бірі болып келді, бола бермек те. Бұл әсте қысқа мерзімді науқан емес, қайта үнемі жүргізіле беретін күрделі процесс, өзекті мәселе.

Жастарды тәрбиелеудің қоғамдық маңызын көрсете келіп, К. Маркс: жұмысшы табының болашағы, демек, барша адамзаттың болашағы бүтіндей жұмысшылардың жеткіншек ұрпағын тәрбиелеуге байланысты дейді.

В. И. Ленин комсомолдың 1920 жылғы III съезінде сөйлеген сөзінде жас ұрпақты тәрбиелеу программасын айқын да жан-жақты тұжырымдап берді.

Жас ұрпақтың өмірдегі бар мақсаты коммунистік қоғам орнату деп көрсетті Ленин. Сондықтан «Жастар Одағының міндеті — оқи отырып, ұйымдаса, бірлесе, күресе отырып... коммунистерді тәрбиелеп шығаратындай етіп, өздерінің практикалық жұмыстарын жолға қою. Қазіргі замандағы жастарды тәрбиелеу, оқыту, үйрету жұмысының бәрі де оларды коммунистік моральға баулу болып шығуы керек».

Ұлы көсемнің тарихи сөзінде жастарды еңбекке тәрбиелеудің маңызы барынша баса айтылған. Комсомол, деп үйретті Ленин, өз мектебінің ішінде жасырынып отырмай, коммунистік кітаптарды оқумен ғана тынбай, өз білімін, оқуы мен тәрбиесін жұмысшылар мен шаруалардың еңбегімен ұштастыруға тиіс. Тек жұмысшылармен және шаруалармен бірлесіп еңбек еткенде ғана нағыз коммунист бола аласың. «Коммунистік жастар одағы жұрттың бәрін жасынан саналы және тәртіпті еңбекте тәрбиелейтін болуы керек».

Көсемнің данышпандық өсиеттері жас ұрпақтың, оның айбынды отряды комсомолдың іс-әрекетіне, қаһармандық күресіне өмірлік қуат беруші, жөн сілтеуші нұрлы шам-шырақ болып отыр. Еліміздің кешегісі мен бүгінгісінен осыны айқын көреміз.

Коммунизм құрылысы өрістеген дәуірде жастардың өмірден алатын орны мен атқаратын міндеті де өзгеше. Бұл — әбден табиғи нәрсе. Экономика мен мәдениеттің қай саласынан болса да осыны байқаймыз. Шынында да коммунизм орнату жолындағы ұлы күресте ешқашан да жастардың күш жұмсамай, ат салыспай қалған кезі болған емес. Өнеркәсіпте істейтіндердің жартысы және ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің 40 проценттейі — жастар. Қазақстандағы тың жерлерді игергендердің, алып құрылыстарды салғандардың дені жастар болғаны мәлім. Жыл сайын мыңдаған жас түлектер комсомол жолдамасымен жана құрылыстарға кетіп жатады. Солардың еңбегімен көптеген жана қалалар, ірі-ірі кәсіпорындар, су электр станциялары пайда болуда.

Мұның бәрі — елімізде толық және түпкілікті баянды етілген социалистік құрылыстың жемістері. Коммунистік партия мен Совет өкіметі жас ұрпаққа кең жол ашып берді, олардың күш-жігерін, өнері мен талантын тасытты, оқып, білім алуына, қабілет-дарынын жетілдіре түсуіне барынша жағдай жасады.

Жастарды еңбек сүйгіш етіп, қандай қиыншылықтан болса да тайынбайтын, қандай жұмыстан болса да жиренбейтін етіп тәрбиелеу — барша жұртшылықтың үнемі назарында болатын маңызды мәселе, мұғалімнің де, ата-ананың да, комсомол жетекшісінің де ардақты борышы.

Ленин айтқандай, шынайы коммунист болу үшін білім байлығын жетік білу керек, ал адамзат білімінің асқар шыны марксизм болып табылады. Жана адамды тәрбиелеу дегеннің мәнісі оған марксизм-ленинизм негіздерін үйрету, оның дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру деген сөз. Осыған орай жастарға білім беруде қоғамдық ғылымдардың ролін арттыру, комсомолдық саяси оқудың дәрежесін көтеру керек болады. Бұл ретте В. И. Лениннің коммунизмді үйрену

дегеніміз коммунизмнің қағидаларын, ұрандары мен қорытындаларын жаттап алу емес, марксизм идеяларын терең ұғынып, бұларды өмір жүзінде қолдана білуде деген нұсқауын ешқашан да естен шығармау керек. Жұмыс істемейінше, күрес жүргізбейінше, коммунизм жөнінде кітаптан білгенің түкке де тұрмайды, мұның өзі теория мен практика-ның алшақ кеткендігі болып шығады деп ескертті Ильич.

Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары оқу орындарында болсын, саяси ағарту жүйесінде болсын қоғамдық пәндердің маңызы төмендетіліп жүрді, тіпті бұл пәндер программасы ешбір қисынсыз қысқартылып отырды. Оның үстіне, қоғамдық пәндерді оқытудың дәрежесі, кейбір оқулықтардың сапасы талапқа сай емес. Соның салдарынан жастардың оқу орындарында, саяси ағарту жүйесінде қоғамдық пәндерден алған білімі көбінесе үстірт болып жүр.

Қоғамдық пәндерді, марксизм-ленинизм негіздерін оқыту ісін бәрінен жақсарту бүгін таңдағы аса зәру міндет болып отыр. Бұл ретте қоғамдық пәндерден сабақ беруші оқытушының ролі қазір қай кездегіден болса ба мықтап арта түседі. Сондықтан жан тебіренерлік, жақсы лекцияға конкурс жариялау арқылы қоғамдық пәндер оқытушыларын мұқият іріктеп алуға, бұл пәндер жөнінде, оның ішінде ғылыми проблемалар туралы оқылатын лекцияларды қызықты да тартымды етіп ұйымдастыруға бағыт ұстаған оқу орындарының игілікті ісін әбден құптау керек.

КПСС Орталық Комитетінің былтырғы октябрь және ноябрь Пленумдары субъективизм мен волюнтаризмнің көріністерін қатты айыптап, өзіміздің бүкіл игілікті іс-әрекетімізді ғылыми негізде, марксизм-ленинизм теориялары негізінде жүргізу қажеттігін атап көрсетті.

Коммунизмді субъективтік тұрғыдан, тым жадағай түсінушіліктің салдарынан кейбір жастар болашаққа тоғышарлық, мещандық көзбен қарайды. Олардың ойынша, материалдық игіліктер молшылығы күрессіз-ақ, қажырлы еңбек жұмсамай-ақ, өздігінен бола салатын сияқты. Мұндай зиянды пікірлерді аластау үшін жастар арасында ерінбей, жалықпай, ұдайы жұмыс жүргізу керек болады. Өйткені жаңа адамды, оның дүние танымын, моральдық бейнесін қалыптастыру оңай емес, мұның өзі тегінде шаруашылық мәселелерді шешуден анағұрлым қиын.

Оқыту-тәрбиелеу нәтижесінде совет жастары коммунизм идеяларын, партия мен халықтың қаһармандық революциялық және жасампаздық дәстүрлерін жетік білетін болуға тиіс. Бұл білім әрбір жастың зердесіне ұялаған кәміл сенімге айналып, оны коммунизмнің мақсат-мұраты үшін аянбай күресуге талпындыруы қажет.

Революциялық теорияны, қазіргі заманның түрлі проблемаларын білуге ынтыққан жастардың тілегін дер кезінде орындап, көкейтесті мәселелер жөнінде нанымды жауап беріп отыру керек.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде жеке адамға табынушылықты әшкере-леудің маңызды болғаны даусыз, бірақ кейбіреулер социалистік қоғамның дамуындағы тұтас кезеңдерге тек қана жеке адамға табынушылықтың зардаптары тұрғысынан қарап, баға береді. Мұның өзі сайып келгенде, Коммунистік партия мен совет халқының индустрияландыру, коллективтендіру, мәдени революция сияқты дүние жүзілік-тарихи маңызы бар ұлы жеңістерін кеміткендік болады. Отанымыздың тарихын жастардың дұрыс түсінуіне, олардың патриоттық сезімін өршітуге кесірін тигізеді.

Ұлы Лениннің шарапатты идеяларын жүзеге асыру жолындағы күресте Совет елінің, оның құрамдас бір бөлегі Қазақстанның қолы жеткен таңғажайып табыстар жалпы әлемге аян. Өткен шағымызға нигилистік көзбен қараушылықты құрту үшін совет халқының қаһармандық дәстүрлерін, ерлік күрестері мен келелі жеңістерін жастары-

мызға тынбай насихаттап, оларды ата-аналардың сорғалап аққан маңдай терімен, телегей-теңіз төгілген қанымен алынған жемістерді кастерлеу, ардақтау рухында тәрбиелеуіміз керек.

Сан миллион совет жастары әлеуметтік-саяси және моральдық бірлігі жағынан біртектес болғанымен, олар түрлі-түрлі топтардан, категориялардан құралған, олар шаруашылық пен мәдениеттің түрлі саласында еңбек етеді. Сондықтан жастар арасындағы тәрбие жұмысы әр топтың ерекшелігіне сай білгірлікпен жүргізілуге тиіс. Осыған орай әрбір жастың талап-тілегін мұқият ескеріп отыру қажет.

Еңбекке жаңа араласқан жас өспірімнің тез аяктанып, өмірден берік орын алуына үлкендер барынша көмектесіп отыруға міндетті. Коллектив оны шынайы қамқорлығына алып, оған әрі ұстаз, әрі жанашыр болуға, оны кездескен қиыншылықтан күн ілгері жасымайтындай, оңай табысқа елікпейтіндей етіп шындап шығаруға тиіс.

Бұл ретте бүкіл коллективке, басшы қызметкерге қойылар талап та, жүктелер жауапкершілік те қатаң. Әрбір басшы шын мәнісінде жас жұмысшылардың тәрбиешісі болуға ұмтылуы керек. Зерделі басшы оларға ылғи зер салып, ақылын айтып, жақсы тәжірибені, үлгі-өнегені, жаңа салт пен игі дәстүрлерді олардың бойына дарытуды өзінің қасиетті борышы деп санайды.

Сонымен қатар жастың бойындағы кемшілікке, ісіндегі қателікке жүре карау, оған мән бермей, ымырашылдық, кешірімшілдік жасау ең зиянды нәрсе екенін, жастың өсуіне де, коллективтің ортақ мүддесіне де кесір келтіретінін әсте ұмытпау керек. Бұл ақиқатты ұмытушылықтың арты насырға шабатыны айтпаса да белгілі. Ұнамсыз қылықтары елеусіз қалған кейбір жастар дандайсып, бейбастақ болып өседі, тіпті қылмысты әрекет жасауға дейін барады. Мұндай қылықтың әрбірін тәрбие ісіндегі өз кемістігіміз, өз ақауымыз деп білу керек. Ендігі жерде мұндай қылықтарға әсте төзуге болмайды.

Тәрбие жұмысын төзімділікпен жүргізу орнына құрғақ әкімшілік жасау, ақырып-жекіру, орынсыз жазғыру, жазалау жолына түсетін басшылар да аз емес. Әрине, мұның тәрбие жұмысына ешқандай пайда келтірмейтіні, қайта жастың бойындағы жамаң әдетті өршіте түсетіні айқын.

Жас жұмысшыларды еңбек үстінде тәрбиелеуде зеректік пен тақашылдықты, елтипатшылдық пен принципшілдікті, иландыру әдісі мен күштеу әдісін нақты жағдайға сай, орайын тауып үйлестіре жүргізу әрбір басшы қызметкердің күнделікті тәжірибесіне айналуға тиіс. Осындай өскелең талапқа сәйкес өздерінің тәрбиешілік ролін абыроймен атқарып жүрген коллективтер, басшы қызметкерлер республикамызда толып жатыр. Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты мен Шымкент цемент заводы, Ащысай полиметалл комбинатына қарасты Мырғалымсай руднигі мен Қаратау химия комбинатына қарасты Ақсай руднигі, Көкшетау облысындағы «Рузаев» совхозы мен Жамбыл облысындағы «Талас» совхозы және басқа көптеген коллективтер жөнінде осыны айтуға болады. Осы игі әдісті республиканың барлық коллективтеріне тарату — біздің абзал борышымыз.

Коммунистік партия мен Совет өкіметі жоғары дәрежелі оқу орындары мен техникумдар арқылы білімі жетік мамандар, коммунизм құрылысына аянбай ат салысатын идеялық сенімі күшті күрескерлер баулып шығару жөнінде зор қамқорлық көрсетуде. Студенттердің ұшан-теңіз білім байлықтарын менгеруіне толық жағдай жасалған. Студент жастар арасында оқу-тәрбие жұмысын бүтіндей жақсарту жөнінде қазір қоғамдық ұйымдарға ардақты да жауапты міндеттер жүктеліп отыр. Студенттердің өздеріне қойылатын талап та күшті. Өйткені олардың басым көпшілігі — комсомолецтер. Мұның өзі студенттерді пайда-

лы еңбекке, идеялық тәрбие жұмысына кеңінен қатыстыруға мүмкіндік береді.

Республиканың бірқатар оқу орындары бұл саладағы жарамсыз жұмыс әдістерінен үзілді-кесілді бас тартып, оқу-тәрбие ісінде жана формалар қолдана бастап отыр. Студенттердің құрылыс ұйымдары, макаренкошыл жасактары, түрліше бірлестіктері олардың ынта-жігерін өршітеді, оларды қоғамдық басқару ісіне дағдыландырады, өзінің коллектив алдындағы борышы мен жауапкершілігін сезінетін етіп тәрбиелейді.

Болашақ мамандардың марксизм-ленинизм теориясы саласында алған білімдерін шыңдау, идеялық сенімділігін жетілдіру мақсатын көздейтін ұтымды формаларды — айтыс (диспут), теориялық конференция, практикалық тапсырмалар беру, қоғамдық-саяси практика сияқты оқу формаларын жиі қолданып отырған жөн.

Тәрбие жұмысының аса жауапты саласы — мектеп шәкірттерін баулып өсіру. Мұнда мектептің, семьяның, комсомол ұйымының ролі мен жауапкершілігі бірдей; бұлар қол ұстасып, ынтымақтасып жұмыс істегенде ғана бала тәрбиесі нәтижелі болмақ. Шынын айту керек, еңбек тәрбиесін идеялық тәрбиемен ұштастыра жүргізу жөніндегі лениндік принциптің бұзылуы салдарынан бұл салада да елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Көптеген мектептерде комсомол ұйымы мен педагогтар коллективінің жұмысында жалынды шабыт сезілмейді, шәкірттерді революциялық романтика, патриотизм, идеялық талап-жігер, жауларға деген таптық өшпенділік рухында баулу ісі талапқа сай емес. Керек десе формалы киімді кимей, значоктар мен галстуктарды таппай жүру сияқты қылықтар да екінің бірінде ескерусіз қалып отырады. Мұның өзі тәрбие ісіндегі кемістіктің бір көрінісі екенін ешкім де бекер дей алмайды.

Қластан тысқары жүргізілетін шаралар мен қорғаныс жұмысының жайы да көп жерлерде мәз емес. Қостанайда, Екібастұзда, Көкшетауда және басқа қалаларда жақсы жолға қойылған қоғамдық жұмыс тәжірибесін насихаттап, таратуға селқос қарайтын, тіпті екібастұздықтардың игі бастамасын ескірген әдіс деп түсінетін адамдар да жоқ емес.

Қазіргі өскелен талапқа сай әрбір мектепте тәлім-тәрбие жұмысын қайта қарап, бұл істі мықтап қолға алатын мезгіл жетті. Балалар тәрбиесі жас ұландардың білім мен еңбекке деген ынтасын өршіту, эстетикалық талғамы мен дарынын жетілдіру бағытында, шыншыл және адал болу, үлкенді сыйлау рухында жүргізілуге тиіс. Әсіресе мұғалімнің абырой-беделін көтеру жөнінде мықты қамқорлық жасау керек.

Тәрбие жұмысындағы өзекті мәселелердің бірі — жастардың бос уақытын тиімді пайдалану жайы. Әдетте жұмыстан не оқудан қолы босаған соң жас өспірімнің көңіл көтеретін ермек іздейтіні мәлім. Оның бер жағында жастардың бәрі бірдей бос уақытын орнымен жұмсай білмейді, кейбіреулері бейтаныс ортаға тап болады да, нашар адамдардың ықпалына түсіп, бұзыла бастайды. Бұған кім кінәлі? Әрине, алдымен коллектив пен комсомол ұйымы кінәлі. Өйткені мұны болдырмау қолдан келетін нәрсе ғой.

Жастар ойын-сауыққа, ән-биге, спорт ойындарына құмар. Олардың талғамы мен тілегін орындау үшін, бос уақытын көңілді де тиімді өткізу үшін амалын таба білгенге мүмкіндік қанша десенізші! Тек бұған тапқырлық, тындырымдылық, ұйымдастырушылық қабілеті керек. Жастар кеші, поэзия кеші, бұқаралық спорт жарыстары, стадион салу, би алаңын жасау, парк орнату, жазғы туристік лагерь құру, техника саласында түрлі мамандыққа үйрететін үйірмелер ашу сияқты істерде бастамшы табылса, оның қостаушысы да көп болмақ.

Клуб пен театр, стадион мен туристік база жұмыс пен сабақтан кейінгі сағаттарда және жексенбі күндері жас ұрпаққа тәрбие беретін нағыз комсомолдық штабқа айналуға тиіс. Бірақ амал не, қалалар мен селоларда, кәсіпорындар мен шаруашылықтарда мәдениет ошақтары мен спорт алаңдары осы мақсат үшін жөнді пайдаланылмай келеді.

Жастар тәрбиесіне творчестволық интеллигенцияның да қосар үлесі көп. Жастарымыз жазушылардан, суретшілерден, композиторлардан, театр мен кино қайраткерлерінен заманымыздың ұлылығын бейнелейтін, халқымыздың керемет ерлік істерін мадақтайтын, үлгі-өнеге етуге лайықты образдар жасайтын шығармалар күтуде. Бұл шығармалар жас ұрпақты патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында, ерлік дәстүрлер негізінде, таптық сана-сезімі күшті, азаматтық борышын адал атқаратын ардагерлер етіп тәрбиелеуге көмектесетін болуы керек.

Ленин комсомолы, партияның айбынды көмекшісі әрі саяси ұйым ретінде, экономика мен мәдениеттің қай саласында болса да жұмыста идеологиялық серпін туғызуға, өзінің барлық іс-әрекетін жас түлектің мінез-сыйпатын шыңдау, идеялық сенімін қалыптастыру, талантын өршіту бағытында жүргізуі керек. Комсомол ұйымдарына қойылып отырған қазіргі талап осындай.

Республика комсомол ұйымдарының бұрынғы практикасында кілең шаруашылық жұмыспен айналысушылық басым болды. Қиырдағы қиын істерге жас жігіттер мен қыздарды аттандыру сияқты игілікті жұмыстың өзін кейбір комсомол комитеттері даурықпалы науқанға, «кезектегі» шараға айналдырып жіберді де, осының желігімен жүріп тәрбие жұмысын ұмыт қалдырды. Биыл Қазақстан комсомолының жұмысы жайында арнайы мәселе қараған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мұны ерекше атап көрсетті.

Комсомол жұмысын қайта құру, жастар тәрбиесіне баса көңіл аудару қажеттігін теріс түсініп, «таза тәрбиемен» ғана, «мәдени» жұмыстармен ғана айналысу керек деп, екінші бір ұшқарылыққа ұрынған ұйымдар да бар. Әрине, мұның өзі мағынасыздықтан басқа түк те емес.

Ұлы Лениннің үйреткеніндей, комсомол оқу-тәрбие жұмысын өндіріс саласындағы жасампаздық еңбекпен ұштастыра жүргізуге тиіс. Түптеп келгенде өндірістегі берекесіздік пен тәртіпсіздікті, брак, қарбалас жұмыс, үзіліс-кідіріс сияқты қырсықтарды жою үшін, коллективке берілген тапсырма мен қабылданған міндеттемені дер кезінде орындау үшін күресудің өзі жастарды еңбекке жанаша, саналылықпен қарауды үйреткендік болады.

Жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру жөніндегі өскелең талапқа сай комсомолдың жұмысында соны серпін, жана леп сезіле бастап отыр. Көптеген комсомол комитеттері ескі сарын мен жарамсыз тәсілдерден тез айығудың, жастар арасындағы оқу-тәрбие жұмысын кең арнаға салудың жолын іздестіруде. Осынау ізгі талап-ниеттің тез жүзеге асырылуы партия ұйымдарының комсомолға жасайтын нақты басшылығына, елеулі қолғабыс-көмегіне байланысты. Бұл көмектің ең негізгісі — комсомол комитеттерін үлкен істің үдесінен шыға алатын, асқақ талап дәрежесіне көтеріле алатын, жастарға шынайы жетекші бола алатын кадрлармен нығайтуда. Бұл кадрларды іріктеп алғанда ең алдымен олардың идеялық жағынан қаншалық шыныққанын, саяси әзірлігі мен іскерлігін ескеру шарт.

Жастар тәрбиесі — бүкілхалықтық іс. Жас ұрпақтан жалынды күрескерлер баулып өсіруге барлық ұйымдар, барша совет жұртшылығы белсене ат салысуға тиіс.

Лениннің ұлы идеялық мұрасы

В. И. ЛЕНИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫН БАСТЫРУДЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ

КПСС Орталық Комитетінің қаулысы бойынша В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағын бастыру жұмысы аяқталып, осы толық жинақтың соңғы екі томы жарыққа шықты. Ленин еңбектерінің 55 томы — кеменгерлік ғылыми идеялардың, алдыңғы қатарлы революциялық тәжірибенің аса бай қазынасы, адамзат тарихында теңдесі жоқ шын мәніндегі орасан зор қызметтің нәтижесі. В. И. Ленин отыз жыл уақыттың ішінде, 1893 жылғы алғашқы еңбектерінен бастап 1923 жылғы ең соңғы еңбектеріне дейін, жүздеген кітаптар мен кітапшалар, мындаған мақалалар мен хаттар жазды, съездерде, конференцияларда, кеңестерде орасан көп баяндама жасап, сөз сөйледі. Осының бәрі алдын-ала аса тыңғылықты және қажырлы жұмыс істеуді талап етіп, бұл жұмыстың қорытындылары Лениннің кеменгерлік ойын бұқараға жеткізетін лениндік дана сөздерге айналды.

В. И. Лениннің идеялары — қалың халық бұқарасының, бүкіл прогресшіл адамзаттың аса зор игілігі. Елімізде осы идеялар негізінде қуатты лениндік партия құрылды, бұл партияның басшылығымен жұмысшы табы бастаған еңбекшілер Ұлы Октябрь социалистік революциясын жасап, социализм орнатты, сөйтіп қазір коммунизмге жету жолымен ойдағыдай алға басып келеді.

В. И. Лениннің мәңгі жасайтын идеялары социалистік достық одақтағы елдердің миллиондаған еңбекшілері үшін айбынды ту және нақты іске басшылық болып отыр. Лениндік идеялар өздерінің әлеуметтік және ұлттық азаттығы үшін, империализм мен отаршылдыққа қарсы, бейбітшілік, демократия және социализм үшін күресіп жатқан халықтарды жігерлендіруде. Қоғамдық даму заңдылықтарын жан-жақты көрсетіп отырған ұлы интернационалдық лениндік ілім бейбітшілік пен прогресс күштерінің реакция мен соғыс күштерін жеңіп шығатындығына, социализм мен коммунизмнің бүкіл дүние жүзілік көлемде сөзсіз салтанат құратындығына еңбекшілердің сенімін күшейтуде.

В. И. Лениннің еңбектерінде тарихи жаңа жағдайларда — империализм және капитализмнен коммунизмге революциялық жолмен өту дәуірінде — марксизмнің дүниені қайта жаңартушы ұлы ілімі оған әрі творчестволықпен дамытылды. В. И. Ленин марксизмнің құрамдас барлық үш бөлегін: философияны, саяси экономияны, ғылыми коммунизм теориясын жаңа қорытындылармен және қағидалармен байытты. Лениндік еңбектер Лениннің марксизмнің кіршіксіз тазалығы үшін жүргізген бітіспес күресін, әйгілі оппортунизм мен «солшыл» оппортунизмге қарсы, догматизмге, сектанттыққа және маркстік дүние танымды басқа да бұрмалаушылықтарға қарсы жүргізген күресін бейнелейді.

В. И. Ленин жаңа тұрпаттағы пролетарлық партия туралы, бұл партияның тарихи ролі, партия күшінің қайнар бұлақтары туралы ілімді, партияның ұйымдық және идеологиялық принциптерін, партия тұрмысының нормаларын және партиялық басшылықтың принциптерін белгілеп берді, сөйтіп осының бәрі де барлық маркстік-лениндік партиялардың негізгі тірегі болып отыр.

В. И. Ленин өз еңбектерінде капитализмнің соңғы сатысы болып табылатын империализмге ғылыми тұрғыдан терең талдау жасады, империализмнің бітіспейтін қайшылықтарын әйгілеп, империализмнің қойнауында социалистік қоғамға революциялық жолмен өту үшін қуатты объективтік және субъективтік алғы шарттар қалыптасатынын көрсетті. Социалистік революцияның лениндік теориясының, социализмнің әуел баста бірнеше елде немесе тіпті жеке алынған бір елде жеңіп шығуы мүмкін екені туралы теорияның асқан зор маңызы бар. В. И. Ленин пролетариат диктатурасы туралы, әр түрлі елдердің тарихи жағдайларына байланысты пролетарлық диктатураның саяси формалары әр түрлі болатыны туралы маркстік ілімді дамытты. В. И. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» дейтін классикалық еңбегінде пролетариат диктатурасының мәнін былай деп жан-жақты, жете анықтап берді. «Пролетариат диктатурасы — ескі қоғамның күштері мен дәстүрлеріне қарсы жүргізілетін қажырлы күрес, қанды және қансыз күрес, зорлықты және бейбіт күрес, соғыстық және шаруашылық күрес, педагогикалық және әкімшілік күрес» (Шығармалар, 31 том, 29-бет).

В. И. Лениннің еңбектерінде СССР-де социализм орнатудың совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырған ұлы жоспары жасалып, коммунистік қоғам орнату жолдары туралы негізгі нұсқаулар берілді.

В. И. Ленин ұлт мәселесін талдап шешуге орасан зор үлес қосты. Ол өз еңбектерінде ұлттардың өзін-өзі билеу правосын дәлелдеп, қорғап келді, буржуазиялық ұлтшылдықтың барлық көріністеріне қарсы, әр түрлі ұлттар пролетарларының қимыл бірлігі жолында, халықтардың тең правосылығы, топтасқан бірлігі мен достығы жолында ымырасыз күрес жүргізді.

В. И. Лениннің Шығармаларында дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың стратегиясы мен тактикасы туралы аса маңызды нұсқаулар бар. В. И. Ленин тактиканы икемділікпен қолдануды, тап күресінің барлық формаларын меңгере білуді, бұқарамен байланысты дамытып, нығайтып отыруды коммунистерге үйретті. В. И. Ленин коммунистердің күші олардың ынтымағында, бірлігінде, пролетарлық интернационализм принциптерін дәйектілікпен жүзеге асыруында деп білді.

Бүгін таңда миллиондаған адамдар Ленинше өмір сүріп, Ленинмен ақылдасуда, қазіргі заманның ең көкейтесті мәселелеріне жауап тауып, ешбір сарқылмайтын қайнар бұлақтан — В. И. Лениннің еңбектерінен нәр алуда. Сондықтан да Лениннің әрбір сөзі — аса зор асыл қазына, бұл қазынаны қалың халық бұқарасының игілігіне айналдыру қажет. В. И. Лениннің Шығармаларын жаңадан, бұдан бұрынғы барлық басылуларынан гөрі көбірек көлемде қайта басып шығарудың қазіргі уақытта аяқталуы осы міндетті орындайды.

Шығармалардың толық жинағында В. И. Лениннің өзі жариялаған немесе баспаға арнаған барлық Шығармалары жиналды. Мұнымен бірге толық жинаққа көптеген басқа да документтер — қаулылардың жобалары, хаттар, запискалар, телеграммалар, сондай-ақ В. И. Лениннің ғылыми еңбекті жазу әдістерін және ғажап тыңғылықтылығын көрсететін еңбектер мен сөздерге әзірлеген материалдары енгізіліп отыр.

В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағына 9000-ға жуық шығарма мен документ кірді, мұның тең жартысынан астамы Шығармалардың бұдан бұрынғы басылуларына кірмей, көбінесе Лениндік жинақтарда жарияланып келді, ал 1000-нан астам документ тұңғыш рет жарияланды. Кезінде шетел тілдерінде ғана басылған көптеген шығармалар қазір В. И. Ленин Шығармаларының 5-ші басылуында тұңғыш рет орыс тілінде жарияланып отыр; бұрын ішінара басылған

100-ден астам еңбек Шығармалардың осы 5-ші басылуында толық жарияланды.

В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағында тұңғыш рет жарияланған документтер арасында ең алдымен «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» дейтін еңбектің бастапқы түрінің бірнеше тарауы (IV тараудың бір бөлегі, V—IX тараулар және X тараудың бастапқы бөлегі) назар аударарлық. В. И. Ленин бұл еңбегінде Ұлы Октябрь социалистік революциясының дамуына талдау жасап, оның заңдылық сипатын, капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі экономикалық міндеттердің және халық шаруашылығына басшылықтың шешуші маңызын көрсеткен. Сол сияқты Лениннің жаңа экономикалық саясатты белгілеп беруін сипаттайтын бірсыпыра материалдар да тұңғыш рет жарияланып отыр.

Лениндік жаңа документтердің көп бөлегі Коммунистік партия мен Совет үкіметінің сыртқы саясаты мәселелеріне, Коминтерннің құрылуына және жұмысына, біртұтас майданның тактикасына, жұмысшы табының қимыл бірлігін орнату ісіне, оңшыл және солшыл оппортунизм мен сектанттыққа қарсы күрес мәселесіне, партия тұрмысының нормаларын белгілеу, партияның революциялық күрестегі және социалистік құрылыстағы басшы ролін арттыру мәселелеріне арналған.

В. И. Лениннің Шығармалары толық жинағының жарыққа шығуы — партиямыз бен халқымыздың, дүние жүзіндегі барлық коммунистер мен прогресшіл адамдардың өміріндегі зор оқиға. Бұл — осы заманғы революциялық күресте, социалистік және коммунистік құрылыста таптырмас қару болып отырған лениндік идеялық мұраны қастерлеп, кеңінен насихаттауға Совет Одағы Коммунистік партиясының жасап отырған қамқорлығының жаңа, жарқын белгісі.

Жақындап келе жатқан даңқты мерекелерге — Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығына және Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі және ұстазы Владимир Ильич Лениннің туғанына 100 жыл толуына байланысты В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағын бастырудың бүгін таңда ерекше зор маңызы болып отыр.

В. И. Лениннің идеялары бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің сан миллиондаған бұқарасын барған сайын кеңінен және терең баурап алуға. Бұл идеялар еңбекшілерді алға баса беруге шақырып, олардың күрес жүргізуіне және жеңіске жетуіне көмектесуде!

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты.

ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕСЕБІ МЕН САЙЛАУЫ

В. СЕВРЮКОВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
ұйымдастыру-партия жұмысы бөлімінің меңгерушісі

Бұл күндері республиканың барлық жерінде партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстары өтіп жатыр. Октябрь мен ноябрьде аудандық, қалалық, ал осы жылғы ноябрь, декабрь мен 1966 жылдың январында облыстық, өлкелік партия конференциялары өтеді.

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстары мен партия конференциялары партиямыздың өміріндегі елеулі оқиға болып табылады. Партия органдарының төменнен жоғарыға дейін сайлануы, олардың өз ұйымдары алдында есеп беруі демократиялық централизм принципінен туған, партиямыздың табиғатына тән игі қасиеті. Коммунистер өз жиналыстарында партия ұйымдарының, сайланып қойылған органдардың жұмысын қорытады, есебін тыңдау, кемшіліктерді сынау, басшы органдарға сайлау арқылы жетекші кадрлардың іскерлік қасиетін қадағалап, байқап отырады.

Биылғы есеп беру-сайлау жиналыстары КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь, март Пленумдарының шешімдерінен туған аса қолайлы жағдайда өтуде. Бұл Пленумдар партияның, оның жергілікті ұйымдарының ролі мен маңызын бұрынғыдан да жоғары көтерді, басшылықтың нағыз лениндік, ғылыми стилін қалпына келтірді, субъективизм, әкімшілдік, даурықпалық пен даңғойлық көріністерін батыл айыптады. Міне, осындай қолайлы жағдайда есеп беру және сайлау жиналыстары партиялық жұмыстың дәрежесін онан сайын арттырып, барлық коммунистерді шаруашылық пен мәдениет құрылысында жаңа табыстарға жету күресіне жұмылдыруға тиіс.

Партия ұйымдарының көпшілігінде есеп беру-сайлау жиналыстары коммунистердің белсенді қатысуымен, іскерлік сын және өзара сын жағдайында, идеялық жоғары дәрежеде өтіп жатыр. Алматы қаласында есеп беру-сайлау жиналыстарына қатысқан әрбір төрт коммунистің біреуі жарыссөзге шығып сөйледі. Жарыссөзде коммунистердің бәрі өздеріне де, партия ұйымы, шаруашылық басшыларына да қатаң талап қоюда, жұмыстағы кемшіліктер мен олқылықтарды батыл ашып, алда тұрған нақты міндеттерді орындауға басты назар аударуда.

Партиялық жұмыс — адамдармен күнбе-күн жүргізілетін творчестволық жұмыс. Партия жетекшісі — кеңесшіл қызметкер емес, бұқарамен біте қайнасқан нағыз ұйымдастырушы. Басшы қызметтегі коммунистің бүкіл өмірі, қызметі, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы қарапайымдылық пен кішіпейілділіктің, адамға деген шынайы қамқорлықтың, партияның нұсқауларын, мемлекеттің заңы мен тәртібін мейлінше қадірлеп, құрметтеудің өнегесі болуға тиіс. Коммунистер нақ осындай басшыларға сенім артып, атқарушы органдарға соларды бірауыздан сайлайды. Ал мұның керісінше, кімде-кім бұқарадан қол үзіп, партия тұрмысының лениндік нормаларын бұзса, адамдарға жақсы қарамаса, әкімгершілікке салынса, ондай қызметкер коммунистердің сенімінен айырылады. Мысалы, Алматы облыстық су шаруашылық құрылысы тресінің құрылыс-монтаж басқармасы, тұрмыстық бұйымдарды жөндеу фабрикасы, «Госдезостанция» партия ұйымдарының секретарьлары Юрьев, Мухамедиев, Старостенко жолдастар коммунистердің сенімін

актамады, адамдар арасында ұйымдастыру-тәрбие жұмысын жүргізу орнына әкімшілікке салынды, өздерін бастауыш ұйымнан жоғары қоюға тырысты. Сондықтан да есеп беру-сайлау жиналысы кезінде коммунистер бұл жолдастарды партия комитетінің жаңа құрамына сайламай тастады.

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарының коммунистерді тәрбиелеу, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру жөніндегі маңызы орасан зор. Алайда қайсыбір жерлерде партия жиналысын идеялық-саяси жоғары дәрежеде, жолдастық еркін пікір алысу жағдайында өткізуге жеткілікті қамқорлық жасалмай жүр. Кейбір партия ұйымдарында жиналыс мұқият әзірліксіз, асығыс, үстірт өткізіледі, партия мүшелері мен кандидаттарының белсенді қатысуы қамтамасыз етілмейді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Таранкөл» совхозының № 10 комплексті бригадасында партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы өтуге тиіс еді. Бірақ ол жөнінде коммунистерге алдын ала хабарланбаған. Жиналыс белгіленген уақыттан екі сағат кешігіп басталды. Ұйым секретары Шәкенов жолдас баяндама жасауға түк әзірліксіз келді. Мұндай жағдайда жиналысты кейінге қалдырған дұрыс еді. Бірақ Шәкеновтың орнына совхоз парткомының секретары Поздняк жолдас баяндама жасап, атүсті өткізе салды. Соның салдарынан жиналыста бригада партия ұйымының қызметіне қатысты көкейтесті мәселелер қызу талқыланған жоқ, коммунистердің пікір таластары, іскерлік ұсыныстары болған жоқ.

Жиналысқа барлық коммунистердің белсене қатысуы үшін қажетті жағдайдың бәрін жасау — парткомның, партия бюросының, ұйым секретарының міндеті. Алайда көп жерлерде бұл талап орындалмай жүр. Целиноград облысының «Веселовский» совхозында болған партия жиналысына 24 коммунист, Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы институтының осы облыстағы тәжірибе шаруашылығының партия жиналысына 23 коммунист қатыспады. Мұндай фактілер басқа жерлерде де жиі ұшырайды.

Партия коллективінің жан-жақты қызметін терең талқылап, келешектегі жұмысқа дұрыс бағыт белгілеу үшін жиналыстан қолайлы орынды табу қиын. Бұл жөнінде есепті баяндаманың атқарар ролі күшті-ақ. Жиналыстың, жарыссөздің мазмұны мен өткірлігі есепті баяндаманың дәрежесіне тікелей байланысты. Бірақ не пайда. Солтүстік Қазақстан облысының «Николаевский», «Булаевский» совхоздарындағы бөлімшелердің партия жиналыстарында есепті баяндамалар әлсіз болды. Оларда коллективтің, бастауыш ұйымның қызметіне терең талдау жасалмады, нақты шаруашылық және саяси міндеттер жан-жақты сөз болмады. Баяндаманы әзірлеуге партбюро мүшелері де, қатардағы коммунистер де қатыстырылған жоқ. Осыдан барып, баяндама өте солғын, әсерсіз болды да, оны талқылауға коммунистер селқос қарады.

Есепті баяндама — аса маңызды партиялық документ. Сондықтан оны цифрлар мен фактілердің құрғақ жиынтығына айналдырмай, партия ұйымының жұмысын жинақтап қорытуға, кемшіліктерді ашып, оларды жоюдың нақты амалдарын белгілеуге, коммунистердің алдында тұрған түбірлі міндеттерді мезгеуге басты назар аудару қажет. Істелген жұмыстың мазмұнын ашып, дұрыс баға беретін, алдағы уақытта жұмыста творчестволық шабыт туғызатын осындай баяндамалар ғана коммунистер жүрегіне қозғау салып, оларды өз ісіне сын көзімен қарауға, ұйым жұмысын жақсарту үшін білек сыбана кірісуге ықпал жасайды.

Партия активінің кеңінен қатысуымен коллектив болып дайындаған, парткомның, партбюроның мәжілістерінде алдын ала мұқият қаралып, әбден сараптан өткен баяндамалар ғана жоғары талапқа сай болатынын тәжірибе көрсетіп жүр.

Бастауыш партия ұйымдарының есепті баяндамаларды әзірлеуіне аудандық, қалалық партия комитеттері қамқорлықпен көмектесуге бұрышты. Бірақ бұл көмек формальды болмауға тиіс. Жасыратыны жоқ, кейбір жағдайда бастауыш ұйым секретарьларының сүреңсіз, тартымсыз баяндама жасауына аудандық комитеттердің өздері түрткі болады. Мысалы, Қостанай аудандық партия комитеті есеп беру-сайлау жиналыстарының алдында бастауыш партия ұйымдарына «Есепті баяндаманың үлгі жоспарын» жіберген. Бұл жоспарда баяндаманың ұзақтығы 45 — 60 минут болуға тиіс, ол кіріспеден, сегіз бөлімнен, 39 бөлімшеден құралуы керек деп нұсқау берілген. Ешқандай нақты пайда келтірмейтін, жергілікті партия кадрларын жаттампаздыққа ұрындыратын мұндай ақыл-кеңестің кімге қажеті бар?

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстарында өндіріс экономикасының, партиялық-ұйымдастыру және партиялық-саяси жұмыстың жайына терең талдау жасалуға тиіс. Коммунистерге идеялық тәрбие беру, олардың Устав талаптарын қалай орындап жүргені, партия мен үкіметтің шешімдерін қалай жүзеге асырып жүргені жайлы мәселелер жан-жақты сөз болуы керек.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін орындау, ауыл шаруашылық жылын ойдағыдай аяқтау жолындағы күресте коммунистердің белсенділігін арттыру, бұл жөнінде колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдарына пәрменді көмек көрсету — міне, есеп беру-сайлау жиналыстары осы мақсатқа бағытталуы керек. Биыл егін жинау науқаны өте қиын жағдайда өтіп жатыр. Мұның өзі коммунистерден күш-жігерді еселеп жұмсауды, ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай аяқтау үшін ұйымдастыру жұмысын шұғыл жақсартуды талап етеді.

Коммунистер әрқашан шаруашылық пен мәдениет құрылысы майданының ең алдыңғы шебінде жүреді, еңбекте үздік көрсеткіштерімен өнеге болады, қоғамдық өмірге белсене қатысады, өздерінің барлық білімі мен қабілетін халық игілігіне, коммунизм ісіне қалтқысыз жұмсайды. Партия өз жауынгерлерінің мұндай жоғары қасиеттерін орындамақтаныш етеді. Дегенмен, есеп беру-сайлау жиналыстарында сөз болғанындай, бізде тапсырылған іске жауапсыз қарайтын, еңбекте өнеге көрсете алмайтын, саяси тәрбие жұмысына ат салыспайтын коммунистер де жоқ емес. Мұндай фактілер Шығыс Қазақстан облысының Бөлшеңарым ауданында жиірек кездесіп жүр. Бұл ауданда коммунистердің өндірістегі, қоғамдық өмірдегі ролін арттыру мәселесі назардан тыс қалған. Көптеген партия мүшелері мен кандидаттары өндірістің жауапты буындарынан сыртқарырақ жүруге тырысады. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті аудандық комитеттің есебін тындай келіп, коммунистердің өндірістегі жетекшілік ролін, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру қажеттігіне партия ұйымдарының назары аударды.

Есеп беру-сайлау жиналыстарының ықпалды ерекшеліктерінің бірі — коммунистердің бір-біріне жоғары талап қоюы, партия мүшесінің бүкіл елдегі, партиядағы, өз коллективіндегі істің жайына жауапкершілік сезімін арттыруға қамқорлық жасау. Қандай істе болсын, принципті жоғары талап — коммунисті дұрыс тәрбиелеудің бірден-бір шарты. Бұл шарт есеп беру-сайлау жиналыстарын өткізу кезінде мұқият есте болғаны жөн.

Партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жиналыстары мен партия конференциялары «Харьков облыстық партия ұйымының партияға адам қабылдау және жас коммунистерді тәрбиелеу жұмысындағы елеулі кемшіліктері туралы» КПСС Орталық Комитетінің аса маңызды қаулысына айрықша назар аударулары керек. КПСС Орталық Комитеті көптеген партия ұйымдарының өз қатарын сан жағынан нығайтумен әуестеніп, са-

палық құрамын жақсартуға нұқсан келтіретінін өте зиянды практика деп қатты айыптады. Мұндай қателіктер біздің республиканың да кейбір партия ұйымдарында кездесіп жүр. Жекелеген бастауыш партия ұйымдары, аудандық, қалалық партия комитеттері кейде саяси, моральдық, іскерлік сапасы әбден тексерілмеген, кездейсоқ адамдарды КПСС қатарына қабылдап қояды. Мұндай кемшілікке ешбір жол беруге болмайды. Партияға адам алуда лениндік талапты бұлжытпай сақтау қажет. Партия үшін әйтеуір жаңа мүшелер қабылдай беру емес, өз қатарын коммунизм ісіне шын берілген жауынгерлермен толықтыру мақсат екенін ұдайы есте ұстау керек.

Партиялық ішкі демократияны қатаң сақтау — есеп беру-сайлау жиналыстарын дұрыс өткізудің аса маңызды шарты. Жиналысқа әзірлік те, жиналыстың өзі де коммунистердің белсенділігін күшейтуге, олардың өз праволарын емін-еркін пайдалануына көмектесетін болуға тиіс.

Партия ұйымының өмірінде оның жетекшісі — партком, партбюро секретары, бастауыш ұйым секретары үлкен роль атқарады. Ұйым жұмысының дәрежесі көп жағынан секретарьдың іскерлігі мен белсенділігіне, ұйымдастыру шеберлігіне, өз маңына адамдарды топтастыра білуіне байланысты. Демек, барлық жерде, өте-мөте колхоздар мен совхоздарда бастауыш партия ұйымы секретарьларының құрамын мықтап жақсартуға, бұл жауапты жұмысқа барлық жағынан даярлығы жеткілікті, идеялық-саяси дәрежесі жоғары, принципшіл коммунистерді ұсынуға қамқорлық жасау керек.

Есеп беру-сайлау жиналыстарының тәжірибесі кей жерлерде коммунистердің сын-ескертпелері мен ұсыныстары жиналыс қаулысында лайықты орнын таппай қалатынын көрсетіп жүр. Мысалы, Қостанай облысының «Қазақстанец» совхозы партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысында коммунистер егіншілікті, мал шаруашылығын өркендету, партиялық жұмысты жақсарту мәселелеріне қатысты көптеген бағалы ұсыныстар айтқан еді. Бірақ жиналыс қаулысының жобасына партия бюросының жұмысын бағалау жөніндегі ұсыныс қосымша енгізілді де, оның «назар аудару керек», «күшейту керек», «дәрежесін көтеру керек» деген сияқты жалпылама шақырулардан құралған басқа пункттері ешбір өзгеріссіз қабылдана салды.

Коммунистердің сын-ескертпелері мен ұсыныстарына бұлай үстірт қарау олардың белсенділігін төмендетеді, сын мен өзара сынды өрістетеуге кедергі жасайды, іс жүзінде партия коллективінің пікірі мен бай тәжірибесін менсінбеушілікке соқтырады.

Бастауыш партия ұйымдарының кезекті есеп беру-сайлау жиналыстарымен бір мезгілде партиялық-мемлекеттік бақылау комитетіне көмектесетін топтар мен постыларға өкілдер ұсыну жүргізіліп отыр. Көмекші топтардың, постылардың жаңа құрамына партия мен үкімет қаулыларының, нұсқауларының қалай орындалып жатқанын қатаң бақылап отыра алатын, неғұрлым белсенді, беделді жолдастардың ұсынылуына қамқорлық жасаған жөн.

Бастауыш ұйымдардағы есеп беру-сайлау жиналыстары аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің тарапынан мұқият көңіл бөлінуін қажет етеді. Басшы партия органдары есеп беру-сайлау жиналысын әзірлеу, өткізу, олардың жұмыс тәжірибесін уақтылы қорытып, кемшіліктерден сақтандыру мәселелері жөнінде бастауыш ұйымдарға күнбе-күн көмектесіп отыруға тиіс.

Есеп беру-сайлау жиналыстарынан соң іле-шала партия конференциялары басталады. Ол конференцияларда аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің есептерін тыңдап, талқылауды творчестволықпен ұйымдастыру керек. Партия комитеттерінің есептері негізінен өзара сынға, партия басшылығының ұйымдастыру

жұмысының практикасын байыпты қорытуға негізделетін болсын. Бұл жөнінде лениндік нұсқауды бұлжытпай басшылыққа алу керек. Владимир Ильич Ленин партияның IX съезіне әзірленумен байланысты партия ұйымдарына жолдаған хатында барлық күшті салып, дәл практикалық тәжірибені, әрқайсысымыздың істегенімізді ұқыптылықпен ақылға салып, іскерлікпен жинақтап, мұқият, қайта қарастыра білуге, зияндыны алып тастап, бағалының бәрін біріктіру үшін, жуықтағы бірқатар практикалық шараларды дәл белгілеп алып, оларды қалай болған күнде де бөгелмей жүзеге асыру үшін практикалық тәжірибені ескеруге шақырған болатын.

Партия комитеттерінің есепті баяндамаларында аудандағы, қаладағы, облыстағы істің нақты жағдайына терең талдау жасалып, КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь, март Пленумдарының шешімдері қалай орындалып жатқаны жан-жақты көрсетілуге, кемшіліктер және ол кемшіліктерді туғызатын себептер ашық сыналуга, партия ұйымының кезекте тұрған міндеттері анық белгіленуге тиіс. Баяндама — шаруашылық және мәдениет құрылысының, сондай-ақ ұйымдастыру-саяси жұмысының барлық саласындағы практикалық жұмыс тәжірибесінің жинақталған қорытындысы. Партия комитеттерінің есебі осы талапқа сай әзірленуі керек.

Қалалық партия конференцияларында өнеркәсіпке партия басшылығын жақсарту, кәсіпорындар коллективтерінің творчестволық белсенділігін онан сайын арттыру мәселелеріне көбірек назар аударған жөн. Өнеркәсіптің барлық салаларының, әсіресе коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда ерекше маңызды салаларының жұмысын байыпты түрде талдап, өндірісті ұлғайту, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кемітіп, сапасын жақсарту ісінде пайдаланылмай жатқан резервтерді батылырақ ашу керек. Кәсіпорындардың артта қалушылығымен күресті күшейту, сөйтіп барлық заводтар мен фабрикалардың өндірістік жоспарларды сөзсіз орындауын, экономиканың жоспарлы түрде ұдайы өрге басуын қамтамасыз ету мәселелерін қаттырақ қойған жөн. Техникалық прогресс, өндірісті автоматтандыру және комплексті механикаландыру, күрделі құрылысты өрістету мәселелері де партия конференцияларының назарын сөзсіз аударады.

Село-аудандық партия конференциялары КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін орындауға бағытталған ұйымдастыру жұмыстарын өрістетуге ерекше көңіл бөлуге міндетті. Барлық колхоздар мен совхоздарда ауыл шаруашылығын өркендетудің қазіргі жайы мен келешегіне терең талдау жасап, әлі шешілмей жатқан мәселелерге, егіншілік пен мал шаруашылығын өркендету мүмкіндіктерін іске қосуға партия ұйымының назарын аудару қажет.

Партия үшін адамға қамқорлық жасаудан асқан қасиетті міндет жоқ. Демек, конференцияларда тұрғын үй құрылысын өрістету, еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту мәселелерін іскерлікпен талқылап, бұл саладағы кемшіліктерді тезірек жоюдың практикалық шараларын белгілеу керек.

Ұйымдық-партиялық жұмыстың жайын қараған кезде конференциялар бастауыш партия ұйымдарының ролі мен жауапкершілігін арттыруға, партия тұрмысының лениндік нормаларын қатаң сақтау, КПСС Уставының талаптарын бұлжытпай орындау мәселелеріне айрықша назар аударатыны күмәнсіз. Сондай-ақ кадрлармен жұмыс істеу, істің нақтылы орындалуын тексеру, партиялық және мемлекеттік тәртіпті мейлінше нығайту, Советтердің, кәсіподақтардың, комсомолдың жұмысын онан сайын жақсарту мәселелері де мықтап сөз болуға тиіс.

Партия ұйымдарының идеологиялық жұмысының жайын жан-жақты талқылау керек. Коммунистер мен партияда жоқ кадрларды идеялық жағынан шыңдау, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселеле-

рі партия конференцияларының назарында болуға тиіс. Міндет — идеялық-тәрбие жұмысының өрісін кеңейтіп, оның ықпалы мен әсерін күшейтуде, оны әрбір адамның жүрегіне жол табатындай етіп ұйымдастыруда.

Конференцияларда өзін өзі мақтау, құрғақ даурықпаға салыну секілді жарамсыз көріністерге ешбір орын болмауға тиіс. Бастан аяқ большевиктік сын мен өзара сын, нағыз іске жаны ашыған жолдастық пікір алысу үстем болуы шарт. Бұл жөнінде басшы партия қызметкерлерінің өздері үлгі көрсетуге міндетті. Аудандық, қалалық немесе облыстық партия комитетінің секретары есепті баяндаманы қалай жасайды, кемшіліктерді қалай ашады, жұмысты ұйымдастыра алмай жүрген самарқау қызметкерлерді қалай сынайды және өз басы төменнен көтерілген сынды қалай қабылдайды — міне, партия конференциясының дәрежесі, оның коммунистерге ықпалы мен көмегі көп жағынан осыған байланысты.

Есепті баяндамаларды іскерлікпен, байсалды, жан-жақты талқылау, тәжірибені қорыту, аудандары, қаладағы, облыстағы істің жайына сын көзімен әділ баға беру бүкіл практикалық жұмысты жақсарту шараларын дұрыс белгілеуге көмектеседі. Партия бұқарасының коллективтік бай тәжірибесі — біздің бүкіл жұмысымызды өрге бастырудың, партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ, комсомол органдарының жұмыс стилі мен әдістерін жетілдірудің қуатты құралы.

Партия конференцияларын әзірлеуге және өткізуге байланысты шаралардың ұйымдық жағын ескермеуге болмайды. Конференцияны шақыру мерзімі, оған өкілдік нормалары жайында партия комитеттерінің пленумдарында алдын ала пікір алысып, ақылдасып, дұрыс шешімге келіп алған жөн. Конференцияға әзірлік, бүкіл конференция жұмысы, партияның басшы органдарын сайлау бастан аяқ партиялық ішкі демократияны мүлтіксіз сақтауға, коммунистердің белсенділігін онан сайын күшейтуге көмектесетіндей, барлық мәселелерді талқылауда партия мүшелерінің өз пікірін еркін білдіретіндей дәрежеде ұйымдастырылуы шарт. Партия комитеттерінің құрамына ең беделді коммунистердің — бұқара арасында жұмыс жүргізу әдістерін жетік меңгерген шебер ұйымдастырушылардың сайлануын қамтамасыз етуге ерекше қамқорлық жасаған мақұл. Өндірісте, қоғамдық өмірде өздерін көрсете білген коммунист әйелдерді басшы қызметке, партия комитеттерінің құрамына батыл жоғарылату керек.

Партия ұйымдарындағы есеп беру-сайлау жиналыстары мен конференциялар неғұрлым нәтижелі өтсе, партия ұйымдарының практикалық қызметі соғұрлым жақсарып, біздің шаруашылық пен мәдениет құрылысындағы табыстарымыз молая түседі.

Коммунистік партия өзінің XXIII съезіне жақындап келеді. Партия органдарының есебі мен сайлауын ұйымшылдықпен өткізу, бүкіл партиялық жұмыстың әдістері мен формаларын жетілдіре түсу — партия ұйымдарының жауынгерлік қабілетін бұрынғыдан да күшейтіп, коммунистер мен барлық еңбекшілерді КПСС XXIII съезін лайықты қарсы алу, коммунистік құрылыста жаңа жеңістерге жету жолындағы күреске жұмылдырады.

Ауыл шаруашылық техникасын жетілдіру және пайдалану жайында

Н. ЗАБЕЖАНСКИЙ,

«Казсельхозтехника» республикалық
бірлестігінің председателі

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының колхоз-совхоз өндірісінің материалдық-техникалық жағынан қаруландыруды барынша күшейтеу, ауылшаруашылық техникасын шығаруды шұғыл арттыру, оның сапасын жақсарту, төзімділігін арттыру жөнінде белгілеген шараларының маңызы ерекше зор. Пленум шешімдерінде ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған шаралар айрықша орын алады. Алдағы бесжылдықта еліміздің ауыл шаруашылығы 1 миллион 790 мың сомның тракторын, 1 миллион 100 мың сомның автомашинасын, 10,7 миллиард сомның түрлі ауыл шаруашылық машинасын алады. Трактор тіркеуштері, тиеу-түсіру механизмдері, мал фермаларына арналған жабдықтар, жер қазатын, сазды құрғататын машиналар, өзге де техника бұрынғыдан едәуір көп жасап шығарылады.

Ауыл шаруашылығын техникалық жағынан қаруландырудың мұндай қарқынын жұртшылық бұрын-соңды білген емес. Бұл негізгі егіс жұмыстарын жүргізу мерзімін барынша қысқартуға мүмкіндік береді.

Еліміздің ауылшаруашылық машиналарын жасау заводтары ауыл шаруашылығына жоғары өнімді тракторлар мен комбайндар, түрлі машина-жабдық беру жөнінде зор жұмыс жүргізіп келеді. Колхоздар мен совхоздар мал, құс шаруашылығына, овош шаруашылығына арналған техниканы, кен алымды жаткаларды, шапшаң жүретін машиналарды бұрынғыдан көп алады.

Дегенмен заводтар жасап шығарған көптеген машиналардың жұмыс өнімділігі төмен, оларды жасауға металл көп жұмсалады. Осыған сәйкес ауылшаруашылық машиналарын сан жағынан арттырумен қатар оларды жетілдіре түсудің, жаңа жоғары өнімді машиналар жасаудың, бұл салада техникалық прогресті оған әрі жүзеге асырудың зор маңызы бар.

Ауыл шаруашылығындағы жұмыстарды түгел комплексті механикаландыру үшін ең алдымен колхоздар мен совхоздарды астық тазалайтын, сабан жинайтын машиналармен, мал фермаларындағы жұмысты механикаландыруға, тыңайтқыштарды енгізуге, жер қазуға, суармалы жерге арналған машиналармен жабдықтау мәселелерін шешу қажет.

Сонымен қатар шапшаң жүретін ауылшаруашылық техникасын көптеп шығарудың да маңызы ерекше. Мұндай машиналарды қолдану еңбек өнімділігін үш-төрт есе арттырады, өнімнің өзіндік құнын едәуір кемітеді.

Іс мүддесі республиканың, облыстардың, жеке аудандардың аймақтық ерекшеліктеріне сай келетін машиналар комплексін жасауды талап етеді. Мысалы, республикада, әсіресе Тын өлкесінің бірсыпыра ауданында топырақтың бұзылуы (эрозиясы) орын алып отыр. Мұның өзі ауыл шаруашылығына елеуді нұқсан келтіруде.

Топырақты өндейтін кәдімгі құралдарды, әсіресе қайырмалы плугті, дискілі лушильник (сыдыра жыртықты) пен тісті тырманы, сеялқаны пайдаланған кезде топырақтың желдің салдарынан тезірек бұзылатыны ғылым мен практика жүзінде дәлелденді. Оған жол бер-

меу үшін топырақты қайырмасыз құралдармен өңдеу әдісіне көшу керек. Жерді қыртысын аудармай жыртықанда аңыз сабағы жер бетінде қалады, топырақ желден сақталып, ылғал жақсы жиналады. Мысал келтірейік. Қостанай облысының Семиозер ауданындағы «Диев» совхозының коллективі қайырмасыз плугпен жыртылған зябьке егілген дәнді дақылдардың әр гектарынан 1962 жылы 7,5, 1964 жылы 11,5 центнер астық алды. Ал «КП-2-250» культиватор-қыршуышпен 25—30 сантиметр тереңдікте өңделген зябь гектар басы тиісінше 10—12,5 центнерден өнім берді.

Бірақ топырақ өңдеудің және тұқым себудің жаңа жүйесіне көшу үшін республиканың аймақтық жер, ауа райы ерекшеліктеріне толық сай келетін машина-жабдық жоқ болып отыр.

Мысалға Павлодар машина жасау заводы шығаратын «КП-2-250» культиватор-қыршуышты алайық. Ол таза парды көктемде, жазда өңдеуге өте қолайлы болғанмен, жерді егіс алдында, кейбір жылдары зябьтің үстіңгі қабатын күзде өңдеуге жарамсыз. Сол сияқты «ЛДС-4» сеялка-луцильник те агротехникалық талаптарға сай емес. Оның жасалу сапасы да нашар деуге болады.

Сонымен топырақтың бұзылуына жол бермеу үшін СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жанындағы Автомобиль-трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау жөніндегі мемлекеттік комитет пен «Союзсельхозтехниканың» бүкілодақтық бірлестігі культиваторлардың, сеялкалардың, басқа да машина-жабдықтың отандық үлгілерін жасап, жетілдіруге бағытталған жұмысты тездетуге тиіс.

Жемшөп дайындауды комплексті механикаландырудың көптеген мәселесі бұрынғысынша түбегейлі шешілмей келеді. Бұл мәселенің маңызы зор екенін мынадан көруге болады. Республиканың колхоздары мен совхоздарында жылма-жыл 23 миллион гектардан астам жердің шөбі шабылады. Осыншама көп жерден шөп дайындау жұмыста комплексті механизация мен үздік технологияны қолдануды керек етеді. Бірақ өнеркәсіп жемшөп дайындауға арналған жұмысы өнімді машиналарды жеткілікті мөлшерде бере алмай келеді. Тіпті басқасын айтпағанның өзінде, өнеркәсіп соңғы жылдары Қазақ машина сынау станциясы 1959—1960 жылдары сынан өткізген пішен жинайтын машинаның төрт комплексіне кіретін бірқатар машинаны жасап шығаруды тоқтатып тастады. Соның салдарынан шөп дайындаудың үздіксіз әдісі қолданылмай отыр. Ал мұның өзі шөп шабу науқанын ұзаққа созып, қол еңбегін көп жұмсауға, пішеннің сапасын төмендетіп, оның өзіндік құнын қымбаттатуға әкеліп соқтыруда.

Қоғамдық мал шаруашылығын өрге бастыру мүддесі республиканың өз ішінде пішен мен сабан дайындауға арналған жұмысы неғұрлым өнімді машиналар комплексін жасап шығаруды талап етіп отыр. Республиканың мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, Қазақ халық шаруашылығы советі ауыл шаруашылығы министрлігімен, «Қазсельхозтехника» бірлестігімен бірге машиналар комплексін және олардың запас бөлшектерін жасау жөнінде ұсыныстар даярлауға тиіс.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кеміту үшін мал фермаларындағы жұмысты механикаландырудың маңызы зор. Бірақ мал шаруашылығын механикаландыруға арналған машина-жабдық жеткіліксіз шығарылып келеді. Өнеркәсіп шығарып жүрген көптеген машиналар бүгінгі талапқа сай емес.

Алайда фермалардың жеткілікті механикаландырылмауы тек машиналардың жетіспеуінен болып отыр деу қате. Мұның негізгі себептерінің бірі — қолда бар машина-жабдықтың нашар пайдаланылуы. Соңғы бес жыл ішінде республикаға мал фермаларын механикаландыру үшін 32 миллион сомның түрлі ауылшаруашылық техникасы әкелінді. Бұлардың бірқатары пайдаланылмай жатыр, бірқатары бөлшек-

теліп тасталған. Бұған колхоз, совхоз, ауылшаруашылық органдарының басшылары мен мамандары, «Сельхозтехника» жүйесінің қызметкерлері кінәлі. Өйткені олар фермалардағы жұмысты механикаландыруға әлі де көңіл бөлмейді, малшыларды машина-жабдықпен жұмыс істеуге жөнді үйретпейді, фермаларда механизмді күтіп-баптауды ойдағыдай ұйымдастыра алмай келеді. Фермалардағы еңбекті механикаландыру жөнінде батыл шаралар қолдану — республиканың ауыл шаруашылығы министрлігі мен «Қазсельхозтехника» бірлестігінің жауапты міндеті. Ол үшін техника әкелу жайымен мұқият танысып, фермаларды механикаландыру мақсатына жылма-жыл қаржы бөліп отыру, республиканың мемлекеттік құрылыс комитетімен, жобалау ұйымдарымен бірге колхоздар мен совхоздарды жобалау-сметалық документпен қамтамасыз ету мәселесін шешу керек. Және де жайлау мен қыстауды сумен қамтамасыз ету, қой қырку және тоғыту жұмыстарын механикаландыру, желдің қуатын құдықтан су тарту, жер суару үшін пайдалану мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, малшылардың мәдени-тұрмыс жағдайына үнемі қамқорлық жасап отыру қажет.

Тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының бөлшектерін, тораптары мен механизмдерін бір жобаға келтіру жайын айтпай кетуге болмайды. Қазір колхоздар мен совхоздардың трактор паркінде тракторлардың 45-тен астам түрі бар. Олардың қозғауыштары, бөлшектері, тораптары мен агрегаттары әртүрлі. Мұның өзі машиналарды пайдалануды қиындатады, запас бөлшектерінің санқилы түрін жасауды керек етеді, техниканың тұрып қалуына, машиналардың жұмыс өнімділігін төмендетуге әкеліп соқтырады.

Колхоздар мен совхоздарға ауыл шаруашылық техникасын көбірек берумен қатар қолдағы техниканы өнімді пайдалануға, ұқыпты сақтауға ерекше қамқорлық жасаған абзал. Мұнсыз жұмысты мезгілінде сапалы өткізуге болмайды.

Көптеген шаруашылықта тракторлардың, өзге де машиналардың күндік жұмыс көрсеткіші, тіпті қауырт науқан кездердің өзінде, белгіленген нормадағыдан едәуір кем болып жүр. 1964 жылы республиканың колхоздарында бір шартты трактордың күндік жұмыс көрсеткіші жыртылған жұмсақ жер есебімен алғанда небары 3 гектар, маусымдық көрсеткіші — 399 гектар, ал комбайндікі тиісінше 10 және 389 гектар болды. Совхоздарда бұл көрсеткіш бұдан да төмен. Мұның басты себептері мынадай: машиналардың техникалық күтімі, ұйымдастыру жұмысы нашар, маман механизаторлар жетіспейді, техника тек бір сменада пайдаланылады, тракторлар дұрыс агрегатталмайды, олардың күші толық пайдаланылмайды, машина-трактор паркін жөндеуде елеуді кемшіліктерге жол беріледі.

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің түрлі аймақтарда, оның ішінде Қазақстанда, қайсыбір шаруашылықтарда жүргізген хронометраждық бақылауы көрсетіп отырғандай, ұйымдастыру жөніндегі кемшіліктің, басқа да олқылықтардың салдарынан техника орынсыз қарап тұрып, жер жырту кезінде жұмыс уақытының 24,1, тұқым себу кезінде — 39,5, дестені жинап, бастыру кезінде — 40, жатқамен егін орған кезде — 38 проценті босқа кеткен.

Техниканың босқа тұруына жол бермеу — машина-трактор агрегаттарының күндік жұмыс көрсеткішін арттырудың негізгі жолы. Бүкіл еліміз көлемінде техниканың бос тұруын күніне тек жарты сағатқа қысқарту қосымша 70 мың трактор алғанмен тең. Сондай-ақ екі сменалық жұмысқа көшу тракторлардың көрсеткіштерін 1,5—1,7 есе арттыруға мүмкіндік береді.

Ал тракторлар мен машиналар дұрыс агрегатталып, олардың күші сарқа пайдаланылса, жұмыс өнімділігі едәуір артады. Әсіресе «Кировец-700» тракторын тиімді пайдалану мәселесіне ерекше назар аударған

жөн. Кең алымды машина-жабдықпен агрегатталған жағдайда бұл трактор арқылы жер жыртуға, культивациялауға, тырмалауға, егін оруға, аңызды сыдыра жыртуға, қар тоқтатуға және басқа жұмыстарды атқаруға болады. Трактор тасымал, кейбір жол-құрылыс, саз құрғату, жер қазу жұмыстарына да жарамды.

«Кировец-700» тракторының ауылшаруашылық жұмыстарының барлық түріндегі өнімділігі «ДТ-54», «Т-75» тракторларына карағанда жоғары, ал жыртылған жұмсақ жердің әрбір гектарының түсер құны 1,5—2 сом арзан. Бұл тракторды көктемгі ауылшаруашылық жұмысына және зябь жыртуға пайдалану өте тиімді. Тың өлкесінің көптеген совхозында осы трактордың тәуліктік көрсеткіші 35—40 гектарға жетті. Целиноград облысы, Атбасар ауданының Карл Маркс атындағы совхозының тракторшылары Шляйхер мен Конев жолдастар 28 жұмыс күні ішінде жұмсақ жерге шаққанда 1 105 гектар, ал күніне — 39,0 гектар жер жыртты. Қостанай облысы, «Жаркөл» совхозының тракторшысы Белик жолдас күндік жұмыс көрсеткішін тырмалау кезінде 160—170, осы совхоздың тракторшысы Янке жолдас тұқым себу кезінде — 130—140 гектарға жеткізді.

Бірақ колхоздар мен совхоздардың кейбір басшылары мен мамандары, ауылшаруашылық мекемелерінің қызметкерлері машиналарды тиімді пайдалану мәселесіне жете көңіл бөлмей жүр.

Қырмандары астықты тазарту жөнінде де осыны айтуға болады. Республиканың колхоздары мен совхоздары бұл жұмысқа жыл сайын 8—10 миллион адам-күн жұмсайтыны белгілі. Астықты өңдеу, тазалау, кептіру, түсіру, тиеу құны өте жоғары болып отыр. Ал қолда бар машиналар дұрыс пайдаланылса, қазірдің өзінде-ақ астықты өңдеуге жұмсалатын шығынды едәуір азайтуға болады. Мысалы, Тың өлкесінің нашар механикаландырылған қырмандарында бір тонна астықты өңдеуге 1 сом 50 — 2 сом 50 тиын жұмсалса, жұмысы үздіксіз істелетін механикаландырылған қырмандарында 15 тиыннан 50 тиынға дейін қаржы жұмсалып отыр. Оның үстіне мұндай қырман мемлекетке қажетті сапалық кондицияға жеткізілген таза және кептірілген астық сатуға, ал астықтың қалдығын шаруашылықта жем үшін қалдыруға мүмкіндік береді.

Жұмысы үздіксіз механикаландырылған қырманның тиімділігі айқын бола тұрса да республиканың көптеген шаруашылығында 1964—1965 жылдары механикаланған қырманға арналған жабдықтар орнатылмай қалды.

Техниканы тиімді пайдаланудың және машиналардың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі — техникалық күтімді дер кезінде және сапалы өткізу. Ол үшін машинаны смена сайын карап, майлап, сүртіп, мезгілінде жөндеп отыру керек. Мұны машинаға бекітілген әрбір адам мен «Қазсельхозтехниканың» аудандық бірлестігінің қызметкерлері істейді. Бұл жұмысқа маман инженер-техник кадрларын қатыстыру, бірлестіктердегі жөндеу жабдықтарын, бақылау құралдарын пайдалану, тораптар мен агрегаттардың ауыспалы қорын жасау техникалық күтімнің сапасын жақсартып, машиналарды пайдалану құнын кемітеді, сонда олар орынсыз тоқтап тұрмайды.

Техникалық күтімді сапалы жүргізуді, соған байланысты машина-трактор агрегаттарының бос тұруына жол бермеуді, бұзылған тораптар мен бөлшектерді дер кезінде жөндеуді қамтамасыз ету мақсатымен «Сельхозтехника» адамдарынан жөндеуші-мастерлер звеносы және техникалық қызмет көрсету станциялары ұйымдастырылуда. Станциялар машиналарды жуу, май құю, майлау, еңбекті көп керек ететін басқа да жұмыстарды механикаландырылған әдіспен орындауға жағдай туғызады. Станциядағы мастер мен слесарь басқаратын «АТУ-А» немесе «АТУ-П» деп аталатын бір агрегат айналасы 20—25 километр жердегі 20—30

тракторды техникалық күтімнен өткізе алады. Сонымен қатар мұнда жай тәсілмен орындалған жұмысқа қарағанда еңбек шығыны 45—50 процент кемиді.

Соңғы кездерде диспетчерлік қызмет көрсету орны құрылды. Мұнда радио арқылы байланыс жасаудың қазіргі заманғы құралдары қолданылды. Мәселен, «Қазсельхозтехниканың» Ақтөбе облысындағы Мартөк аудандық бірлестігі өткен жылы 14 колхоздың машина-трактор паркін комплексті қамтыды. Шаруашылықтардың қашықтығы 4 километрден 100 километрге дейін болды.

Техникалық қызмет көрсетудің бұл жаңа түрі жақсы нәтиже беруде. Көптеген колхозда машиналар жұмысты едәуір жақсы істеді. Тракторлардың жұмыс өнімділігі 40—45 гектарға, комбайндардікі 100 гектардан астам артты. Күрделі жөндеу едәуір азайып, егіс жұмыстарының өзіндік құны кеміді. Станция қамтыған колхоздар техниканы дұрыс пайдалану, жөндеуге және техникалық күтімге жұмсалатын шығынды азайту есебінен өткен жылы 15 мың сомнан аса қаржы үнемдеді.

Биылғы жылы «Қазсельхозтехниканың» аудандық бірлестіктері республиканың 56 колхозы мен совхозын техникалық жағынан комплексті қамтып отыр. Облыстарда техникалық қызмет көрсететін үлгілі станциялар құрылуда, «Сельхозтехника» жүйесінде жинақталған озат әдістер өндіріске енгізілуде.

Ауыл шаруашылығының жөндеу базасын нығайту жөнінде КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы белгілеген шаралар машина-трактор паркінің өнімділігін арттыра түсуге негіз қалап берді. Сол шаралардың пайдасы зор екенін мынадан ақ көруге болады. Өткен жылы «Қазсельхозтехниканың» республикалық бірлестігі жүйесінде жөндеу жұмыстарының арнаулы түрлеріне мамандандырылған 20 мастерской құрылған-ды. Бұларда жөндеудің озат технологиясы, қазіргі заманғы жабдықтар қолданылды. Мастерскойлар ірі-ірі жуу қондырғыларымен, көтергіш крандармен, түрлі механизмдермен жабдықталды. Мұның бәрі жөндеу сапасын жақсартып, оның өзіндік құнын кемітуге жағдай жасады.

Жөндеу базасын кеңейтіп, оны индустриялық негізге көшіру үшін «Қазсельхозтехниканың» республикалық бірлестігі таяудағы жылдарда 18 жөндеу заводын, жөндеу жұмыстарының арнаулы түрлеріне мамандандырылған 32 мастерской салуды, 15 жөндеу заводы мен 40 мастерскойды қайта құрып, кеңейтуді ұйғарды. Тек сонда ғана техниканы жыл бойы түгел толассыз жөндеуге болады. Бұл жөнінен «Сельхозтехника» ұйымдарына Қазақ халық шаруашылығы советі, оның өнеркәсіп орындары, экономикалық аудандардың совхоздары елеулі көмек көрсетуге тиіс.

Қазір республиканың ауылшаруашылық техникасын жөндеу базасы нашар. Оның қуаты машина-жабдықтың тек 60 процентін жөндеуге ғана жетеді. Ал көптеген шаруашылықтың мастерскойлары мүлде жоқ. «Сельхозтехника» жүйесінің жөндеу базасы да әлсіз. Сонымен бірге «Қазсельхозтехниканың» республикалық бірлестігінің және оның жер-жердегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыруда да елеулі кемшіліктер бар. Соның салдарынан біз колхоз, совхоздардың талап-тілегін жөнді қанағаттандыра алмай келеміз. «Сельхозтехника» атына айтылып жүрген әділ сын-дандан нақты қорытынды шығару — біздің борышымыз.

Ауыл шаруашылық техникасын жетілдіре түсу, олардың күшін сарқа пайдалану егіншілік пен мал шаруашылығы мәдениетін көтеруге, ауыл шаруашылығы өндірісін комплексті механикаландыру міндетін тезірек шешуге жәрдемдеседі.

Балалар тәрбиесі—баршаға

ОРТАҚ

К. ЖАНАЕВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
ғылым және оқу орындары бөлімі меңгерушісінің
орынбасары

Қазіргі уақытта, елімізде коммунистік құрылыс кеңінен өрістеген дәуірде совет мектебінің жас өспірімдерді тәрбиелеудегі ролі барынша арта түсті. Мектепті өмірге жақындастыру, оқуды қоғамдық пайдалы, өнімді еңбекпен, коммунистік құрылыстың практикасымен ұштастыру шәкірттерді коммунизм құрылысының моральдық кодексі рухында тәрбиелеуге қолайлы жағдай жасап отыр.

Партиямыздың жаңа Программасында: «Орта дәрежелі білім беру ісі ғылым мен техниканың өскелең даму дәрежесіне сәйкес қоғамның қажеттерін, оқушылардың қабілеті мен тілектерін есепке ала отырып, ғылым негіздерін тиянақты біліп шығуды, коммунистік көзқарастың принциптерін игеруді, еңбек ету мен политехникалық әзірлікті, сондай-ақ дені сау жас өспірім ұрпаққа адамгершілік, эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиесін беруді қамтамасыз етеді» деп атап көрсетілгені белгілі.

КПСС Программасын, партияның XXII съезі шешімдерін жүзеге асыру үстінде республикамыздың партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, халық ағарту органдары мен мектептердің педагогикалық коллективтері оқушылар арасындағы тәрбие жұмысын едәуір жақсартты.

Екібастұз қаласы еңбекшілерінің балалар мен жас өспірімдерді коммунистік рухта тәрбиелеуге қалың жұртшылықты қатыстыру жөніндегі бастамасы кең қолдау тапты. Соңғы жылдары республиканың барлық қалалары мен аудандарында халық ағарту активінің жиналыстары өткізіліп, оларда мектеп пен жұртшылықтың балаларға коммунистік тәрбие беру жөніндегі ролін күшейту мәселесі талқыланды. Партия комитеттерінің жанынан балаларға коммунистік тәрбие беру жөніндегі советтер, сол сияқты көптеген кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда семья мен мектепке көмектесу советтері құрылды. Коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділері жеке мектептерді, кластарды, оқушыларды қамқорлыққа алды.

Мәселен, Ақтөбе қаласындағы «Большевик» заводы мен № 10 мектептің өзара игі істері назар аударарлық. Бұл екі коллективтің достық ынтымағы ертеден қалыптасқан. Завод партия комитеті, семья мен мектепке көмектесу жөніндегі совет бұл мектептің әрбір баласына қамқорлық жасайды десек, артық айтқандық емес. Олар мұғалімдермен қосылып класс жиналыстарын, кештер, әңгімелер, айтыстар өткізеді, техникалық үйірмелерді басқарады. Міне мұның бәрі оқудың сапасы мен жас өспірімдер тәрбиесіне игі әсерін тигізуде. Бұл мектептің оқушыларының үлгілісі, тәртібі жақсы, олар қоғам жұмысына белсене қатысады.

Шығыс Қазақстан, Қөкшетау облыстарының партия ұйымдары да жас ұландарды оқыту, тәрбиелеу ісінде мектептердің педагогикалық коллективтеріне үлкен көмек көрсетіп келеді.

Мәселен, Қөкшетау облыстық партия комитеті және облыстың бірсыпыра аудандық комитеті алдыңғы қатарлы педагогикалық коллективтердің тәжірибесін зерттеумен нақты шұғылданады. Партия комитет-

терінің бюролары мен пленумдарында педагог кадрларды орналастыру және тәрбиелеу, оларға мәдени-тұрмыстық жағдай жасау, жұртшылықты балалар тәрбиесіне қатыстыру мәселелері іскерлікпен талқыланады.

Жалпыға бірдей міндетті оқу заңын жүзеге асыру, мектептердің оқу-материалдық базасын нығайту, шәкірттердің өндірістік бригадалары, — міне осы мәселелердің бәрі совхоз, кәсіпорын, мекеме бастауыш партия ұйымдарының назарынан тыс қалған емес. Көкшетау облысының көптеген ауыл-село мектептерінде шәкірттердің өндірістік бригадалары жабдықтаған дала қостары, қызыл мүйістер, асханалар, радио тораптары бар. Облыстың көптеген педагогикалық коллективтері коммунистер мен комсомолецтердің, бүкіл жұртшылықтың мектепке деген қамқорлығын кәміл сезіп, біліп отыр.

Жастар арасындағы идеялық-саяси тәрбиеге Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті де үнемі көңіл бөліп келеді. Үстіміздегі жылдың апрель айында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті «Республика комсомолецтері мен жастары арасында идеялық тәрбие жұмысының жайы туралы» мәселе қарап, тиісінше қаулы қабылдады. Бұл қаулыда мектептердің комсомол және пионер ұйымдарының жұмысын жақсарту шаралары да белгіленді. Қазіргі уақытта жастар арасындағы идеялық-саяси тәрбие мәселесі қалалық, аудандық партия комитеттерінің пленумдарында кеңінен талқыланып жатыр.

Партия мен үкіметтің күнбе-күнгі әкелік қамқорлығына республикамыздың жүздеген мұғалімдері өздерінің жемісті еңбегімен жауап беріп, коммунистік құрылыстың ортақ ісіне лайықты үлес қосуда. Соңғы жылдары педагогикалық коллективтер оқу мен тәрбиенің әдістерін, тәсілдерін жетілдіріп, оқушылардың жалпы білім, политехника және еңбек даярлығын жақсартуға батыл бетбұрыс жасады. Оқу-тәрбие жұмысы Қостанай облысының Федоров ауданындағы Чехов бастауыш мектебінде (менгерушісі И. И. Ткаченко жолдас), Қарағанды облысының № 1 Саран орта мектебінде (директоры Н. Г. Макаров жолдас), Шығыс Қазақстан облысында Зайсандағы М. Әуезов атындағы қазақ орта мектебінде (директоры Р. Сарбасов жолдас), Рудный қаласының № 6 орта мектебінде (директоры М. Г. Кузнецов жолдас), тағы басқаларында жақсы ұйымдастырылған.

Жылма-жыл оқушыларға терең де жүйелі білім беріп, үлкен беделге ие болған, ұстаздық еңбектің шеберлері бізде аз емес. Алматы облысындағы Андреев орта мектебінің мұғалімі Анатолий Васильевич Лапин, Жамбыл облысының Ленин атындағы № 1 мектептің география пәнінің оқытушысы Мертай Сұлтанов, Алматы қаласындағы № 85 мектептің мұғалімі Фаина Филипповна Изотова және басқалары әрбір сабақты жақсы оқытып, оқушылардың ынтасын арттырып отырады, оларды Отанға сүйіспеншілік рухында тәрбиелейді. Қазір республикамыздың он бір мыңнан астам мұғалімінің үлгіге алмайтын, екінші жылға қалып қойған оқушылары жоқ.

Балалар тәрбиесінде ғылым негіздерін оқыту дәрежесін көтермейінше табысқа жету қиын. Жастарды идеялық жағынан шындала оларды қоғамдық дамудың ғылыми негізделген жүйесімен таныстыру, олардың санасында маркстік-лениндік көзқарасты қалыптастыру зор роль атқарады. В. И. Ленин: «Нәтижесі коммунизмнің өзі болып табылатын білімдер жиынын ұғынбай-ақ, коммунистік ұрандарды, коммунистік ғылымның қорытындыларын ұғынып алудың өзі жетеді деп ойлау қате болар еді. Адам білімдерінің жиынынан коммунизмнің қалай туғандығын көрсететін үлгі — марксизм» (Шығармалар, 31-том, 287-бет) деп жазған болатын.

Бірақ мынаны айту керек: республикамыздың бірқатар мектептерінде жастардың біртұтас, жүйелі материалистік дүние танымын қалыптастыру міндеттері ойдағыдай шешіліп отырған жоқ, ғылым негіздерін

оқыту дәрежесі әлі төмен. Бұған республика мектептерінде жылма-жыл мыңдаған баланың бір класта екі жыл отырып қалатынын айтсақ жеткілікті. Биылғы жылы орта мектеп бітіргендердің едәуір бөлегі жоғары оқу орындарына түсу үшін емтихан тапсырғанда өздерінің орыс тілінен, физикадан, математикадан, химиядан үстірт білім алғанын көрсетті.

Ал оқушылардың білім дәрежесінің төмен болуының әртүрлі себептері бар. Ең алдымен, сабақ беру әдісі нашар, қайсыбір мұғалімдер оқушылардың ғылым-білімге ынтасын арттыру үшін жете күреспейді. Кей жерлерде халық ағарту бөлімдері мен мектеп басшылары мұғалімнің сабақты қалай жүргізетінімен ісі болмайды, үлгілі педагогтардың озық тәжірибесін барлық мектептердің игілігіне айналдырумен шұғылданбайды. Сол сияқты жеке мектептер мен мұғалімдердің жұмысында оқытудың тәрбиелік ролін бағаламаушылық бар. Олар жеке пәндерді жақсы оқытсақ болды дейді де, бірыңғай сабақпен болып, идеялық тәрбиені ұмыт қалдырады. Ал бұл қате. Тәлім-тәрбиеге дұрыс көңіл бөлінген жерде оқу сапасы жақсы болатынын тандаулы мектептердің тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Совет мектебінің мұғалімі балаларға тек білім беріп қана қоймайды. Ол шәкірттерге маркстік-лениндік дүние таным негіздерін үйретеді, коммунистік саналылыққа тәрбиелейді, олардың бойына адамгершілік абзал қасиеттерді дарытады. Мұғалім баланың жас кезінен бастап, ержетіп, есейгеніне дейін мінез-құлқын қалыптастыруда — негізгі тұлға. Міне сондықтан әрбір мұғалім өзін идеология майданының жауынгері деп білуі керек, өз шәкірттерінің тәрбиесіне, келешегіне жауапкершілікпен қарауы керек.

Республика мектептерінің педагогикалық коллективтері ер балалар мен қыздарды еңбек процесі арқылы тәрбиелеуге зор көңіл бөлуде. Өйткені еңбек — жаңа адам қалыптастырудың ең шешуші шарттарының бірі. Мектептің өмірмен, өндіріспен байланысын дәлелдейтін мысалдар қай облыста, қай ауданда болсын көп. Жер-жердің бәрінде мектеп шеберханалары, оқу-тәжірибе учаскелері көбейіп келеді. Мектеп балаларының өндірістік бригадалардағы еңбегі — жас ұрпақ тәрбиесіне таптырмас өнеге. Еңбек дағдысының арқасында жыл сайын орта мектеп бітірген жүздеген, мыңдаған жігіттер мен қыздар өздері туып-өскен колхоздарда, совхоздарда жұмыс істеуге қалады немесе екпінді құрылыстарға аттанады. Соңғы жылдары Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстарының бірқатар ауыл-село мектептерін бітіргендер ұйымдасқан түрде қой шаруашылығына барып, шопан таяғын ұстады. Қазір республика мектептерінде шәкірттердің бір мыңнан астам өндірістік бригадалары мен звенолары жұмыс істейді. Бұлар 100 мыңдай оқушыны қамтиды.

Еңбекті қадір тұтуда оқушылардың ауыл шаруашылық саласында тәжірибе жасауға қатысуының маңызы ерекше. Мұның еңбекке дағдылануға пайдасы үлкен, сонымен қатар бұл ауыл шаруашылық ғылымына мектеп балаларының ынтасын арттырады. Мысалы, Жамбыл облысының Гродеков орта мектебіндегі шәкірттердің өндірістік бригадасы бірнеше жылдан бері Жамбыл мемлекеттік сортты тұқым учаскесімен бірлесіп ғылыми дәйекті, өндірістік мәні бар тәжірибелер жасап жүр. Оқушылар қант қызылшасының, жүгерінің, бұршақ дақылдарының әртүрлі сорттарын сынап көруде. Ал бұл сорттардың тәуірлері жергілікті колхоздар мен совхоздарға енгізіліп келеді. Оқушыларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуде еңбектен эстетикалық ләззат алудың, еңбектің сұлулығын сезінудің, оның қызығын көрудің мәні ерекше. Еңбек ету арқылы мектеп баласының адамгершілік, эстетикалық сана-сезімі өзгеретінін тәрбие жұмысында орынды пайдалана білген жөн.

Семей облысының Уба-Форпост поселкесіндегі орта мектептің шеберханасы онша үлкен емес, шағын. Бірақ оқушылар оны өздерінің еңбек пәні оқытушысының басшылығымен жақсылап жабдықтаған.

Әрбір балаға олардың бойына шақ тиісінше орын бөлінген. Шеберханада құрал-сайман жеткілікті, оқушылар арнаулы жұмыс киімімен істейді. Еңбек сабағында балалар тек қажетті, пайдалы бұйымдарды ғана жасайды. Ағаш пен металдан оқушылар жасаған осындай заттардың мектепте тұрақты көрмесі бар. Міне мұның өзі еңбектің үлкен танымдық, тәрбиелік маңызын, жас өспірімді қалыптастыруда оның айрықша ролін айқын дәлелдейді.

Дегенмен еңбек дағдысы мен тәрбиесінде елеулі кемшіліктер бар. Бірсыпыра мектептерде ғылым негіздері өндіріспен ұштастырыла оқытылмайды, оқу-тәрбие жұмысы коммунистік құрылыстың практикалық міндеттерімен байланыстырылмайды. Жасыратыны жоқ, кейбір мектептерде оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбегі бүкіл педагогикалық процестің құрамдас бөлігіне айналмай отыр және ол жана адам қалыптастыруға нашар пайдаланылады. Бізде жалпы және политехникалық білімді дұрыс ұштастырып, оқуды өнімді еңбекпен тиімді байланыстырудың орнына жеке мектептердің, кәсіпорындардың, колхоздар мен совхоздардың басшылары оқушыларды әйтеуір дене еңбегіне қатыстырсақ болды деп, білімге септігі, тәрбиеге қатысы жоқ кез келген шаруашылық жұмысқа жегіп қояды.

Әңгіме оқушыларды тек өнімді еңбекке қатыстыруда ғана емес. Ал шынында білімге, тәрбиеге негізделмеген еңбек нәтиже бермейді. Партия, комсомол ұйымдары, педагогикалық коллективтер жастарды еңбекке даярлау, олардың еңбекті қадірлеуі — коммунистік тәрбиенің негізі екенін түсінетіндей дәрежеге жетуі қажет. Мұнда бір ескеретін нәрсе, жастарды еңбектің тандаулы үлгілері, озат жұмысшылар мен колхозшылардың, коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің тәжірибесі арқылы тәрбиелеп, еңбектегі қаһармандықтың қоғамдық мәні мен күдіретін аша түскен мақұл. Алайда, еңбек тәрбиесі мәселелерімен педагогикалық ғылым және практика әлі күнге терең шұғылдана алмай келеді. Республикамыздың сегіз жылдық және орта мектептерінде шеберханалар жетіспейді, бастауыш мектептер мен бастауыш кластарда еңбек сабағын өткізуге үйлер, бөлмелер тапшы.

Мектептерімізде оқушылардың эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиесінде де игі істер бар. Физкультура коллективтерінің, өнерпаздар үйірмелерінің саны көбеюде, балалар салған суреттердің көрмелері, байқаулар, конкурстар, спорт жарыстары, экскурсиялар жиі өткізіле бастады, мұғалімдер әдебиеттің, бейнелеу өнерінің шығармаларын көп насихаттайтын болды. Мектептерде жазушылармен, композиторлармен, суретшілермен, артистермен кездесулер, әдеби кештер, айтыстар өткізу дағдыға айналды.

Бірақ барлық жерде бірдей эстетикалық және дене шынықтыру тәрбиесі жақсы жолға қойылып отыр деп айту қиын. Көптеген мектептерде өнерпаздар үйірмелері мен спорт секцияларының жұмысы қазіргі талапқа сай емес, оқушылардың мәдени демалысы нашар ұйымдастырылған. Творчестволық одақтар мен ұйымдардың эстетикалық тәрбиеге байланысты мектептерге көмегі мәз емес. Қайсыбір мектептерде спорт залдары, музыка кабинеттері жоқ, музыка, ән, сурет, дене шынықтыру сабақтарынан оқытушылар жетіспейді.

Идеологиялық жұмыстың маңызды бір саласы — жастарды советтік патриотизм, қырағылық, социалистік Отанды қорғау борышын кәміл сезіну рухында тәрбиелеу. Мектептерде әскери-патриоттық тәрбиенің алуан түрі қолданылып жүр. Ұлы Отан соғысының қаза тапқан батырларын — өздерінің бір кездегі түлектерін еске түсіру, бұрынғы мектеп оқушыларымен — Совет Армиясының жауынгерлерімен кездесу сияқты жақсы дәстүрлер қалыптасты. Көптеген мектептерде жауынгерлік даңқтың арнаулы мүйістері бар, бұларда қаза тапқан жауынгерлердің портреттері ілініп, қаһарманлық ерлігі суреттеледі, еліміздің қарулы күште-

рінің жауынгерлік жолы, Совет Одағының Батырлары туралы стендтер қойылады. Ұлы Отан соғысына қатысушылармен кездесулер қай мектепте болсын өткізіліп жүр. Ал мұның оқушыларға тәрбиелік әсері, өнегесі күшті. Бұдан шығатын қорытынды — совет халқының ерлік дәстүрлерін жастарға өне бойы мирас ете беру керек.

Ескіліктің сарқыншақтарымен күрес — коммунистік тәрбиедегі маңызды шарт. Жасыратыны жоқ, әртүрлі сектанттар мен діншілдер жас өспірімдердің миын уландырғысы келеді. Бізде тіпті өз балаларын діншілдік жолға итермелейтін артта қалған ата-аналар табылады. Бірақ жеке педагогикалық коллективтер, бастауыш партия, комсомол ұйымдары ғылыми-атеистік тәрбиеге тиісінше көңіл бөліп отырған жоқ. Бұған бір мысал келтірейік. Үстіміздегі жылғы апрель айында Шымкент қаласының үш шіркеуінде болған пасха мейрамына жастар, оның ішінде № 33, 25, 4, 5 мектептердің оқушылары көп жиналды. Олардың біреулері мұнда таңсық үшін, енді біреулері діни соқыр сенім ықпалымен келген. Бірақ бұл жағдайды бірде-бір мұғалім, бірде-бір мектеп директоры, комсомол ұйымының секретары ескерген жоқ. Ал мұның өзі кейбір мектептерде сабақтан тыс уақыттағы тәрбие жұмысының бетімен жіберілгенін аңғартады.

Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысы көп жағдайда педагог кадрлардың, әсіресе мектеп директорларының дұрыс іріктелуіне, орналастырылуына байланысты. Балалар тәрбиесінде мұғалімнің жеке басының коммунистік идеялылығының, сенім күшінің, партиялық жалынды сөзінің срасан зор ықпалы бар. Алайда кей жерлерде педагог кадрларды іскерлік және саяси сапасына қарай іріктеудің партиялық принципін өрескел бұзу фактілері байқалып жүр. Мысалы, Қаскелең ауданының (Алматы облысы) Боралдай орта мектебінде басқару жұмысына лайықсыз, моральдық жағынан ұстамсыз адамдардың өтіп кетуі салдарынан соңғы екі жылда үш директор ауысқан.

Жаңа оқу жылының қарсаңында жер-жерде өткізілген мұғалімдердің дәстүрлі август кеңестері мектеп жұмысының, оқу мен тәрбиенің өзекті мәселелерін тағы да жан-жақты талқылады. Әсіресе тәрбие жұмысының әдістерін жетілдіруге байланысты құнды-құнды ұсыныстар айтылды. Өмір мен практика оқушылар арасындағы идеялық тәрбиенің көптеген жаңа түрлерін алға тартып отыр. 1965—1966 оқу жылында әрбір мектеп, әрбір мұғалім тәрбиенің осы түрлерін әбден игеріп, өз жұмысында күнделікті қолдана білуі шарт. Мұнда тек әр мектептің өзіне тән жағдайын еске алу керек. Балалар мен жас өспірімдер тәрбиелеуде мүлт кеткен сал қателіктің өзі қоғамымызға үлкен нұқсан келтіретіні мәлім. Сондықтан біз бисаясаттық, биморальдық қылықтардың қандайына болса да ешбір төзбеуге тиіспіз. Адамды қайта тәрбиелеу жас баланың мінезін қалыптастырудан әлдеқайда қиын. Бұл істе барлық пәндердің, алдымен қоғам тану, тарих, әдебиет пәндері оқытушыларының атқаратын қызметі үлкен.

Мектеп оқушыларын — коммунизмнің жас құрылысшыларын идеялық жағынан шындау — партия ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі. Әңгіме балаларды коммунизм рухында, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында, аға ұрпақтың революциялық, жауынгерлік дәстүрлері негізінде тәрбиелеуде болып отыр. Қазіргі уақытта совет мектебіне бұрынғыдан да зор талаптар қойылуда. Партия ұйымдары мен халық ағарту органдарының абыройлы борышы — мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту, жастардың дүние танымын дұрыс қалыптастыру, буржуазиялық идеологияның қандай да болсын көріністеріне қарсы батыл күрес жүргізу. Бұл істе ең алдымен мектеп партия, комсомол ұйымдарының ролін күшейту парыз.

ДҮНИЕ ТАНЫМ ЖӘНЕ ТВОРЧЕСТВО

Р. БЕРДІБАЕВ,

филология ғылымының кандидаты

Көркем әдебиет тәжірибесінде дүние танымның орны ерекше. Бір кезде орыстың ұлы жазушысы Салтыков-Щедрин: «Ешқандай дүние танымы жоқ суреткер шығарма жаза ала ма» деп сауал қойғаны белгілі. Социалистік реализм эстетикасы мен буржуазиялық эстетиканың арасындағы үлкен айырым да осы тұстан айрықша көрінеді. Өйткені қандай да болсын суреткер өзінің шығармасында өмір құбылысын белгілі мұрат, дүние таным тұрғысынан бағалайды.

Дүние таным, творчестволық тәсіл төңірегіндегі айтыс-талас тарихы ұзақ. Олардың әр кездегі көріністерін тізіп, қайталап жатудың қажеті шамалы. Творчество тағдыры үшін дүние танымның ерекше ролі бар екенін алғаш рет нағыз ғылыми тұрғыда дәлелдеген К. Маркс пен Ф. Энгельс. Олар творчество еркіндігі дегенді шалағай немесе бұрмалап түсіндіретіндерге байсалды жауап бере келіп, аса терең тұжырымдар, қағидалар айтты. Ф. Энгельс бірде былай деген: «Тенденциялы поэзияға мен әсте қарсы емеспін. Трагедия атасы Эсхил мен комедия атасы Аристофан екеуі де анық тенденциялы акындар болған. Данте де, Сервантес те сондай. Шиллердің «Зұлымдық пен махаббатының» ең басты қасиеті — бұл шығарманың неміс тілінде туған тұңғыш саяси тенденциялы драма екендігінде». Бұдан шығарманың идеялық бағытына кеменгер ойшылдың қаншалықты мән бергені аңғарылады.

Буржуазия теоретиктерінің «өнер өнер үшін» дейтін алдамшы қисынын Г. Плехановтың қалай әшкерелегені де тарихтан белгілі. Ол буржуазиялық мағынадағы «творчество бостандығының» сыйқын ашып көрсетті; мұның халықты алдау үшін шығарылған жылтырақ сөз екендігін дәлелдеді.

Көркем творчествоға дұрыс дүние танымның қажеттігі жөнінде В. И. Лениннің еңбектері мол мағлұмат береді. Бұл ретте оның бір ғана еңбегін — «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» атты мақаласын атап өтуге болады. В. И. Ленин болашақ социалистік әдебиеттің сыр-сыпатын күн ілгері болжап, пролетариат әдебиеті, еңбекшілерге қызмет ететін әдебиет партиялық болсын деп ұран тастады. Өйткені ұлы көсеміміз жалпы өнер, әдебиет мәселесін еңбекшілердің азаттық күресі проблемасынан бөлек алып қараған емес.

В. И. Ленин былай деп жазды: «Әдебиет партиялық әдебиет болуға тиіс. Буржуазиялық мінез-құлыққа қарама-қарсы, буржуазиялық кәсіп иелеріне тәй жалдаптық баспасөзге қарама-қарсы, буржуазиялық әдеби мансапқорлыққа, жекешілдікке, «бариндік анархизмге» және пайдакүнемдікке түсушілікке қарама-қарсы социалистік пролетариат партиялық әдебиеттің принципін ұсынуға, осы принципті дамытып, мүмкіндігінше неғұрлым толық және тұтас формада оны жүзеге асыруға тиіс». (Шығармалар, 10-том, 30-бет). Әлбетте, өмір құбылысын түрлі тұсынан бақылауға болады. Қоғам өмірінде көңіл сүйсіндірер, үмітті өсірер ұлы жаңалықтар да, жақсылықтар да, сонымен қатар көңілсіз көріністер де ұшырайтыны мәлім. Партиялық дүние танымды ұстанған суреткерлер үшін ең алдымен нені жазу керектігін шешу — маңызды шарт.

XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың бас кезінде Россияда социалистік идеялардың кең тарай бастағаны, жұмысшылардың саяси, әлеуметтік азаттық үшін қуатты күреске шыққаны белгілі. Міне осы еңбекші бұқараның жаңа серпілісін, соны бағытын көрсетерліктей, соларға революциялық тәрбие берерліктей шығармалар қажет еді. Ендігі жерде ескі қоғамдық, әлеуметтік қатынастарды бірыңғай сынау тым аздық ететін. Ескіні төңкеріп, жаңаны жасаушы адамдар бейнесі керек болды. Міне бұл міндетті орыс әдебиетінің әлемінде алғаш рет Алексей Максимович Горький абыроймен орындап шықты. Шындығында Горький творчествосындағы күллі идеялық, эстетикалық жаңалық оның маркстік-лениндік дүние танымды мықтап қабылдарандығына, өмір құбылысын, даму диалектикасын революциялық тұрғыдан бағалай білгендігіне байланысты. Жаңа дүние таным творчествоға жаңа сыпат бере алатындығын осыдан көреміз.

Шығарманың әлеуметтік мәнін көтеруге суреткер басшылыққа алған алдыңғы қатарлы дүние танымның ролі күшті. Әлбетте, барлық мәселені дүние таным ғана шешпейтіні кәміл. Суреткердің өмірді тануы, талант күші, дәстүрдің әсері, нақты өмір жағдайлары өз орнында маңызсыз факторлар емес. Дегенмен қаламгердің бағытын анықтау үшін дүние таным мәселесіне айрықша мән беріледі.

Бір кезде ұлы Горький негізін салған социалистік реализм әдебиеті бұл күнде бүкіл әлемге данқы жайылған, көптеген тамаша шығармаларымен адамзаттың көркемдік дамуына жаңа қадам жасаған әдебиетке айналды. Қазіргі кезде біздің еліміздің ғана емес, шетелдің де көптеген ақын-жазушылары социалистік реализм принциптерін саналы түрде басшылыққа алып отыр. Мұның көрінісін Арагонның, Триоленин, Зегерстің, Неруданың және басқа талай көрнекті суреткердің творчествосынан аңғарамыз. Демек, қазіргі кезде социалистік реализм тәсілі жер жүзіндегі ең өміршен, ең беделді тәсілге айналып отыр. Әлемнің көптеген белгілі қаламгерлері өмір шындығын іздеу жолында марксизм-ленинизм ғылымын басшылыққа алып келе жатқаны да дүние таным дегеннің творчество үшін қаншалық зәрулігін дәлелдесе керек. Бұл әр кезде өмір сүрген жазушылардың творчестволық тағдырымен де дәлелденетін шындық.

Атақты жазушылардың бірі А. Н. Толстой алғашқы кезде социалистік революцияның мәнін түсінбей, шетелге кетіп, ұзақ уақыттап кейін туған еліне оралған еді. Ол өзінің шығармашылық тәжірибесінде марксизм-ленинизм ғылымының қаншалықты жетекші роль атқарғанын кейіннен талай рет еске түсіріп, мойындап отырған. Толстой үлкен творчество үшін биік дүние танымның қажет екенін ашық айтады. «...Шын мәніндегі творчество еркіндігін, тақырып кендігін, мен тек қазір ғана, тарихты марксше тани бастаған, Октябрь революциясының тәжірибесінен өткен ұлы ғылым маған мақсат айқындығын және өмір кітабын оқуға амал берген кезде таптым» (Толық шығармалар жинағы, 13-том 323—324-беттер).

Социалистік реализм принциптерінің, коммунистік партия мұраттарының бірте-бірте буржуазия елдеріндегі жазушыларға дари бастағандығына тағы да бір мысал келтірейік. Австралияның белгілі жазушыларының бірі Сусанна Катарина Причард бұл жөнінде былай дейді: «Мен марксизмді үйренуге кірістім және К. Маркс пен Ф. Энгельс жасаған теория, ғылыми социализм теориясы капиталистік әлемде еңбекшілерді азапқа салған әділетсіздік пен жоқшылықты жоюға бірден-бір ақиқат жол нұсқайтынына көз жеткізе бастадым. Менің өмірім мен ісім болмысты жаңадан тану нұрына бөленді де, мен Австралия коммунистік партиясының белсенді мүшесі болдым» («Вопросы философии» журналы, 1958, № 1).

Қашан да болсын дәуірдің көкейкесті, жанды сұрауларына көркемдік жауап бергісі келетін суреткер алдыңғы қатарлы дүние танымды қолданып келген. Әдебиет тарихына көз жіберсек те осы шындықты көреміз. Марксизм-ленинизм ғылымы дүниеге келгенге дейін де неше алуан прогресшіл, халық мұнын көтерген шығармалар туғаны белгілі. XIX ғасырдағы орыстың классикалық әдебиетінен бұған мол мысал табылады. Пушкиннен Чеховқа дейінгі аралықта өмір сүрген талай каламгердің көп туындылары заманының ең жетекші, озық идеяларымен суарылған еді. Пушкин шығармаларына Россиядағы декабристер қозғалысының көп ықпал жасағанын да білеміз. Орыс еңбекшісіне азаттық әперу, мәдениетке жетілдіру идеясы XIX ғасырдағы озық шығармалардың қай-қайсысында да үзілмей желі тартып жатады. Демек, дүние танымның ілгерішіл болуы суреткердің қалай да өз басының революционер болуында емес, өз заманындағы жетекші, прогресшіл идеяларды басшылыққа алуында. Осы тұрғыдан орыс классиктерінің қай-қайсысы болсын өздерінің шығармаларында замана алға тартқан мәселелерді көтере білген. Пушкин мен Лермонтов орыс самодержавиясының қыспағына қарсы өршіл үн көтерсе, заманының жігерлі, күрескер адамдарын мадақтаса, мұнын бәрі олардың дүниені жана идеялар тұрғысынан тануына байланысты еді.

Россия жағдайында еңбекші адамға шын мәніндегі азаттық жоқтығын орыс классиктерінің қай-қайсысы да терең ұғынып, өмір қырларын жан-жақты көрсете білді. Ал орыс шаруаларының азаттығы мүддесін тікелей нысана етіп алған Некрасов, Чернышевский, Добролюбов туындыларының идеялық мәні тіпті бөлек. Мұнын бәрі ілгерішіл дүние танымның күдіретті күшін сыпаттай алады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында ағартушылық, демократиялық әдебиеттің күшті өріс алуы да кездейсоқ құбылыс емес. Абай мен Ыбырайдың шығармаларында сол кездегі халық өміріне қатысты ең өзекті мәселелер көтерілген. Халықты оқу-білімге шақыру, берекелі еңбекке үндеу, бірлікті, татулықты насихаттау, мәдениетті елдердің өнегесін ансау — міне мұнын бәрі қазақтың бұрынғы әдебиетінде көтеріле бермеген идеялар. Қазақтың жана жазба әдебиетінің негізін салушылар Ыбырай мен Абайдың осыншама биік ойлар айтуына орыс әдебиетінің таңдаулы шығармаларының ықпалы тиген. Халық өмірін қайтсе жақсартуға болады деген ансар бұлардың қоғам тіршілігінде бірінші кезекте тұрған ділгер сұрауларды табуына көмектескен. Озық идеялар деңгейінде тұрған Абайлар мен Ыбырайлар халыққа пайдалы насихат таратқан кезде, кертартпа дүние таным жетегінде қалған Шортанбайлар мен Дулаттар қоғамнан нұрты сәуле көре алмаған. Міне ілгерішіл дүние танымның қажеттігі дегенге тағы да бір мысал осы. Ақындық өнері жағынан Шортанбай мен Дулат қандай ірі ақындармен болса да таласа алар еді. Олардың шығармаларынан небір сөз меруертін де табуға болады. Өмірдің жекелеген чакты көріністерін, адам мінезіндегі өзгерістерді дәл тауып суреттеген тұстары да қымбатты. Сонда да болса Шортанбайлар, Дулаттар бүкіл халық көшінің сара бағытын, жана нысанасын түсіне алмады, өміршен жыр туғыза алмады.

XIX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің даму барысына көз салсақ та ілгерішіл және кертартпа дүние танымның қандай роль атқарғанын көреміз. Жалпы демократиялық, ағартушылық идеяларды насихаттаған Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Мұхамеджан Сералин сияқты ақын-жазушылар жекелеген кателіктері, идеялық ауытқулары болғанымен сол дәуірдегі қазақ әдебиетіне ат салысты.

Орыстың 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революциясының ықпалы қазақ әдебиетінің жана идеялық белеске көшуіне түрткі салды. Абай мен Ыбырай кезінде көтере алмаған жана мәселелер күн

тәртібіне келді. Бұған мысалға көптеген шығармаларда еңбекші бұқара өкілдерінің өмірі мен тағдыры неғұрлым көбірек суреттеле бастағанын айтсақ жеткілікті. Қазақтың ағартушы, демократ ақындарының кейбіреулері елімізде социалистік революция жеңгеннен кейін жаңарған өмір құбылыстарын жырлады. Творчестволық жолы революция алдында басталған Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин кейіннен қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылар болды.

* * *

Суреткердің дүние танымы — оның ең алдымен болмысты қалай көруі, пайымдауы, талғап екшеуі деген сөз. Дүние құбылысын көрудің де көруі, зерттеудің де зерттеуі болмақ. Социалистік реализм әдебиетінің адамзат тарихында жаңа көркемдік қадам болуы көптеген сыпаттарға байланысты десек, соның ішінде бәрінен бұрын маркстік-лениндік дүние танымды ерекше қоямыз. Бүкіл совет әдебиетінің де, оның ішінде қазақ әдебиетінің де көрнекті туындылары осы айтқанымызды сыпаттайды. Қазақ совет әдебиетінің әрбір дәуірдегі кезенді белес шығармалары бұған толық дәлел.

Отызыншы жылдары қазақ совет әдебиетінде социалистік реализм принциптері негізінен қалыптасқаны мәлім. Көптеген шығармаларда Қазақстандағы азаттық күрес, революциялық шайқастар шындығы, ауылды советтендіру, жаңа өмір орнату, ілгерішіл дәстүр дарыту тақырыптары суреттелген. Солардың ішінен бірер шығарманы бөліп атасақ, творчество үшін дүние танымның қаншалықты маңызды екенін айқынырақ білеміз.

Сәбит Мұқановтың «Ботакөз» романы — қазақ совет әдебиетін үлкен биікке көтерген шығарманың бірі. Осы шығармадағы оқиға екшелуіне, қаһармандардың жіктелуіне зер салсақ, дүние танымның зор жинақтаушылық, іріктеушілік қасиетіне ден қоямыз. «Ботакөзде» Қазақстанның бірінші дүние жүзілік соғыс алдындағы, 1916 жылғы, азамат соғысы тұстарындағы оқиғалары көрсетілген. Бірақ жазушының көзіне түсіп, көңілін бөлген нәрселер не? Ол өмірдің барлық құбылысын қатар қамтымайды, суреткердің ерекше бөліп айтатыны Қазақстандағы тап күресінің хикаясы. Бұл, шынында, сол дәуірдің ең зәру, алғы кезекте тұрған проблемасы болатын. Әлеуметтік қайшылықтардың қай саласы болса да шығармаға оқиғалық негіз тудыра ала бер еді. Әйел теңдігі мәселесі де, елдің сауаттануы, мәдениеттенуі үшін күрес те, тұрмыстың түрлі көріністері де роман тақырыбы бола алады. Ал маркстік-лениндік дүние танымды ұстанған С. Мұқанов үшін өмірдің қалың оқиғаларының ішінен ең керектісі — бұқараның азаттық алу жолындағы күресіне байланысты оқиғалар. Романдағы Асқар, Ботакөз, Амантай сияқты қаһармандар — Қазақстанның революциялық дәуірінің ең шырқау озық өкілдері.

Отызыншы жылдар прозасынан тағы бір мысал келтірейік. Саттар Ерубәевтың «Менің құрдастарым» атты романы сөзеттік дәуір шындығын бейнелейді. Бірақ мұнда «Ботакөзбен» үндесіп жатқан принциптік ұқсастық бар. С. Ерубәев та өзінің шығармасына өмірдің ең өзекті арнасы болып табылатын социалистік қоғам орнату күресін негіз етіп алады. Оның Рахмет, Лиза, Ықылас сияқты кейіпкерлері де шын мәніндегі күрескерлер. Бұлар — қолына қару алып, жаумен алысқан жауынгерлер емес, адам санасын жаңартуды, жақсы дәстүрлер орнатуды көздейтін салт-сана күрескерлері.

Совет әдебиетінің, партиялық әдебиеттің үлкен парызы — өмірдің кез келген құбылысын емес, еңбекшілерді қайта тәрбиелей алатын, жаңа, жасампаз, өмір орнықтырғыш, адамдарымызға рухани қуат беретін оқиғаларды екшеп көрсету. Қазақ жазушыларының өмірдің

шытырман қалыңдарының ішінен күрес тарихын, тап тартысын, жаңа өмірді нығайту жолындағы шайқастарды көбірек суреттеуге көңіл бөлетіндігі осыдан.

Біз «Ботакөз» бен «Менің құрдастарымды» ешбір міні жоқ шығармалар есебінде емес, отызыншы жылдар әдебиетінде социалистік реализм принциптері неғұрлым айқын көрінген прозалық шығармалар ретінде атап отырмыз. Әдебиетіміздің әр дәуірінен, әр кезеңінен ауызға аларлық татымды шығармалар баршылық. Прозаның үлкен саласы — романдар қатарынан да көптеген мысал табылады.

Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Тақауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық», Зейін Шашкиннің «Темір тау» романдарында халық өмірінің әр тұстағы кесек оқиғалары сөз болған. Осылардың қай-қайсысының да тәрбиелік мәні үлкен. Өйткені бұларда қаламгерлеріміз халықтың бақыты үшін күрескен қаһармандардың іс-әрекетін жырлайды, жұртшылықты патриотизмге, интернационализмге, гуманизмге баулиды; коммунизм мұраттарының асыл екендігін, сол жолда еңбек етіп, тер төгу қажеттігін ескертеді, болашақтың нұр шұғыласына сенімді арттырады. Аталған шығармалардың әрқайсысы — түрлі суреткерлік мәнердің, стильдің жемісі. Олардың жетістіктерін де, кемшіліктерін де нақты талдау үстінде әбден аңғаруға болады. Бірақ осылардың бәрінің идеялық бірлігі бар. Ол — жазушыларымыздың маркстік-лениндік дүние танымды басшылыққа алғандығы, өмірді революциялық даму үстінде көрсететіндігі.

Маркстік-лениндік дүние таным — белгілі бір ережелердің жиынтығы емес, бұл үлкен творчестволық мәселе. Дүние танымның жақсы нәтиже беруі үшін қаламгердің өмірді жеткілікті зерттеуі, құбылыстардың сырын диалектикше ажырата білуі қажет. Марксизм дүниеге келмеген кезде де көркем шығармалардың небір асылдары пайда болған. Дүниеге көзқарасында қайшылығы мол болған Л. Н. Толстойдың шығармаларын В. И. Ленин «орыс революциясының айнасы» деп бекер атаған жоқ. Өмір шындығын қамтуы, олардың өзара байланысын ашуы, характерлер диалектикасын жіті көрсетуі, бұқара халықтың мұң-мұқтажын сездіре білуі жағынан Толстой шығармалары аса бағалы. Өмір қайшылықтары мен тартыстарын ақиқат беруінің арқасында Толстой заманының түрлі озық тенденцияларын аңғарта білді. Бұдан творчестволық тәжірибенің, өмірді зерттеудің қаншалық маңызды екендігі кәміл көрінеді. Керісінше, марксизм-ленинизм қағидаларын қанша жаттап алғанмен, өмірдің өз ақиқатын, адамдар тарихы мен тағдырын толық зерттемеген суреткер табысқа жете алмақ емес.

Қазіргі уақытта әдебиетіміздің бүкіл барысында жаңа даму тенденциялары байқалып келеді. Бір кезде әдебиет әлемінде орын тепкен «тартыссыздық теориясы» бұл күнде жоғалуға айналды. Өмірді тек бір қырынан емес, әр қырынан көрсетуге ұмтылу осы күнгі әдебиетіміздің бір елеулі сыпаты. Өмір бар жерде қайшылық бар, тартыс бар. Қоғамға пайдалы боламын деген қаламгер өмір қайшылығын ақиқат, батыл көрсетуге тиіс. Социализм орнату жолындағы біздің табысымызды ешкім де жоққа шығара алмайды. Табыспен қатар кемшілікті де батыл айтатын, ілгері дамуымызға септігін тигізетін сынның орны бөлек. Осыдан он-он бес жыл бұрын шығармаларымызда қаһармандар ылғи жеңіс үстінде, трибуна басында, рекордтың қасында ғана көрінетін еді. Тіршіліктің сан алуан кедергілері көрсетілмей, әшкереленбей қала беретін. Қазіргі шығармаларда өмір диалектикасы — ескі мен жаңаның күресі кеңірек көрсетіле бастады.


Әдебиеттің партиялық принципін ұстанудың, өмір құбылысын биік мұраттар тұрғысынан бағалаудың суреткерді табысқа жеткізетіндігін кейінгі жылдардың туындылары айқын дәлелдейді. Бұл ретте алдымен М. Әуезовтың «Өскен өркен» романын атау орынды. Көтерген мәселелерінің мәнділігі, адам характерлерінің қызғылықты болуы жағынан және шын мәніндегі актуалды проблемаларды қозғай алғандығымен «Өскен өркен» — оқушыға үлкен ой саларлық шығарма. Мұнда адам санасындағы ескілік сарқыншақтарына қарсы күрес те, мал шаруашылығын ауық-ауық ойсыратып келе жатқан кесепат—жұттан құтылудың жолдары да мемлекеттік мәні зор міндеттер санатында қойылған. Романның басты кейіпкерлері Карпов пен Әсия бойынан замандастардың ұнамды іс-әрекеттері танылады. Шығарманың әсерлілігі — онда халық өмірінің аса ділгер, өткір мәселелерінің шыншыл адам тағдырларымен тұтас бірлестікте, табиғи суреттелуінде. Нағыз суреткердің замана, партия алға қойған міндеттерге қызу ат салысуына, жақсылықты жария етіп, кедергіні әшкере етуге тиістілігіне «Өскен өркен» мысал бола алады.

Қазақ аулындағы малшы қауымның тағдыр-талайы, ықыласы мен арманы Т. Әлімқұловтың «Ақбозат» романында кеңінен көрсетілген. Суреткердің өмір материалына қанықтығы, алға қойған идеясының айқындығы оның композициялық соны шешімдер табуына көмектескен. Романда қаһармандардың ондаған жылдар ішінде бастан кешірген оқиғалары мен ойлары әңгімеленеді. Бірақ қаламгер оқиға жетегінде кетпей, кейіпкерлер өмірінің ең зәру кезеңдерін екшей білген; Біркімбай, Гүлнаш, Шынар бейнелері арқылы қазақ аулындағы өзгерістерді, қиын тартыстарды аңғартқан.

Көптеген шығармаларда советтік жас адамның қалыптасу, шынығу жолдары, еңбек, күрес үстінде есею процесі суреттеліп келеді. Былтыр жарияланған бірнеше повестен осындай игі сыпаттарды көреміз. С. Шәймерденов өзінің «Мезгіл» атты повесінде замандас өмірін шағын да болса дәмді етіп әңгімелеген. Повестің қаһарманы — Мезгіл адамгершілік парызын жоғары ұстайтын, саналы, қайырымды азамат. Оның өгей анасына жасаған шапағаты кездейсоқ жақсылық емес, бойына біткен ізгі қасиетінің көрінісі. Ал Ө. Қанахин бүгінгі ауылға ең қажет маманның бірі — дәрігерді өзінің «Маздак» повесіне бас кейіпкер етіп алған. Жас дәрігер Маздак ауылдағы ауру-сырқауларды ғана емдеп қоймайды, ескілік ғұрыптарымен де күреседі.

Жекелеген шығармаларда өмірдің көленкелі жақтарының көрінуінен алдын-ала қорқа беруден пайда жоқ. Әңгіме суреткер дүние танымының саралығында. Биік мұнарадан қарап тұрып өмірдің кең өлкелерін шолғанда жақсылықты да, кемшілікті де қатар көруге болады емес пе? Сол қатар көрінген құбылыстың бірін айтып, екіншісін ұмыт қалдырсақ шындық толық болмайды. Осы тұрғыдан кейінгі жылдары көбірек сөз болған шығарманың бірі — Т. Ахтановтың «Дала сыры» повесі шыншыл оқиғаға негізделгенін атап айту керек. Кей жерлерінде кемшілікті көрсетудің мөлшері артығырақ алынғанымен, бұл повестің жалпы бағыты шаруашылықтағы, өмірдегі кедергілер мен кеселдерді жоюға арналған.

Сөйтіп соңғы жылдардағы қазақ әдебиетінің тәжірибесі маркстік-лениндік дүние танымды берік ұстанған күнде социалистік реализм принциптерін басшылыққа алып, көркемдік-идеялық мәртебесі биік, үлкен жинақтауға толы, типтік қаһармандары бар сүбелі шығармалар туғызуға болатынын шүбәсіз танытады.



Ұйымдастыру жұмысының түп қазығы

Елімізде коммунистік қоғам орнату үшін материалдық-техникалық база жасау бүгін таңдағы ең негізгі міндет болып отыр. Бұл міндет түгелдей миллиондаған совет адамдарының ынтымақты күш-қимылымен, қажырлы еңбегімен жүзеге асады. Партия ұйымдары еңбекші бұқараның сол күш-жігерін, сарқылмас творчествосын дұрыс ұйымдастырып, басты мақсатқа жету жолындағы күреске жұмылдырулары керек.

Владимир Ильич Ленин шаруашылық пен мәдениет құрылысында жеңіске жету үшін іскерлік пен тапқырлыққа, миллиондардың қолдауы мен көмегіне сүйенген ұйымдастыру жұмысының шешуші роліне тоқтала келіп, адамдарды дұрыс іріктеу және істің нақтылы орындалуын тексеру сол ұйымдастыру жұмысының түп қазығы деп атап көрсеткен болатын. Ол былай деп үйретті: халық ішінде таланттар көп. Соларды ерінбей-жалықпай іздеу керек, табу керек. Баулып, тәрбиелеп, өмір мектебінен, практикалық жұмыс мектебінен өткізіп, жақсы ұйымдастырушылар етіп шығару керек. Сөйтіп шаруашылық пен мәдениет құрылысының ең шешуші буындарына қою керек. «...Нағыз ұйымдастырушыларды, ақыл-ойы сергек және практикалық іске ебі бар адамдарды, социализмге шын берілгендігімен қатар, көп адамның татулықпен бірлесіп істейтін бекем жұмысын совет ұйымы шеңберінде айғай-шусыз (әбігерлікке, айғай-шуға қарамастан) жолға қоя білетін адамдарды сақтықпен және неғұрлым төзімділікпен сынап білуге... тек осындай адамдарды, он қайтара сынағаннан кейін, оларды ең жеңіл міндеттерден ең қиын міндеттерге қарай жылжыта отырып, халық еңбегіне басшы болу, басқару ісіне басшы болу қызметіне жоғарылату керек» (Шығармалар, 27-том, 255-бет).

Жас Совет мемлекетінің бұғанасы бекіп, буыны қатая қоймаған, біліміне тәжірибесі сай коммунистер саусақпен санағандай аз, жұмысшылар мен шаруалардың көбі әлі сауатсыз қиын кезеннің өзінде Ленин кадрларды іріктеуге осылай жоғары талап қойған еді. Ал қазір ше? Қазір елімізде партия тәрбиелеп өсірген қыруар кадрлар армиясы бар. Тек біздің республика партия ұйымының өзінде 470 мыңнан аса коммунист есепте тұрады. Олардың ішінде халық шаруашылығының алуан түрлі саласынан арнаулы білімі бар мамандар мыңдап саналады. Демек, шаруашылық пен мәдениет құрылысының қай буынын болса да білімді, іскер кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіншілік жеткілікті. Бар әңгіме партия органдарының сол кадрларды қамқорлықпен зерттеп, тәрбиелей отырып, ең қажетті, ең лайықты учаскеге орынды пайдалана білуінде.

Шаруаға бейім, ұйымдастырушылық қабілеті күшті, бұқарамен біте қайнасып, оны ылғи жана табыстарға жетелейтін жалын жігерлі қызметкерлер өсіру үшін олардың әрбір қадамын бақылап, қадағалап, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарау рухында тәрбиелеп отырудың ерекше маңызы бар. Кезінде бұл мәселеге Владимир Ильич Ленин

айрықша көңіл бөліп, партия, совет органдарының, барлық басшы қызметкерлердің ұдайы назарын аударып отырған болатын.

Кадрларға қатан талап қою, қабылданған қаулы-қарарлардың, шешімдердің, міндеттемелердің орындалуын дер кезінде бақылап отыру — дұрыс басшылықтың бірден-бір кепілі. Бақылау мен жоғары талап бар жерде партиялық тәртіп бар, сергектік бар. Партиялық бақылаудың ықпалын сезген қызметкер үнемі өзін ширақ ұстайды, іздену, жаңаға талаптану үстінде болады. Сондықтан да Ленин «Адамдарды тексеру және істің нақтылы орындалуын тексеру — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тағы да осында, тек қана осында» деп талай рет атап көрсетті.

Істің орындалуын бақылау — қайта-қайта уәкілдер жіберу, үсті-үстіне шешім қабылдау, әкімгершілікке салынып, онды-солды жаза қолдану деген сөз емес. Пәрменді, ықпалды бақылау — істің орындалуын қолма-қол ұйымдастыру, нақты жағдайды терең зерттеп, кемшіліктің алдын алу, адамдарға үйрету, көмектесу, жұмысты талап ету деген сөз. Партиялық іскерлікке негізделген осындай бақылау ғана көздеген нысанаға дәп тимек.

Коммунистік партия кадрларды іріктеу, істің орындалуын тексеру жөнінде лениндік нұсқауларды бұлжытпай басшылыққа алып келеді. Бұл салада өте-мөте КПСС Орталық Комитетінің октябрь, ноябрь, март Пленумдарынан кейін ерекше соны серпін туды. Орталық Комитет басшылық ісіндегі субъективизм, даңғойлық, мақтаншақтық, мәжілісқұмарлық, өмір талаптарымен санаспаушылық секілді зиянды құбылыстардың бәрін сылып тастап, лениндік басшылық принциптерін камкорлықпен дамытты. Жалпылама сөзуарлықтың орнына нақты ұйымдастыру жұмысын өрістету, партия ұйымдарының, әрбір коммунистің тапсырылған іске жауапкершілігін арттыру талабы күшейтілді.

Көптеген партия комитеттері жаңа жағдайдағы жаңа талаптарға лайық шаруашылық пен мәдениет құрылысына басшылық стилін елдеуір жақсартты. Қостанай облысындағы Федоров аудандық партия комитеті туралы осыны айтуға болады. Аудандық комитет мәжілістерді, түрлі кеңестерді мейлінше азайтты. Аудандық комитеттің секретарьлары, бөлім меңгерушілері, нұсқаушылары уақыттарының көбін жергілікті жерде, еңбек адамдары арасында өткізеді, партия шешімдерінің, жоспарлардың, міндеттемелердің қалай орындалып жатқанын бақылайды, тексереді. Ғылым жетістіктерін, еңбектің озат әдістерін, бастауыш ұйымдардың жақсы тәжірибесін зерттейді, қорытады, насихаттайды. Егер кемшілікті көрсе, оны тезірек жоюдың шараларын қарастырады.

Осыдан біраз уақыт бұрын аудандағы «Минский» совхозынан сиырдың сүттілігі кеміп, шошқа мен ірі қараның күтімі нашарлап, жұмысшылардың белсенділігі төмендеп кетті деген дабыл түсті. Бұрын мұндай жағдайда совхоз директоры мен партия ұйымының секретарын аудандық комитеттің бюросына шақырып алып, «сілкіп-сілкіп» алар еді де, сонымен бұл шаруаны тындырдық деп санар еді. Бұл жолы олай еткен жоқ. Совхозға әр саладан мамандығы бар бірнеше нұсқаушы жіберді. Олар барлық фермада, бөлімшеде болып, нақты жағдаймен танысты. Малшылар арасында бұқаралық-саяси жұмыс тоқырап қалған екен. Социалистік жарысты ұйымдастырып жүрген ешкім жоқ. Бөлімшелердегі цехтық партия ұйымдары керек десе өздеріндегі озат сауыншылардың, үгітшілердің кім екенін де білмейді. Фермаларда еңбек тәртібі мүлде босансып кеткен.

Нұсқаушылар кемшіліктердің себебін ашып, оларды жоюға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеп, аудандық комитетке оралды. Бірақ нұсқаушылардың қорытындылары мен ұсыныстары бұрынғыдай аудандық партия комитетінің бюросында емес, совхоз коммунистері-

нің өз жиналысында талқыланды, кемшіліктер солардың өз күшімен түзетілді.

Аудандық партия комитеті Чапаев атындағы колхоз бен «Пешковский» совхозындағы қиын жағдайды да осындай әдістермен түзетті.

Соңғы кездері аудандық партия комитеті шаруашылықтардың экономикасы мен мәдени өміріне ең қажетті деген мәселелерді іріктеп талқылауға және ол жөнінде жалпылама емес, нақтылы, тиянақты шешімдер қабылдауға ерекше назар аударып жүр. Ол үшін пленумдарда жасалатын баяндамалар мен қаулылардың жобасы екі-үш апта бұрын бастауыш ұйымдарға жіберіледі. Коммунистер оны талқылап, түзетулер енгізеді, ұсыныстар, сын пікірлер айтады. Сонда бұл бүкіл аудан коммунистерінің коллективтік ақыл-ойы нәтижесінде қабылданған шешім болады да, оны жүзеге асыруға әрбір коммунист белсене қатысады. Сондай-ақ аудандық комитет тек бастауыш партия ұйымдары ұсынған адамдарды ғана жоғарылату принципін ұстап, дұрыс жасап жүр. Мұндай принцип кадрларды іріктегенде қателіктерге ұрынбай, ең лайықты, ең іскер коммунистерді дұрыс таңдап алуға көмектеседі.

Аудандық партия комитетінің басшылық стиліндегі өзгерістердің игі ықпалы қазір-ақ айқын көріне бастады. Аудан шаруашылықтары ет, сүт, жүн, жұмыртқа өндірудің және мемлекетке сатудың жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Колхоздар мен совхоздар егін жинауға тынғылықты әзірленді. Құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Ақтөбе облысындағы Мартөк, Алматы облысындағы Қаратап, Қөкшетау облысындағы Қөкшетау аудандық партия комитеттерінің және басқа көптеген партия ұйымдарының жұмысында да осындай жақсы нышандар байқалып отыр.

Дегенмен басшылықтың ескірген, жарамсыз стилінен арыла алмай, баяғы ескі әуенмен келе жатқан партия комитеттері де жоқ емес. Қайсыбір партия ұйымдарында үсті-үстіне мәжіліс шақырып, құлаш-құлаш шешімдер қабылдауға әуестік, жергілікті жағдайды мәліметке қарап бағалаушылық, бір бастаған істі ақырына дейін апармай, аяқсыз қалдырушылық, істің орындалуын формальді, үстірт бақылаушылық фактілері әлі жойылмай келеді. Бұған бірер мысал келтірейік.

Осыдан біраз уақыт бұрын Солтүстік Қазақстан облысының «Смирновский» совхозында өншен әйелдерден трактор бригадасы құрылған еді. Совет аудандық партия комитеті мұны механизаторларды көптеп даярлауға көмектесетін жақсы бастама деп бағалап, оның төңірегінде едәуір айкай-шу көтерген-ді. Бұл бастаманы дамытып, басқа жерлерде де таратпақ болған-ды. Бірақ істің бәрі сонымен тынды. Көп ұзамай-ақ аудандық комитет өзінің игі ниетін ұмытып кетті. Ал кейін бір еске алған кезде әлгі әйелдер бригадасының әлдеқашан қожырап тарап кеткені белгілі болды. Әрине, еңбекшілердің творчестволық бастамасын бүйтіп қолдау, істің орындалуын бүйтіп ұйымдастыру партия органдарына ешқандай абырой, бедел әпермесе керек.

Осы облыстағы Сергеев аудандық партия комитеті де нақты ұйымдастыру жұмысының орнына жалпылама шешімдер қабылдауға құмар-ақ. Аудандық комитет малшылар арасындағы ұйымдастыру-тәрбие жұмысын күшейтеміз деп жыл сайын шешім қабылдайды. Бірақ ол шешімнің орындалуын қамтамасыз етерліктей пәрменді шаралар іске асырылмайды. Ауданда озат бақташылардың, шопандардың тәжірибесін қорытып, таратып жүрген адам аз. Өндірістің шешуші буындарын, әсіресе мал фермаларын коммунистермен нығайту, олардың жетекшілік ролін арттыру ісі назардан тыс қалған. Мысалы, бүкіл аудандағы 582 сауыншының 10-ы, 122 бұзаушының екеуі, 186 шопанның 12-сі ғана коммунист. Олардың да бірсыпырасы еңбекте болсын, қоғамдық өмірде болсын партияда жоқ бұқараға өнеге бола алмай жүр. Осыдан кейін

аудан шаруашылықтарының өткен жылы мал санын көбейту жоспарын шошқадан өзге бірде-бір түліктен орындамай, ұятқа қалғанына тандануға бола ма?!

Пәрменді бақылау, жоғары талап болмаған жерде ең қабілетті, ынталы деген қызметкердің өзі де бірте-бірте босансып, жайбарақаттанып, самарқаулана, жалқаулана бастауы мүмкін. Тіпті бара-бара жаңалықты, жауапкершілікті сезіну қасиетінен мүлде айырылып, өзін бәрін білдімге санайтын, ал іс жүзінде өмір ағымына ілесе алмай, әлдеқашан тоқырап қалған кертартпа басшыға, мақтаншак данғойға, көзбояушыға, бюрократқа айналуы ықтимал. Владимир Ильич коммунист үшін мұндай кеселден асқан хауіпті жау жоқ деп талай рет сақтандырған болатын.

Бір кезде Целиноград облысындағы «Максимовский» совхозының директоры Ф. А. Рубань іскер, алғыр кадрлардың санатында жүрді. Балқашин аудандық партия комитеті конференцияларда, пленумдарда, түрлі кеңестерде үнемі оны жер-көкке сыйғызбай мақтап, басқаларға үлгі етіп ұсынатын. Рубань іс жүзінде партиялық бақылаудан тыс қалды, оның айтқандары, мәліметтері мен ақпарлары ешбір шүбәсіз қабылдана берді. Аудандық комитет Рубаньның әлдеқашан-ақ өсуден қалып, мен-мендік батпағына ұрынғанын, совхоз экономикасы жөнінде үнемі жалған мәлімет беруге әдеттенгенін, мамандардың, коммунистердің пікірімен санаспай, совхоз шаруасын әлсіретіп жібергенін, мемлекет мүлкіні оңды-солды шашып, техниканы сақтауда несіздікке жол бергенін байқамады. Облыстық партия комитеті Ф. А. Рубаньді орнынан алып, партиялық жолмен қатаң жазалауға мәжбүр болды. Егер Балқашин аудандық партия комитеті кадрларға қатаңырақ талап қойғанда жұмысты тәп-тәуір бастаған коммунистің бүйтіп тез құлдырауына жол бермей, оны қатарда сақтап қалуға әбден болатын еді.

Павлодар облысының Баянауыл аудандық партия комитеті де «Александровский» совхозының бұрынғы директоры Кенжеқеев жөнінде жоғары принциптілік көрсетпеді, оның ұзақ уақыт маскүнемдікке салынып, шаруашылықты ақсатуына, өзін коллективтен, бастауыш партия ұйымынан жоғары қоюына төзімділік жасады. Бұл мәселеге де облыстық партия комитеті араласып барып, коммунистік ар-ұяттан айрылған қызметкерді тәртіпке шақырды.

Тегінде басшы қызметтегі жолдастардың бақылаудан тыс қалып, бюрократтық жолға түсуі, оның өз басы үшін ғана емес, бүкіл коллектив үшін, партия ұйымы үшін зиянды зардаптарға соқтырмай қоймайды. Басшы қызметкердің дандайсуы оның төңірегіне жағымпаздардың, мансапқорлардың жиналуына түрткі болады, шаруашылықты ақсатып, жүздеген адал адамның еңбегін еш қылады, қатардағы коммунистердің, еңбек адамдарының орынды ренішін туғызады, олардың партиялық ықпал жөніндегі сенімін азайтады. Демек, партия органдары жетекші қызметтегі коммунистердің уставтық міндеттерін орындауына өте-өте қатаң қарап, шалыс басқандарын партиялық тәртіпке шақырып отыруға тиіс.

Істің нақтылы орындалуын тексерудегі үстірттік пен ағаттық кей жағдайда заманымыздың ең қасиетті құбылыстарының бірі—коммунистік еңбек қозғалысының беделі мен кәдірін кетіріп жүргенін ашық айтқан жөн. Қайсыбір шаруашылық басшылары жақсы-атты көріну үшін құрғақ уәдемен жарылқап тастайды, көзбояушылыққа салынады. Мұндай фактілер Семей қаласының кейбір кәсіпорындарында көбірек байқалып жүр. Облыстың өнеркәсіп, транспорт орындарында коммунистік еңбек қозғалысына қатысып жүр делінген 66 мыңнан аса адамның көбісі тек санақ үшін тізімге енгізілген. Мысалы, Аякөз локомотив депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері бірнеше жылдан бері коммунистік еңбек үшін күресіп жүр деп есептеледі. Бі-

рак осы коллективтің күні бүгінге дейін нақтылы қабылдаған міндеттемесі де жоқ екен.

Коммунистік еңбектің екпіндісі атағын берудегі формальдылық бұдан да сорақы. Семейдің ет комбинатында, «Большевичка» тігін фирмасында, тағы басқа кәсіпорындарда бұл құрметті атақ өндірістік көрсеткіштеріне ғана қарап, тізіммен берілетін болған. Еңбекшілердің жарысын ұйымдастырудағы мұндай өрескел кемшіліктерге ең алдымен Семей калалық партия комитеті, облыстық кәсіподақ советі, өнеркәсіп орындарының бастауыш партия ұйымдары кінәлі.

Қатардағы коммунистерді, еңбекшілердің қалың бұқарасын белсенді қатыстырмайынша істің нақты орындалуын бақылау, тексеру ойдағыдай жолға қойылмақ емес. Бұл мақсатта партиялық-мемлекеттік бақылау органдарын, олардың жер-жердегі көмекші топтары мен постарын камкорлықпен пайдалану қажет. Партия ұйымдары халық бақылаушыларының орынды дабылына, ұсыныстарына, талаптарына мұқият құлақ асып, оларды үнемі қолдап, көтермелеп, ынталандырып отыруға борышты. Владимир Ильич Ленин еңбекшілердің шағымдары мен дабылдары кемшіліктерді ашуға, сөйтіп жұмысымызды ілгері бастыруға көмектеседі деп есептеп, оларға мейлінше ұқыпты қарауды үйреткен болатын. Ол 1919 жылы Халық Комиссарлары Советінің іс-басқарушысына жазған бір хатында барлық үкімет орындары мен үкімет адамдарының үстінен түскен шағымдар жайлы маған дереу баяндап тұрыңыз, жазбаша түскен шағым жөнінде 24 сағаттан кешіктірмей, ауызша айтылған шағымдар туралы 48 сағаттан кешіктірмей баяндалып тұратын болсын деп тапсырған-ды. Міне бұқараның үніне, дабылына нақ осылай, Ильичше сергек қарау керек.

Шаруашылық пен мәдениет құрылысы міндеттерінің орындалуын пәрменді бақылап, қадағалап отыру үшін партиялық ішкі демократияны өрістетудің айрықша маңызы бар. Партия конференцияларының, пленумдарының, жиналыстарының мазмұнын жақсартып, ролі мен беделін көтеру керек. Партия ұйымдары өз жиналыстарында экономика мен мәдениеттің, адам тәрбиесінің көкейтесті мәселелерін үзбей талқылап, шешіп отыруға міндетті. Ұйым өмірінде әрбір коммунист өз пікірін еркін білдіретіндей, ешкімнің бет-жүзіне қарамай, кемшіліктерді ашық сынайтындай жағдай туғызу қажет. Коммунист өзінің орынды ұсыныс пікірі ескерусіз қалмай, қолдау табатынына, сын үшін ешқашан қудаланбайтынына кәміл сенетін болсын. Сонда ғана ол жаңаны дамыту, кертартпалыққа, бюрократтыққа, даңғойлыққа қарсы күресу жөнінде партия ұйымдарына шын белсеніп көмектеседі.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы партия шешімдерінің, жоспарлар мен міндеттемелердің орындалу барысын ұдайы бақылап, партиялық және мемлекеттік аппараттың барлық буындарында, қоғамдық өндірістің барлық учаскелерінде тәртіпті нығайту қажет, әрбір қызметкердің тапсырылған іске жауапкершілігін мейлінше арттыру керек деп атап көрсетті. Облыстық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары Пленумның осы нұсқауын мүлтіксіз орындау үшін барлық әдістер мен мүмкіндіктерді пайдалануға міндетті. Істің орындалуын байыпты тексеру, кадрларға талапты күшейту — бүкіл ұйымдастыру жұмысының түп қазығы, адамдарды коммунистік еңбекке жұмылдырудың пәрменді құралы екенін ешқашан ұмытпау керек.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл...

Біздің совхоз Арыстанды өзенінің бойындағы тың жерге орналасқан. Жазы ыстық, қысы қатты. Негізгі бағыты — егіншілік, мал шаруашылығы. Алпыс мыннан астам уақ малы, екі мыңдай қарасы, мыңға тарта жылқысы бар. Жыл сайын он жеті мың гектар егін салады. Осының өзінен-ақ шаруашылықтың етек-жеңі кең, өрісі шалқар екені аңғарылса керек.

Тың совхозының жайы белгілі ғой. Алғашқы жылдардың қиыншылығы көпке дейін қол байлау болып, құлаш жаздырмады. Рас, негізінен алғанда әуел бастан-ақ еңбек сүйгіш коллектив қалыптасты. Бірақ онай олжа іздегендер, жұмысқа жалқау, тілі шайпау «қиын мінезділер», маскүнем ішкіштер де жоқ емес еді. Сондайлар өздерінің кері кеткенімен тұрмай, өзгелерге де теріс әсер етіп, жалпы совхоз шаруасына қырсығын тигізді, еңбек тәртібін әлсіретті. Тіпті коммунистердің арасында да солардың ықпалына түсіп, оғаш мінез көрсеткендері болды. Осыдан үш-төрт жыл бұрын кенсеге қызып келіп, салғыласып, тілдеп, балағаттап кететін мастарды, ертеңнен кешке дейін аттарын магазиннің жанына қаңтарып тастап, арақ ішетін шопандарды жиі көруге болатын еді. Мұның бәрі шаруашылыққа қаншама зиян келтіргенін түсіну қиын емес.

Совхоз дирекциясы мен партия ұйымы «егер буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас шаруашылықты тұралатқымыз келмесе, бұл масқаралықты тез арада жоюымыз керек» деген қорытындыға келді. Ең алдымен еңбек тәртібін бұзушылыққа, маскүнемдікке қарсы бітіспес күрес ашуды ұйғардык.

Бірінші қадамды «Коммунистің рухани бейнесі» деген тақырыпта партия жиналысын шақырудан бастадық. Жиналыста маскүнемдікке, еңбек тәртібін бұзушылыққа қарсы күресті күшейту жайлы үлкен әңгіме болды. Ешкімнің бет-жүзіне карамай, акты ақ, қараны кара деп, бар шындық ашық айтылды. Әсіресе өзгелерге өнеге көрсетудің орнына өздері маскүнемдікке салынған гидротехник Салықбаев, нормалаушы Алтаев, қойма меңгерушісі Байшуақов секілді коммунистер ащы да әділ сынға алынды. Маскүнемдерге де, олардың еркіпсуіне жол берушілерге де ешбір аяушылық болмасын! Міне, партия жиналысы осындай бағыт ұстады.

Әрине, жиналыс шақырып, қаулы қабылданысымен маскүнемдер «тәубаға» келіп, жалқаулар жапыра жұмыс істеп кетпейтіні белгілі ғой. Партия ұйымы өз шешімін жүзеге асыру үшін ұйымдастыру-тәрбие жұмысын қолға алды. Бүкіл совхозға әйгілі «ішкіштердің» әр қайсысымен жеке-жеке әңгімелесіп, үйлеріне барып, жүріс-тұрысын қадағалап, қиыс басқан әр қадамын әшкерелеп отырды. Маскүнемдік жасалған әрбір фактінің, жұмыс істелмей қалған әрбір сағаттың қоғамдық іске, адал еңбеккерлердің мүддесіне қанша зиян келтіргенін қолма-қол есептеп, көпшілік талқысына салып отырды. Сөйтіп маскүнемдер мен еңбек тәртібін бұзушыларға қарсы күреске бүкіл совхоз жұртшылығының өзін жұмылдырды. Бұл істе партия ұйымына коммунистермен қатар партияда жоқ адал еңбеккерлер, өндіріс озаттары, пенсионерлер, ерікті халық жасағы, жолдастық сот пәрменді көмек көрсетті.

Партия ұйымы еңбекшілерді тәрбиелеуде коллективтік ықпалдың бар күшін пайдаланды. Оның әрбір қадамы құр қаталдыққа емес, қайта адамға деген шынайы қамқорлыққа негізделді. «Қиын мінезділерді» шыдамдылықпен қайта тәрбиелеп, қатарға қосып отырды. Жұмыстан босату секілді әкімшілік жазаны ең соңғы шара деп есептеп, оны әбден

шектен асқан, партиялық-қоғамдық ықпалдың ешбір түріне көнбей қойған адамға ғана қолданды.

Мысалы, партия ұйымы совхоздың бұрынғы экономисі Әуесбаев Сатыбалдымен бір жарым жылдан астам әуреленді. Оны ішкіліктен арашалап алуға партия ұйымының бюро мүшелері де, жанашыр жолдастары да ат салысты. Жұмсақ та, қатты да айтылып көрді. Көп талқысына да салынды. Бірақ оған ешқандай ем қонбады, Әуесбаев маскүнемдігін қоймады. Ақыр-соңында партия ұйымы оны қызметтен босату туралы дирекция алдына мәселе қоюға мәжбүр болды.

Дегенмен мұндайлар көп емес еді. Партия ұйымының адам тәрбиелеудегі дәйекті, жоспарлы жұмысы нәтижесіз кеткен жоқ. Түзелмейді-ау деп көңіл қалдырған көп жолдастардың өзі адасқандарын ақ жүрегімен сезініп, адал еңбеккерлердің үйіріне қосылды. Совхозда еңбек тәртібі әжептеуір нығайды. Ең маңыздысы — партия ұйымы шындап қолға алса, қандай «тентекті» де тезге салып, тәртіпке шақыра алатынына жұмысшы қауымның көздері жетіп, сенімдері артты.

Партия ұйымы саяси-тәрбие жұмысын коммунистердің өндірістегі белсенділігін күшейту, сол арқылы жаппай өрлеу туғызу шараларымен ұштастыра жүргізді. Өте-мөте орта буын кадрларды іріктеуге, солардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруға ерекше назар аударылды. Әрбір ферманы, бригаданы, звеноны қолынан іс келетін, білімді, қабілетті, беделді адамдар басқаруға тиіс деген талап қойылды. Себебі бүкіл совхоз шаруашылығының өрге басуы сол кадрлардың іскерлігіне, бұқараның күш-жігерін ортақ мақсатқа жұмылдыра білуіне байланысты екені айқын еді.

Біз қазір бұл салада да едәуір алға басқандық бар деп айта аламыз. Совхоздағы бес ферманың төртеуінің менгерушісі ауыл шаруашылығынан арнаулы білімі бар жолдастар. Фермалардың агрономдары, зоотехниктері, веттехниктері де біркелкі жақсы іріктелген. Мысалға совхоздағы ең ірі № 1 ферманың менгерушісі Жүсіпбеков Жүнісәліні алайық. Бұл бір кезде еңбек сүйгіш іскерлігімен де, содыр мінез тентектігімен де ауызға ілінген коммунист еді. Партия ұйымы оның мінез-құлқындағы мінін түзетіп, жақсы қасиетке баулу үшін көп еңбек сіңірді. Ерінбей, жалықпай тәрбиеледі. Асып-тасып бара жатса партиялық тәртіпке шақырып, керек кезінде көтермелеп отырды. Сөйтіп жүріп ақыры ортан қолдай өндіріс ұйымдастырушысын баулып шығарды. Қазір 19 мыңға жуық биязы жүнді қойы, 700-дей ірі қарасы, 360-тан астам жылқысы бар, 4 мың гектардан астам дәнді дақыл егетін бұл ферма совхоздағы мақтаулы бөлімшенің бірі.

Осы секілді, № 2, 5 фермалардың жетекшілері Қ. Жүсіпов, Б. Бекжігітов жолдастар да шаруаның жайын жетік білетін, істің көзін тауып басқаратын, жұмысшылар арасында беделі бар коммунистер.

Біз негізгі мамандық иелерін — шопандар мен механизаторларды жеткілікті даярламайынша егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін еселеп өндіру туралы ойлауға да болмайтынын жақсы түсінеміз. Сондықтан да бұл мәселені бір сәтке де естен шығармаймыз. Шопандар даярлауда арнаулы семинар-кеңестерді, озат тәжірибе мектебін, өмірден білген, түйгені мол байырғы малшылардың ақыл-кеңесін пайдаланып жүрміз. Осыдан үш-төрт жыл бұрын қой бағуға, өте-мөте төл айырған кезде жаңа отарларды қабылдауға адам жетіспеуші еді. Қазір бес фермада 332 шопан бар. Олардың басым көпшілігі мал бағудың қыры мен сырын жақсы менгеріп алған, зоотехния ілімінен де хабардар, өз кәсібін сүйетін өнегелі малшылар.

Қой шаруашылығының кадрларын баулып өсіруге Қ. Байгелов, М. Нақбаев, А. Әлиев, аудандық партия комитетінің мүшесі әрі аудандық Советтің депутаты Ж. Таласбаев сияқты аға шопандардың көп еңбек сіңіріп жүргенін атап өткен мақұл. Бұлар малды бағып күту, төл-

ді көп алу жөніндегі өз әдістерін басқаларға ықласпен үйретіп, озат тәжірибені белсене насихаттауда.

Сондай-ақ, совхозымызда механизаторлар армиясының қатары да жыл санап молыға түсуде. Ауыл шаруашылық техникасының тетігін меңгеруге ықлас білдірушілерді көтермелеп, баулып өсіруге мұрындық болып жүрген Қ. Нұсқабаев, М. Байзақов, Е. Шардарбеков, Ф. Романенко, А. Ездоков, Ж. Нұрмақанов, С. Жаппаров және басқа солар сынды ондаған озат механизаторларымыз бар. Совхозда егіншілік мәдениетінің жылдан-жылға жақсарып, егіс көлемінің үздіксіз ұлғаюы солардың арқасы.

Бірте-бірте толысып, қиыншылықтармен күресу үстінде шыныққан, шындалған, бірлігі, ынтымағы артқан коллектив тым шұғыл болмағанымен, нық алға басып келеді. Совхозымыз соңғы үш жылдан бәрі шын өрлеуге бет алды. Биязы жүнді қойдың тұқымы әжептеуір жақсарып, тек төлдейтін саулықтың өзі 40 мыңға жуықтады. Егіс көлемі 17 мың гектардан асты. Шаруашылықтың негізгі салалары түгел кіріс бере бастады. Совхоз экономикасы нығайып, жұмысшылардың әл-ауқаты жақсарды.

Әрине, тым мақтанып кетуге әлі де ертерек. Аналық малдың әр жүзінен алынып жүрген төл саны көңлімізді тойдырмайды. Егін шығымдылығы да мүмкіндігімізден әлі төмен. Мұның себебі — егіс құрылымы нашар. Тыңайтқыштарды тиімді пайдалана алмай жүрміз. Бидайдың мол өнімді сорттары аз егіледі. Сондай-ақ жұмысшылар арасында еңбек тәртібін бұзушылар, ішкілікке салынып кетушілер бірен-саран болғанымен, әлі де оқта-текте бой көрсетіп қалады.

Мұның бәрі өзіміз білетін, келешекте жоямыз деп кәміл сеніп отырған кемшіліктер. Ең қуаныштысы — совхоз коллективінің беталысы жақсы, еңбекке деген ықласы үлкен, бірлігі, ынтымағы күшті. Ал топтаса, жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатыны, көп болып қолға алғай істің жемісті мол беретіні қашаннан белгілі ғой.

Осыдан біраз бұрын совхоз коллективі өз мүмкіндіктерін есептей келіп, 1966—1970 жылдарға социалистік міндеттеме қабылдады. Сол міндеттемеге сәйкес совхозда жыл сайын 78 мың биязы жүнді қой болады (одан артығы етке өткізіледі және басқа шаруашылықтарға сатылып тұрады). Ірі қара 2500-ге, жылқы 1200-ге жетеді. Әр жылы мемлекетке орта есеппен 6 мың тоннадай астық, 11 мың центнердей ет, 240 тоннадай жүн, 370 тонна сүт сатылады. Мал тұқымын асылдандыру бағытында елеулі шаралар іске асырылады. Егін шығымдылығын арттыру үшін ауыспалы егіс тәртібі енгізіліп, тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану жолға қойылады. Бидай егісі түгел дерлік мол өнімді сорттармен егіледі.

Мұның бәрі үлкен күш-жігерді, орасан зор ұйымдастыру жұмысын керек ететін аса жауапты міндет. Совхоз партия ұйымы өз қатарындағы коммунистерді, барлық еңбеккерлерді осы міндетті абыроймен орындау күресіне жұмылдырады.

Ә. ҚАСЫМБЕКОВ,

«Алғабас» совхозы
партия ұйымының секретары.

Алғабас ауданы,
Шымкент облысы.

ПАРТКОМ МҮШЕСІ

...Арайлап атқан таңмен қоса күн шапағы да шашыла бастаған шак. Табиғат қандай тамаша. Машинаның жылдам жүрісімен ерегесе самал жел еседі қапталдан. Жол жиегінде жарыса түсіп, сәл иірімденіп, сабырмен ағып Талас жатыр. Азанғы уақытқа карамастан жұмысқа шыққан еңбеккерлер де жиі-жиі ұшыраса бастауда. Еңбек майданының бұл көрінісі бойға қуат, сезімге нәр күйғандай. Мұндай сәтте өзін де еңбек дүбіріне, ел дүрмегіне араласқанша асығасын.

Біз колхозды ауылға жеткенде күн тұсау бойы көтеріліп қалған еді. Кеңсе маңында жүрген жан да сирек екен. Бәрі де ертелетіп жұмысқа аттанған. Қолымызға түскені колхоз партия комитетінің секретары Сабыр Жүнісов болды.

Жайдары, жарқын жүзбен қарсы алған партком секретары шаруа жайын андаған соң, байыптап қарап, батылдау сөйлейтін әдетімен:

— Партия комитетінің 11 мүшесінің жартыдан көбі тікелей өндірісте істейтін қатардағы коммунистер. Әсіресе солардың ішінде өз басының өнегесімен де, ұйымдастырғыш қабілетімен де ел құрметіне ие болып жүрген жанның бірі — Сатан Қаленов жолдас. Бригадир. 1963 жылдан партком мүшесі. Көп айтып мақтамай-ақ қояйын. Өзінің де танысасыз ғой, — деп жымыды.

— Қаленовты, — деді секретарь ол жайындағы таныстыру әңгімесін аяқтай беріп, — қазір қызылша басынан табасыз. Ол үнемі сонда болады. Колхоз председателі де жана сол бригадаға кеткен. Александр Львович қызылшаны жаяу аралайды, көп ұзамаған болар, қуып жетіп бірге барарсыздар деп жөн сілтеді. Айтқандай-ақ колхоз председателі Нахманович те алысқа ұзай қоймаған екен.

Көз жетер жерге дейін көсілген қызылша плантациясы. Биылғы жаздың ыссылығына карамастан кара қошқылданып шыққан қызылша көздің жауын алады. Күллі колхоз қызылшасы 1 250 гектар болғанда, мына Ақжар маңында егілген 250 гектар қызылша Сатан Қаленов басқаратын № 3 бригаданыкі екен. Әрдайымдағы ұқыпты әдетіне, еңбек сүйгіш дағдысына басқан бұл бригаданың мүшелері биылғы қуаншылыққа карамастан бітік қызылша өсірген. Қызылшаны күтіп-баптау кезінде басқарма болсын, секретарь болсын көпке осы бригаданы үлгі ете сөйлейтін әдет қалыптасқан. Қазірде председателдің өзі Сатан бригадасының қызылшаны суаруын көзімен көріп, көңілі риза болып тұр.

Осы сәтте қызылша плантациясының арғы шетінен ақ боз ат мінген біреу бері карай келе беріп еді. Ақ китель, ақ қалпақты, жел қағып, күнге күйген тобылғы жүзді, жирен мұртты кісі сөйлей тақағанды. Аттанып түсе, әркімге қол беріп амандасқан ол:

— Александр Львович, ертелетіп мына қойнауудағы 95 пен 18 гектар жерді аралап келем. Бәрі де түннен бері су ішіп жатыр, қазіргі қалыптары жаман емес, — деді. Мұнан кейінгі әңгіме шаруашылық жайы, өнім турасында болып кетті. Бригадир мен председателдің алда тұрған істер жайын нақты әңгіме етуіне карап, іскер бастаушысына сай қостаушысы бар екенін аңғарасын.

Ақиқатында да солай. Былтырға дейін аудан бойынша артта қалып келе жатқан осы колхозға жана председателдің келуі көп септігін тигізген. Жылдар бойы зияннан көз ашпай келе жатқан шаруашылық тұнғыш рет пайда да тапқан. Бұл бағытта шебер басшылықтың қандай әсері болса, Қаленов сияқты коммунистердің де қосқан үлесі бар.

— КПСС Орталық Комитетінің октябрь Пленумынан кейінгі жерде, — дейді Сәтекен қызылша плантациясының ана басында жүрген тракторға көз салып қойып, — біз, коммунистер, өз партия ұйымымыз-

дың беделін, жауынгерлігін, оның өндіріске, коллективке деген ықпалының күшті болуын ерекше ойлайтын, сол үшін қам жейтін, тындырған ісімізді сарапқа салатын болдық қой. Оның үстіне өзін колхоз партия комитетінің мүшесі болсаң, жауапкершілігің екі есе артық болады. Мейінше партком мүшесі де партия ұйымы жүргізер күллі партиялық-ұйымдастыру, саяси-тәрбие жұмысына секретарьмен бірдей жауап береді. Бізге жүктелген міндеттің ерекшелігі де осында ғой деп ойлаймын.

Колхоз коммунистері партия мен халық алдындағы өз жауапкершілігін, ауыл шаруашылығын көтерудегі өз міндеттерін жете түсінген. Бұл бағытта партия ұйымының, Қаленов сияқты партком мүшелерінің атқарған жұмысы өз алдына бір төбе. Колхоз партия ұйымы соңғы кезде ұйымдастыру, тәрбие жұмыстарында елеулі табысқа ие болуда. Партия комитеті ауыл шаруашылығы өндірісі мен коллектив мүддесін қабыстыра жүргізуде. Сондықтан да оның бұқараны бастаушы, ұйымдастырушы ретіндегі ролі ерекше өсуде.

Партия комитеті колхоз басқармасымен бірлесе отырып, шаруашылық экономикасын көтеру жөнінде бірсыпыра жұмыстар істеген. Өндірістің шешуші буындарына коммунистер орналастырылған. Соның арқасында колхоз өткен жылы 1 150 гектар қызылшаның әр гектарынан 410 центнерден өнім жинады. Ал 1963 жылы әр гектардан небәрі 163 центнерден ғана өнім алынған. Егер 1963 жылы өндірілген әрбір центнер қызылшаға 3 сағат 41 минут жұмсалып, оның өзіндік құны 2 сом 67 тиын болса, ал былтыр бір центнер қызылша өндіруге 1 сағат 46 минут кетіп, оның өзіндік құны 1 сом 59 тиынға арзандады.

Манадан бүкіл колхоз шаруашылығын әңгіме еткен партком мүшесі енді өз бригадасындағы жағдайға ойысты:

— Біздің бригаданың да колхоз табысына қосқан өз үлесі бар. Өткен жылы 265 гектар жерге егілген қызылшаның әр гектарынан 391 центнерден өнім алдық, сөйтіп осы бригаданың өзі төрт жүз мыңнан аса сомның табысын берді. Ондағы міндеттемеміз 350-ден еді, биыл 450-ден деп отырмыз. Бірақ ауа райының қолайсыздығы болып тұрғаны. Сөйтсе де қызылшамыз өткен жылғыдан жаман емес.

Сәске түс. Күн ыстық, айнала аптап. Көсіліп жатқан қызылша плантациясының шар тарабында шабыттана еңбек етіп жатқан қызылшашылар көрінеді. Біраздан бері жаяулаған бригадир енді бізді бастап тура таяу маңдағы қызылшашыларға тартты. Сәтекең орта бойлы, сіренкелеу жан екен. Оның майда қоңыр үні мәнерлі. Жекіре, әкіреңдей сөйлеу бұл адамның әдетінде жоқ секілді. Қыр мұрнының астына біткен жирен мұрты күлген сайын әнтек көтеріліп қалады. Күлген сайын алдыңғы күміс тістері еріксіз көзге түседі.

Елу — ердің жасы, өмір ортасы. Елудің өріне жас жігіттей жайнап шығатындар көп-ақ. Солардың бірі—осы Сәтекең. Ол кісі елуді орталап барады. Бірақ әлі тың. Тек анда-санда ауа райының сәтсіз шақтарында сырқырап қоя беретін қабырғадағы оқтың орны болмаса...

— Шырағым, — деді ол әңгімесін ұластыра, — мана бір сөзінде партком мүшесі ретінде не істедіңіз және не істемексіз деп сұрадың. Осыны өзім де көп ойлаймын. Әрине, істеген жұмыстың бәрі бір мақсатты көздейді. Түп мақсат — қорам, колхоз қамы, жұрт жайы ғой. Өнім молшылығын жасасақ, тұрмыс та түзеледі. Осыған орай шамадан келгенінше партия ұйымына да көмек көрсетіп жүрміз. Партком мүшесі деген абыройлы да құрметті атақ. Оны ардақтап алып жүруіміз қажет. Коммунистер көрсеткен сенімді ақтау абзал. Басты борыш — осы.

Екіншіден, партком мүшесі екенмін деп тек мәжілістерге қонақ ретінде қатысудан аулақпын. Комитеттің күнделікті жұмысына етене араласып, талқылауға тиісті мәселелерді, материалдарды даярласамын.

Әрбір жоспарлы, жоспарсыз шақырылатын партком мәжілістерінен соң оның шешімдерін бригада мүшелеріне, жалпы көпшілікке тү-

сіндіреміз. Алда тұрған міндеттерді мезгеп, соны орындауға жұртшылықты жұмылдырамыз. Партком қаулы-қарарларын цехтық бастауыш ұйымдарға жеткізіп, олардың орындалуын қадағалаймыз. Бастауыш ұйым секретарьларына жәрдемдесеміз, — дейді партком мүшесі.

— Коммунист жеке басының өнегесімен өзгелерге үлгі көрсетуі керек, — деді ол тағы да. Сөзінде бәтуа, ісінде тиянақ жоқ жанды кім жақсы көрсін? Коммунистің өзі бас болып, үлгі көрсетуі оның жұрт алдындағы беделін арттырады. Біздің бригадамызда ондай өнегелі коммунистер көп. Мысалы, қызылшашылар звеносының жетекшілері Фатиха Байтөреева, Жаңылсын Тұрғынбаева, Тоғжан Ыбыраева, Жанбыркүл Керімбаева сияқты коммунистер өзгеге өнеге болып жүргендер.

Бұлардан басқа осы бригададағы 25 коммунистің бәрі де қызылшада істейді екен. Ала жаздай шілденің аптабына қарамастан қажырлы еңбек еткен олар бітік өнім өсірген. Қызылшашылар еңбегін паш еткендей, сонау дала қосының төбесінде желмен ойнап, Қызыл ту желбіреді. Қуаншылыққа қарамастан, қызылшаның күтім-баптауында оза шыққан өнегесі үшін колхоздың ауыспалы Қызыл ту сияқты жүлдесімен қоса, 1 100 сом бәйге де алған екен бұл бригада.

— Жұрт өзінің қуаныш, қайғысын айту үшін де, ақыл-кеңес алу үшін де алдымен біздерге келеді, — дейді партком мүшесі. — Бізде оларды өз тарапымыздан ақ көңілден қарсы алып, қолдан келгенінше жәрдемдесеміз. Жұрт мұқтажы мол. Кейде отқа жағатын тас көмірден бастап, үйдің төбесіне жабатын шиферға дейін іздестіріп, көмек береміз. Біз жұрттың ақылшысы да жанашыры болуға тиіспіз. Соған жарасак, үлкен мәртебе.

Адамдар арасында жүргізілетін идеялық тәрбие жұмысы партия қызметкерлерінің бірінші кезектегі борышы. Адамдармен ашық сөйлесіп, сырласып, олардың тек өндірістік жоспарды орындауын емес, сондай-ақ көңіл ауанын, тұрмыс жағдайын, семья күйін біліп жүрген партия қызметкерлері ғана жұрт алдында ілтипатқа ие болып, олардың ақылшысы атанбақ.

Бұра басқанды жөнге салуға, оларды тәрбиелеп қатарға қосуға колхоз партия комитетінің мүшесі Сатан Қаленов жолдас та өз үлесін қосып келеді. Ол адамдар арасында, әсіресе коммунистер арасында тәрбие жұмысын жүргізуден ешуақытта жалыққан емес. Бар уақытының көпшілігін соған жұмсауға да әрдайым даяр.

Аяғын ағат басып, тату-тәтті семья тұрмысына ақау түсіре бастаған жанның бірі № 2 бригададағы трактор бригадасының бригадирі И. Зенченко жолдас еді. Біраз жылдан бері колхозда озат механизатор болып істейтін ол соңғы кездерде ара-кідік болса да ішкілікке салына бастады. Тіпті кейде ішіп келіп үй ішінің шырқын бұзды. Қызу күйінде жұмысқа да баратынды шығарды. Соның салдарынан бұл бригадада тәртіп нашарлап, еңбек өнімділігі төмендей бастады. Бұл жай колхоз басшыларының көңілін аударды. Колхоз басқармасының шешімі бойынша ол жұмысынан босатылды, партиялық жауапқа тартылды.

Бұл қолайсыз жай партком мүшесі С. Қаленовты қатты толғантады. Әкімшілік жолмен шара көрген партия мүшесіне тағы да партиялық жаза қолдану шартты нәрсе ме деген ойға қалады. Сондықтан да ол Зенченкомен бірнеше мәрте сөйлесіп, оның неліктен ішкілікке салынғанын анықтайды. Ішкілікке себепші болған от басы мәселесін үй ішімен реттеп, оның әдепсіз қылықтан бас тартамын деген уәдесін алалы.

Шынында да Зенченко жолдас партком мәжілісінде өзінің жарамсыз тәртібін шын көңілден мойындап, бұдан былай ішкілікті қоюға серт береді. Ол қазір сол уәдесін орындап, қатардағы тракторшылық жұмысын ойдағыдай атқарып жүр.

Немесе тіпті осы Сәтекеңнің өз бригадасындағы жас жігіт Асылбекті алайықшы. Ол да бір кезде албырттықпен ішкілікке бой ұра баста-

ған болатын. Оның бұл әдетін дер кезінде сезген Сәтекен оны өз қамқорлығына алып, тәрбиеледі. Орта білімі бар Асылбекті шоферлар даярлайтын курсқа жіберіп оқытты. Ағалық ақылын айтты. Содан не нәтиже шықты дейсіздер ғой. Қазір Асылбек Момбеков колхоздың маңдай алды шоферы, партия мүшелігіне кандидат.

Сәтекен тек түзу жолдан бұра басқандарға ғана көңіл аударып қоймай, жалпы жұрт тәрбиесіне, оның ішінде жастар тәрбиесіне ерекше мән береді. Жастардың идеялық жағынан өсуіне көмектеседі. Жұмыста озат, тұрмыста өнегелі жастардың партия қатарына өтуіне қамқорлық жасайды. Осы бригададағы партия мүшелігіне кандидаттар — шоферлар Д. Әлмаханов, А. Момбеков, электромонтер Н. Шөкебаев сияқты жастар Қаленов жолдастан кепілдеме алғандар.

Колхоз партия комитетінің мүшесі осы бригададағы цехтық партия ұйымының жас секретары Сәлімбай Шүленбаев жолдасқа да үнемі қамқорлық жасап, көмектесуде. Жастығына қарамастан, адамдар арасындағы жұмысқа жақсы бейімделіп келе жатқан С. Шүленбаевқа Сәтекен партиялық жұмыстың, басшылықтың тәсілдерін жалықпай үйренуге баулиды. Әсіресе ол жас секретарьдың жұртпен тіл тауып сөйлесуін қадағалайды. Секретарьдың өзінің идеялық білім дәрежесінің жоғары болуына, теориялық даярлығына назар аударады. Сондықтан да ол колхоз партия комитетімен, аудандық партия комитетімен ақылдаса отырып, 10 кластық білімі бар Шүленбаевты келер жылы партия мектебіне оқуға жіберуді қазірден-ақ келісіп қойған.

—Партком мүшесі ретінде Сатан аға, — дейді С. Шүленбаев жолдас, — маған елеулі көмек көрсетеді. Жұмыс жоспарын жасасады. Коммунистердің оқуына, білім көтеруіне көңіл аударады. Олардың даярлығына қарай қай үйірмеде оқытуға болатынына ақыл береді. Өткен жолғы есеп беру-сайлау жиналысында Сатан аға партбюро мүшелігіне пенсионер, партия мүшесі Сақан Өтегенованы өткізуді ұсынды. Алғашында мен жастықпен, одан да басқа бір жұмыс істеп жүрген кісіні ұсынсақ қайтеді деп ойлап ем. Сөйтсем, мұным білместік болыпты. Кейіннен байқасам, онда үлкен мән бар екен. Қазір енді осы бригададағы 130 пенсионерге партбюро мүшесі арқылы ықпал жасап, олардың арасында үгіт жүргізіп, карттарды маусымдық жұмысқа қатыстырып отырмыз. Ақиқатында да бұл партком мүшесінің тәжірибесі аз, жас секретарьға көрсеткен көмегінің бір қыры сықылды.

Партком мүшесі С. Қаленов жұрттың жанашыры да. Қайғы, реніш басқанды әрдайым жұбатып отырады. Ондайлардан ол жалпы көмегін де, қол жәрдемін де аямайды. Осы көктемде салқын тиіп науқасты болған озат қызылшашы, партия мүшесі Шәйімкүл Тыныбекова аз уақытқа болса да жұмысқа араласа алмай қалды. Бұл кездейсоқ жәйт колхозшының өзіне де қатты батты. Өйткені күллі жұмыстың технологиялық картаға сай істелетінін, әрбір сағаттың санаулы екенін ол жақсы білетін. Өнім өндіруге жұмсалатын еңбек пен қаржының есептеулі екенін түсінетін Шәйімкүл, үйіне партком мүшесі келгенде ренжулі еді. Жай-күйді сұрастырып білген Сәтекен Шәйімкүлді жұбата келіп:

—Ешбір қапаланба, колхоз орталығынан бас дәрігерді шақырттым, соған көрініп, дәрілерінді жаздырып алған соң, әзірге қуатың жететін жұмысқа бара тұр. — деп ақыл айтты.

...Сәтекеннің шағын жұмыс бөлмесіндегі телефон түбінде жатқан сұр дәптер көзге түсе де бермейді. Тозыңқы тартқан сырт қалпы тым қораш та. Ал сол дәптердің ішіндегі сырды айтсаңшы. Партком мүшесінің әрбір істеген, әлі де алда атқарар жұмыстарының қысқа жазбасы іспетті бұл дәптер. Парактап қалғанда соңғы беттер еріксіз көңіл аударады. Партия комитетінің 16-шы мәжілісінің мәселелері жазылыпты. Қысқақысқа сөздер бар онда. Мысалы, «Суару. Түп. Трактор. Жақан, Әбдірәсілмен сөйлесу» деген пікірдің сырын Сәтекеннің өзі ашты.

Судың тапшылығына, күннің ыссылығына орай түнде суарған тиімді екен. Бірақ оған асқан ұқыптылық, ыждағаттылық керек. Жақан Күләшов пен Әбдірәсіл Әлімбаев сондай жауапкершілігі мол жерлерге сеніп жұмсайтын сушы коммунистер болған да, Қалыбай Жұманәлиев трактор бригадасының бригадирі екен. Соларға арқа сүйеген Қаленов 250 гектар қызылшаның жартысын түнде бірнеше мәрте суарған. Осындай-осындай қауырт жұмыстардың барысын, партком мәжілістерінің шешімдерін жазып, кейін ұмытпай еске түсіріп жүретін қойын дәптері бірінші көмекшісі екен Сәтекеннің.

Қаленовпен бірге тағы да қызылша плантациясын аралап шыққанда жадырап атқан жазғы таңның жаңа жұмыс күні басталып та кетіп еді. Әңгіме шертіп келе жатқан Сәтекен:

— Шырақ, колхоз партия комитетінің бәр жұмысы төрт аяғынан тік тұр екен деп ойлап қалма, — деді кәдімгі жымыя қарайтын әдетіне басып, — істейтін жұмыс та көп, кетіп жатқан ағаттық та бар. Мына біз сықылды партком мүшелерінің әлі де болса партия ұйымына көмегі аз. Ашығын айтайын, партком жұмысында да кемшілік баршылық. Асылында бізде әлі мәжіліс көп. Жұмыс күні жиналыстан басталатын да кез бар. Сосын, біздің жиналыстар мен мәжілістерде бір-біріне егіз лақтай ұқсас қаулы-қарарлар қабылданып жатады. Солардың бағдары дұрыс болғанмен, көбі құрғақ сөзге құрылады. Шынтауайтында әр мәселе жөнінде іскер шешім қабылдап, оған жауап беретін адамдардың атын атап, содан кейін сол адамдардан талап еткен жөн емес пе?

Немесе осы баяндамалар жайын алайықшы. Басқаны қайдам, бізде ылғи колхоз председателі мен партком секретары ғана баяндама жасайды. Ал колхоздың басқа мамандары ондай тапсырмадан тыс қалады. Осы дұрыс па? Бұл менің колхоз партия комитетінің мүшесі ретіндегі, өзара сын есебінде айтқан жолдастық ескертпем ғой, — деді ол.

...Осыдан біраз күн бұрын басталған қызылшаны жинау жұмысы қыза түсуде. Алғашқы өнімдер заводқа да жөнелтіле бастаған. Қызылша қазып жүрген «КС-3» комбайндарының қадамы қарышты. Оның бункерлері сәт сайын қызылшаға лықа толып шығып жатыр. Комбайндар жұмысын байқап тұрған Қаленов кейде қабағын түйіп қалады. Ондайда оның кейпі ерекше бір нәрсеге жаны ашығандықты аңғартады.

— Тамаша комбайн, бірақ не пайда осы жаңа комбайн да қызылшаны толық тазалай алмайды. Қалып қойған азын-аулақ жапырақ бүршіктері заводқа барғанша қызылшаның бүлінуіне соқтырады. Бұл да ойлануға тұрарлық нәрсе, — дейді ол. Бұл пікірдің де жаны бар секілді. Нағыз жұмысқа жаны ашыған адамның айтар сөзі. Коммунист сөзі.

Партия органдарына сайланған әрбір коммунист әрдайым да өзінің партиялық басшылыққа қатысы барлығын естен шығармауға тиісті. Ондай коммунист әр кезде өзіне көрсетілген сенім жеке басының еңбегін ескергендік ғана емес, партиялас жолдастары оған жай құрмет үшін ғана емес, қайта жалпыға ортақ істің мүддесі үшін дауыс бергенін ылғи сезінуі қажет. Сатан Қаленов сондай жоғары сезімді партком мүшесі.

Ш. ЕСМҰРЗАЕВ.

Жамбыл облысы,
Свердлов ауданы.

КПСС УСТАВЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ —

БҮЛЖЫМАС ЗАҢ

(сұрақтарға жауап)

Журнал редакциясына коммунистерден алуан түрлі хаттар түсіп жатады. Олардың бірсыпырасы КПСС Уставының жеке қағидалары мен ережелеріне байланысты мәселелер жөнінде түсінік беруді сұрайды. Төменде сол сұрақтардың бірқатарына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партиялық комиссиясының мүшесі Н. Хисматуллин жолдастың түсіндірмесін жариялап отырмыз.

СҰРАҚ. Жуырда совхоз партия комитеті № 3 ферманың жұмысы туралы мәселе қарап, ферма меңгерушісі Омаров пен зоотехник Сұлтанязов жолдастарға есеп карточкасына жазылған сөгіс жариялады. Осы шешімді Арал аудандық партия комитетінің бекітуіне апарғанымызда, ондағылар партком шешімін әуелі ферма партия ұйымының жиналысында қарау керек деп қайтарып жіберді. Осы дұрыс па? Шаруашылық наукандарының қауырт кезінде совхоздағы 127 коммунистің түгел басын қосу мүмкін бола бермейді. Осындай жағдайда, қажет болған ретте, фермадағы цехтық ұйымға салмастан-ақ коммунистке жаза қолдануға совхоз парткомының правосы бар емес пе?

А. НҮРМАХАНОВ,

«Арал» совхозы партия комитетінің секретары.

Арал ауданы,
Кызылорда облысы.

Жауап. КПСС Уставының 10-шы параграфында коммунисті партиядан шығару мәселесі бастауыш партия ұйымының жалпы жиналысында шешіледі деп көрсетілген. Уставтағы осы ережеден коммунистердің дербес істерінің қай-қайсысы болса да алдымен бастауыш партия ұйымының жиналысында қаралуға тиіс деген ұғым туады. Бұл тек формальды талап емес. Дербес істерді бастауыш ұйым жиналысында талқылаудың сол ұйымдағы барлық коммунистер үшін тәрбиелік үлкен мәні бар. Ол партиялық тәртіпті нығайтуға көмектеседі, өзінің әрбір мүшесі үшін ұйымның жауапкершілігін арттырады, басқалар үшін сабақ болады. Ең бастысы, жиналыс коммунистің дербес ісін жан-жақты қарап, тиянақты шешуге, оның қаншалық дәрежеде кінәлі екенін дұрыс анықтап, жаза түрін әділ белгілеуге мүмкіндік береді. Сондықтан жергілікті партия ұйымдары жеке коммунистке қатысты қандай мәселені болса да жиналыста қарап шешуге қамқорлық жасағандары жөн.

Әрине, партия комитеті қажет болған ретте коммунистің дербес ісін тікелей өз мәжілісінде қарауға да правосы. Бұл право жоғары органдардың шешімдері төменгі органдар үшін сөзсіз міндетті деп белгілеген демократиялық централизм принципінен туады. Алайда, партия комитеті қайсыбір коммунистің дербес ісін бастауыш ұйымда талқыламастан, өз мәжілісінде қарап, оған партиялық жаза берген ретте, өзінің ол шешімін әлгі коммунисті есепте тұрған ұйымның мүшелеріне хабарлап, түсіндіруге тиіс.

Сірә, Арал аудандық партия комитеті совхоз парткомының шешімін қайтарған кезде жоғарыда аталған екі коммунистке ферма коммунистерінің жиналысына салмастан бірден партком мәжілісінде партиялық жаза берудің нақ сол ретте қажеттігі жоқ еді деп есептеген болса керек. Екінші жағынан, аудандық комитет совхоз парткомы шешімінің дұрыс-бұрыстығын № 3 ферма партия ұйымында талқылату үшін емес, сондағы коммунистердің хабардар болуы үшін қайтарды деп ойлаймыз. Себебі, совхоз парткомының шешімін талқылап, оған өзгеріс енгізуге фермадағы цехтық партия ұйымының правосы жоқ.

Нұрмаханов жолдастың сұрағы совхоз партия ұйымының құрылымы қандай екені жөнінде де кейбір жайды анықтай кетулі керек етеді. Әңгіме мынада. Егер «Арал» совхозының фермаларында КПСС Уставының 57-ші параграфына сәйкес, бастауыш ұйымдардың правосымен пайдаланатын цехтық партия ұйымдары құрылған болса, онда олар коммунистің дербес ісін қарап, шешім қабылдай алады. Ал егер цехтық партия ұйымына бастауыш ұйымның правосы берілмеген болса, ол өз жиналысында коммунистің тәртібі туралы мәселені талқылап, өз пікірін совхоз парткомына хабарлаумен ғана тынады, өздігінен шешім қабылдай алмайды.

* * *

СУРАК. Өткен жылғы сентябрьде бастауыш партия ұйымы Егінсу станциясының бастығы К. Ақышевты КПСС мүшелігіне кандидат етіп қабылдаған еді. Бірақ көп ұзамай Ақышев жолдас коммунист атағына кір келтіретін әрекет жасай бастады. Ол маскүнемдікке салынды, адамдарға қол жұмсап, бұзақылық жасады, мемлекет мүлкін талап-таражға салды. Коммунистердің жолдастық сын-ескертпелерінен ешбір қорытынды жасамады.

Осы жылғы 18 майда бастауыш партия ұйымы Ақышевтың дербес ісін қарап, оны КПСС мүшелігіне кандидаттықтан шығару жөнінде бірауыздан шешім қабылдады. Көп ұзамай ол жоғарыда аталған қылықтары үшін әкімшілік жолмен қызметінен де босатылды.

Ақсу аудандық партия комитеті Ақышевке тағылған айыптарды толық анықтай тұрса да, оны партия қатарында қалдырды.

Биылғы сентябрьде Ақышевтың кандидаттық мерзімі бітеді. Ұйым есебіндегі коммунистердің ешқайсысы оның КПСС мүшелігіне өтуі үшін кепілдеме бергілері келмейді. Бұл жағдайда не істеуіміз керек? Оның мәселесін партия жиналысына қай тұрғыдан қойып, қандай шешім қабылдаған дұрыс?

К. МӘДИҒАЛИЕВ,
Егінсу станциясы партия
ұйымының секретары.

Ақсу ауданы,
Алматы облысы.

Жауап. Партия өз қатарының санынан гөрі сапалық құрамын жақсартуға басты назар аударады. КПСС Уставында «Партия мүшелігіне саналы, белсенді, коммунизм ісіне берілген жұмысшылар, шаруалар және интеллигенция өкілдері алынады» деп атап көрсетілген. Мұның мәнісі партия мүшесі еңбекте болсын, тұрмыста болсын, барлық жағынан өнеге көрсетуге, партияның шешімдерін, коммунистік құрылыстың міндеттерін жүзеге асыру үшін нағыз жалынды күрескер болуға міндетті деген сөз.

Партияға өтетін адамның іскерлік және моральдық қасиеттерін тексеріп байқау мақсатымен, сондай-ақ оның КПСС Программасымен, Уставымен тереңірек танысуы үшін бір жыл мөлшерінде кандидаттық мерзім белгіленген. Алайда кандидат партия тұрмысының нормаларын әлі толық білмейтінін, партиялық өмір мектебінен өтіп, шыңдала қоймағанын ұмытпау керек. Осыған байланысты КПСС мүшелігіне кандидаттарды тәрбиелеу бастауыш партия ұйымының ең негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Оларды бірден қоғамдық жұмысқа тартып, партиялық тапсырма беріп, іс үстінде сынап байқап, идеялық-саяси жағынан шыңдау жағына күнбе-күн қамқорлық жасау қажет. Сонымен бірге КПСС Уставы партия мүшесіне қандай міндет жүктесе, нақ сол міндеттер түгелімен мүшелікке кандидат болғандарға да жүктеледі.

Бір жылдық кандидаттық стаж біткеннен кейін бастауыш партия ұйымы кандидатты партия мүшелігіне қабылдау туралы мәселені қарап шешеді. Партияның XXII съезінде КПСС Уставына енгізілген өзгертулерге сәйкес, кандидаттық стажды ұзартуға болмайды. Егер кандидаттық стаждан өту кезінде кандидат өзін көрсете алмағандық болса және өз басының қасиеті жағынан КПСС мүшелігіне алынуға лайықсыз болып шықса, онда КПСС Уставының 16-шы параграфы бойынша партия ұйымы оны партия мүшелігіне алмау туралы шешім қабылдайды, бұл шешімді аудандық немесе қалалық партия комитеті бекіткеннен кейін, ол адам КПСС мүшелігіне кандидаттар қатарынан шығып қалған болып есептеледі.

Ал енді коммунист атағына лайықсыз қылық жасаған кандидат жөнінде жағдай басқаша. Ондай кандидат туралы, КПСС Уставының 9-шы параграфына сәйкес, дербес іс қарау керек болады. Кейбір партия ұйымдары кандидаттың коммунист атағымен сыйыспайтын қылығын КПСС Уставының 16-шы параграфына жатқызып, сол негізде партия мүшелігіне кандидаттықтан шығып қалды деген шешім қабылдап, мүлде дұрыс істемей жүр. Асылында, жарамсыз қылық жасаған кандидаттың мәселесін жиналыста қарап, қажет болса, сол нақты қылығы үшін партия қатарынан шығарып тастау туралы шешім қабылдау керек. Ондай шешім облыстық партия комитетінің бекітуіне жатады.

Жоғарыда Мәдіғалиев жолдас көтеріп отырған мәселені, біздіңше, нақ осы тұрғыдан қарау керек сияқты. Ақышев жолдас кандидаттық стаждан өту кезінде коммунист атағымен сыйыспайтын жарамсыз қылық жасады, сол үшін қызметінен босатылды, партиялық жолмен жазаланды. Енді Егінсу станциясының партия ұйымы КПСС мүшелігіне кандидат К. Ақышевтың жарамсыз ісін партия жиналысында әділ талқылап, оның өзінің де пікірін мұқият тыңдап, тиісті шешім қабылдауға тиіс. Бұл ретте ымырашылдық жасауға да, кандидаттың тағдырына үстірт қарауға да жол бермеу керек. Бастауыш ұйымның шешімі әділ болуға тиіс.

Сұрақ. Партияға өткісі келгендерге кепілдемені (рекомендацияны) кім бере алады және қалай беру керек?

А. СЕЙДЕХАНОВ,
КПСС мүшесі.

Арыс қаласы,
Шымкент облысы.

Жауап. Партияға өтушілерге берілетін кепілдеме—аса жауапты документ. КПСС Уставының 5-ші параграфында «Кепілдеме берушілер кепілдеме алушы адамдардың саяси іскерлік және моральдық сапаларының дұрыстығы үшін партия ұйымдарының алдында жауап береді» деп атап көрсетілген. Мұның мәнісі — КПСС мүшесі кепілдеме сұраған кісінің кез келгеніне емес, Ленин партиясының жауынгері болуға шығарылып деп өзі кәміл сенген адамға ғана кепілдеме беруге тиіс деген сөз.

КПСС Уставында партиялық стажы үш жылдан кем емес және кепілдеме алушыны бірге істеген өндірістік және қоғамдық қызметі жағынан ең кемі бір жылдан бері (әйтеуір бір жыл емес, соңғы бір жыл) білетін коммунистер ғана кепілдеме беруге праволы деп белгіленген.

Кепілдемені дұрыс жазудың маңызы үлкен. Кейде партия ұйымы кепілдеме КПСС Уставының талаптарына сай жазылмағандықтан партияға өткісі келген кісінің арызын қарамай, кері қайтарады. Мұның өзі дұрыс та. Мәселен, партиялық стажы үш жылға толмаған, кепілдеме алушыны өндірістік және қоғамдық қызметі жағынан бір жылдан аз білетін, білсе де бірге жұмыс істегендіктен емес, көршісі не жәй танысы ретінде ғана білетін коммунистердің кепілдемесі қабылдауға жатпайды. Сондай-ақ кепілдеме алушыны өндірістік жұмысы жөнінде білгенімен, қоғамдық қызметі жағынан білмеген (немесе осыған керісінше болған) жағдайда берілген кепілдемені де дұрыс деп есептеуге болмайды.

Егер коммунист КПСС Уставының талаптарына көрінеу қайшы келетін кепілдеме берсе, бастауыш партия ұйымы ондай кепілдеме берген коммунисті партиялық жолмен жазалауға праволы. Бірақ кепілдеме алған кісі КПСС мүшелігіне кандидат болғаннан кейін, арада біраз уақыт өткен соң жарамсыз қылық жасаған ретте де, сол үшін кепілдеме берушіні айыптау әділдік болмас еді. Партия ұйымы өз қатарына жаңадан қабылданған адамды бірден қамқорлыққа алып тәрбиелеуге, рухани-идеялық жағынан шыңдауға борышты. Егер жас коммунист жарамсыз қылық жасаса, ол үшін өзі жауап береді.

Кейде КПСС мүшесі өз туыстарына кепілдеме бере ала ма деген сұрақ туып жүр. Бұл сұрауға «бере алады» деп жауап қайыруға болады. Тек мұндай ретте КПСС Уставының талаптары мүлтіксіз сақталуға тиіс. Сондай-ақ қайсы бір коммунистер партиялық жаза алған КПСС мүшесінің кепілдеме беруге праволы бар ма деп сұрайды. Партияның әрбір мүшесі, партиялық жазасының бар-жоғына қарамастан, Устав талаптарына толық сай келетін дәрежеде кепілдеме беруге праволы.

Кепілдеменің қанша уақытқа дейін күшін сақтайтыны КПСС Уставында белгіленбеген. Бірақ бұдан қашан жазылған кепілдеме болса да жарай береді деген ұғым тұмасқа тиіс. Егер кепілдеменің жазылғанына көбірек уақыт өткен болса, партия ұйымы немесе партком кепілдеме берушіден «өз кепілдеменіңді күшінде сақтайсыз ба, кепілдеме алушының қазір қалай еңбек етіп, өзін қалай ұстап жүргенін білесіз бе, кепілдеменіңізге енгізетін өзгертулеріңіз бар ма?» деп сұрауы керек. Осы сұрауларға тиянақты жауап алынғаннан кейін барып, кепілдемені жарамды деп тануға болады.

Партия мүшесінің өзі берген кепілдемесін қайтып алуына бола ма? Ия, болады. Егер партия жиналысына дейін коммунист өзі кепілдеме берген адамның жарамсыз іс-қылығын білсе, ол өзінің кепілдемесін қайтып алуға міндетті. Ал егер кепілдеме алушының теріс жақтарын ол партияға қабылданып қойғаннан кейін білсе, кепілдемесін кері қайтарып ала алмайды. Бірақ білген фактілері жөнінде партия ұйымы мен жоғары партия органына хабарлап, кепілдеме алушының партиялығы туралы мәселе қарауды өтінуге міндетті.

Кепілдемені жазудың бірыңғай формасы жоқ. Ең бастысы — ол мейлінше анық, айқын болуы керек. Онда кепілдеме берушінің аты-жөні, партиялық стажы, партия билетінің номері, кепілдеме алушыны бірге істеген өндірістік және қоғамдық қызметі жағынан қашаннан бері білетіні толық көрсетіліп, партияға өтетін кісінің моральдық сапасы, еңбекке қатысы, тәртіптілігі, коллективтің қоғамдық өміріне араласуы, идеялық-саяси және жалпы білімін көтеру жайы сыпатталуға тиіс. Кепілдемені бастауыш партия ұйымының немесе парткомның секретары растап куәландырады. Егер кепілдеме беруші коммунист басқа ауданда немесе қалада тұрса, оның кепілдемесін аудандық не қалалық партия комитеті растайды.

Кепілдеме—КПСС Уставында арнайы көзделген аса маңызды документ. Кепілдеме беруге жауапты қарау партия қатарына ең лайықтыларды дұрыс іріктеп алуға, КПСС-ке кездейсоқ элементтердің еніп кетуіне жол бермеуге көмектеседі.

Техникалық прогресті жоспарлау жақсартылсын

Социалистік шаруашылықтың капиталистік шаруашылықтан түбірлі және шешуші артықшылықтарының бірі — оның жоспарлы түрде дамып өркендеуі. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин Совет өкіметі орнасымен-ақ социализмнің осы артықшылығын тезірек пайдалану үшін ғылымға және ішкі экономикалық мүмкіншіліктерге негізделген, елімізді жан-жақты дамыту мақсатын көздейтіп дәйекті жоспар жасауға айрықша көңіл бөлді.

Дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің тұңғыш бірінші шаруашылық жоспары — атакты «ГОЭЛРО» жасалған кезде, В. И. Ленин бұл жоспарды аса үлкен әрі тамаша ғылыми еңбек деп баралады. Ендігі жерде, деп көрсетті Владимир Ильич, «оны тек дұрыстап пайдаланудың мәнісін түсінуіміз керек және де нақ осыны түсіне білмеушілікпен қазір күрес жүргізуімізге тура келеді».

Коммунистік партия сол уақыттан бері В. И. Лениннің нұсқауын, біріншіден, ғылыми-экономикалық жоспар жасау, екіншіден, сол жоспардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын творчестволықпен ұйымдастыру жөніндегі нұсқауын бұлжытпай басшылыққа алып келеді. Егер қазір Совет Одағы экономикалық күш-қуаты, ғылымы мен техникасының даму дәрежесі жағынан дүние жүзіндегі ең іргелі елдердің алдыңғы қатарынан орын алып отырса, мұның өзі алдымен шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізудің арқасы.

Бірақ біз бұл мақаламызда жоспарлаудың артықшылығы жөнінде әбден дәлелденген шындықты қайталағалы отырған жоқпыз. Қайта жоспарлау жүйесінің маңызды бір буынында орын алып келе жатқан кемшіліктер жайлы, ол кемшіліктердің республика халық шаруашылығына тигізіп отырған теріс әсері туралы сөз етіп, кейбір пікір-ұсыныстарымызды жұртшылық талқысына салмақпыз.

Әңгімеміздің негізгі тақырыбы — ғылым жетістіктері мен жана техниканы өндіріске енгізуді жоспарлау ісінің жайы. Бұл саладағы ағаттықтар мен салақтықтар жалпы ғылыми-техникалық прогреске, ғылыми зерттеулерді шапшаң әрі нәтижелі жүргізіп, озат технологияны өндіріске уақтылы енгізуге елеулі нұқсан келтіріп отыр.

Біздіңше, ең басты кемшілік мынада: жыл сайын жоспарланатын шаралардың саны орасан көп те, техникалық прогрестің түбірлі міндеттері мен негізгі бағыттары сол көп шаралардың тасасында қалып қояды. Республика халық шаруашылығын өркендетудің 1958 жылға арналған жоспарында жана техника жөнінде 590 шара көзделген болса, 1963 жылы 2 448, 1964 жылы 4 237 шара белгіленді. Бұлардың көпшілігі техникалық прогрестің бағытын бейнелемейтін кездейсоқ, уақтүйек шаралар. Мәселен, республиканың 1965 жылға арналған халық шаруашылығы жоспарының жана техника бөлімінде «Су қоймаларының өсімдігі және оларды бөлістіру заңдылығы», «Автобустарда көпдукторсыз қызмет ету және таксилерді радиоландыру», «Қант қызылшасын сақтау және тасымалдау үстінде болатын қант ысырабының себебін анықтау» деген сияқты тақырыптар бар.

Жана техника жөніндегі шаралардың көпшілігі өнеркәсіп өнімін өндірудің, құрылыс-монтаж жұмыстарының, т. б. жоспарларын қайталайды, анығырақ айтқанда, кәсіпорынның өзі жана техника жоспарынсыз-ақ орындауға міндетті жұмыс түрлері жана техниканы енгізу

шарасы ретінде белгіленеді. Ол ол ма, кейбір халық шаруашылығы советтері өндіріске енгізілген жаңа техника санын көбейтіп көрсету үшін әлдеқашан игерілген процестердің өзін қайталап жоспарлай береді. Алматы халық шаруашылығы советі жаңа техника жөніндегі жоспарда арқаусыз материалдар өндіруді озат технология енгізгендік деп көрсеткен, ал бұл жаңалық әлдеқашан игеріліп, ол бойынша материал шығару халық шаруашылығы советінің негізгі өндірістік жоспарына енгізіліп те қойған. 1964 жылы Қарағандыдағы жылыту жабдықтарын шығаратын завод жаңа техника жоспары бойынша 37 мың тонна құйма шығаруға тиіс еді. Нақ осы тапсырма негізгі өндіріс жоспарында да көрсетілген. Шымкент химфарм заводы майлы көкпар қауашағынаи техникалық морфин алудың технологиясын 1963 жылы игерген болатын. Бірақ завод нақ осыны жаңадан игерілетін технология ретінде 1964, 1965 жылдардың жоспарына да енгізді. Зырян қорғасын комбинаты да әлдеқашан игеріп, өнім шығарып жүрген процестерді жаңадан жоспарлай береді.

Мұндай жағдайға ендігі жерде ешбір төзуге болмайды. Жаңа техникаға нені жатқызу керек, сөйтіп халық шаруашылығы жоспарының бұл жөніндегі бөліміне нені енгізу керек екенін анықтап алу қажет. Сонымен қатар игеріліп қойған технологиялық процестерді қайталап жоспарлауға жол бермейтіндей тәртіп орнатқан мақұл. Тегінде, халық шаруашылығы жоспарында жаңа техника жөніндегі шаралардың тізімін емес, сол техника жетістігін енгізу есебінен жалпы өнімді өсіру, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту мөлшерін белгілеген дұрыс болар. Ол мөлшерді үкімет бекітіп, одақтас республикалар, халық шаруашылығы советтері, министрліктер, ведомстволар мен кәсіпорындар бойынша тағайындаса жақсы болар еді. Кәсіпорын үшін жаңа техника жөніндегі мемлекеттік тапсырма мен ведомстволық жоспарды, техникалық-ұйымдастыру шараларын, рационализаторлық пен өнертабыс, өнімнің сапасын жақсарту жоспарын қосып қамтитын бірыңғай техникалық прогресс жоспарын белгілеп, орындаушысына жеткізу керек.

Мына бір жағдай мұқият назар аударуды керек етеді. Қазір іс жүзінде бір-бірінен алшак үш жоспар: одақтық-республикалық жоспар, халық шаруашылығы советтерінің (министрліктердің, ведомстволардың) жоспары, кәсіпорындардың жоспары жасалып жүр. Мұндай қосарластық жоспарлаушы және үйлестіруші органдардың техникалық прогресс саласында бірыңғай саясат жүргізуіне үлкен қиындық туғызуда.

Жаңа техниканы жоспарлаудағы елеулі кемшіліктердің бірі — жергілікті жоспарлардың үстірттігі. Көптеген кәсіпорындар мен ұйымдар жаңа техника игеру жөнінде бірді-екілі шара белгілейді де, толып жатқан мүмкіндіктері мен резервтерін жоспардан жасырып қалады. Соның арқасында кәсіпорында иесіздік өріс алып, өндірісте брак көп жіберіліп жатса да, өнімнің өзіндік құны жөніндегі жоспарды оп-оңай орындаған боп көрінеді. 1964 жылы республика кәсіпорындары бойынша өнімнің өзіндік құнын кемітуден жоспардан тыс 11 миллион сом пайда алынды деп есептелген-ді. Ал оның бержағында өндірістік брактан болған өнімсіз шығын 10 миллион сомнан асып түсті.

Алматы халық шаруашылығы советі бойынша 1964 жылдың жергілікті жоспарларында жаңа техниканы енгізуден түсетін экономикалық пайда 1 261 мың сом мөлшерінде белгіленген еді, іс жүзінде 3 228 мың сом алынды. Нақ осы секілді алшақтық Батыс Қазақстан, Тын, Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы советтерінің өнеркәсіп орындарында да болды.

Жаңа техниканы енгізу жөніндегі жоспарды жасау, орындау процесін қажетінше үйлестірудің, бақылаудың жоқтығынан кей жерлерде

жаңа техника орнына күні өткен, ескірген, ең жақсы отандық және дүние жүзілік стандарттың талаптарына сай келмейтін техниканы енгізіліп жүргенін баса айтқан мақұл.

Экономикалық тиімділігі негізделмеген шаралардың жаңа техника жоспарына енгізілуі, ол жоспардың өндіріс, күрделі құрылыс жоспарымен ұштастырылмауы, материал, финанс, еңбек ресурстарымен камтамасыз етілу жайының ескерілмеуі техникалық прогресті жоспарлау ісіндегі үлкен олқылық болып жүр. Қарағанды халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында соңғы алты жыл ішінде машиналардың, агрегаттардың, механизмдердің, жабдықтардың 102 өнеркәсіптік нұсқасын жасау жоспарланды. Содан небәрі 19-ы ғана жасалып, өндіріске енгізілді, 27-і экономикалық негізі болмағандықтан жоспардан шығып қалды.

Ал жоспарды орындау үстінде қаншама өзгеріс болып жатады десеңізші! 1964 жылы топырақтың ылғалдығы мен тығыздығын өлшейтін радиоизотоп аппаратын ауыл шаруашылығына енгізу жоспарланған еді. Кейіннен мұндай аппаратураны ғылыми зерттеулерге болмаса, ауыл шаруашылығына қолдану мүмкін еместігі анықталды. Жаңа техниканы өндіріске енгізу жоспарындағы өзгерістер Қарағанды, Тын халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындарында көбірек кездеседі. Мемлекеттік статистиканың деректеріне қарағанда 1964 жылы республиканың халық шаруашылығы жоспарында жаңа техника жөнінде белгіленген шаралардың 706-сына, яғни 16 проценттен астамына өзгеріс енгізілген. Жеке ведомстволар мен кәсіпорындардың жоспарында болып жататын түзетулер мен өзгертулер бұдан да көп. Осының бәрі жоспарлау тәртібін нашарлатып, мемлекетке миллиондаған сом зиян келтіруде.

Әдетте кәсіпорындар мен ұйымдар мемлекеттен материал мен қаржыны көбірек алу үшін халық шаруашылық жоспары жасалып жатқан кезде толып жатқан шараларды тізбектеп ұсына береді. Кейінірек ол шаралардың көбісін қоярда-қоймай жүріп жоспардан шығартқызады да, оларға бөлінген ресурстарды иемденіп қалады. Әрине, бұл тіпті де дұрыс емес. Сірә, келешекте халық шаруашылығы жоспарының басқа тараулары секілді, жаңа техника жөніндегі жоспарға да экономикалық жағынан әбден негіздеп, басқа да жоспарлы көрсеткіштермен ұштастырып барып, үкіметтің шешімімен ғана өзгеріс енгізілетіндей тәртіп орнатқан мақұл болар. Тек сонда ғана жаңа техника жөніндегі жоспардың шын заңдық күші болмақ.

Жаңа техниканы енгізу жөніндегі шараларды материалдық қормен камтамасыз етуде де елеулі кемшіліктер бар. Кәсіпорындар, халық шаруашылығы советтері, министрліктер мен ведомстволар жоспардың үш түрі (одақтық-республикалық, ведомстволық, кәсіпорындық) бойынша да белгіленген шараларды орындауға қажетті материал мен жабдықтар сұрайды. Бірақ жабдықтау жоспары бекітілген кезде тек одақтық-республикалық жоспарға енгізілген шаралар үшін ғана арнаулы қор бөлінеді де, басқаларын жалпы қордың есебінен реттеу ұсынылады. Ал іс жүзінде министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың жаңа техниканы енгізуге байланысты керек ететін материалдық ресурстары одақтық-республикалық жоспарда белгіленген мөлшерден әлдеқайда асып түседі. Осыдан барып жабдықтау ісінде қиыншылық туады. Жоспарлаушы орындар барлық жоспар бойынша көзделген шараларды материалмен, қаржымен камтамасыз ете алмайды да, кәсіпорындар жоспарды орындай алмағанына соны желеу тұтады. Және де бұдан ең алдымен одақтық-республикалық жоспарда көзделген тапсырма зардап шегеді. Өйткені кәсіпорындар алдымен өздерінің ішкі жоспарын орындауға тырысады.

Келешекте жаңа техниканы енгізу жөніндегі шараларды материалдық-техникалық қажеттермен бөлек жабдықтауды қойып, бүкіл өндірістік программаны орындауға керекті мөлшерде тұтас жоспарлаған мақұл болар. Сонымен қатар материалдық ресурстарды ең алдымен жаңа техника жоспарын орындауға бағыттайтындай етіп шаруашылық органдардың жауапкершілігін арттыру керек.

Жаңа техника жөніндегі жоспарды орындаушыларға уактылы жеткізудің зор маңызы бар. Республика кәсіпорындары әдетте жоспарды март, апрель айларында алады. Мұның өзі орындаушы институттармен алдын ала шарт жасасуға, қаржы, еңбек, материал қорларының көзін ертерек анықтауға кедергі жасайды. Содан барып көптеген ғылыми зерттеулер мен жаңа техниканы енгізу жөніндегі жұмыстар алғашқы айларда қолға да алынбайды. Бұл кемшіліктерді болдырмау үшін жаңа техника жөніндегі жоспардың әрбір кәсіпорынға жыл басына дейін жеткізілуін қамтамасыз етерліктей тәртіп орнату қажет.

Республикада конструкторлық-технологиялық және эксперименттік базаның жоспарлануы мен дамуы да мүлдем нашар. Тәжірибелік қондырғылар мен цехтардың өте баяу салынуы салдарынан жоспарда көзделген ғылыми зерттеулер мен тәжірибе жұмыстары уактылы жүзеге аспай қалады. Ал әбден зерттеліп, түпкілікті тексерілмеген технологияның өндіріске енгізілуі орынсыз мол шығынға ұшыратып, тіпті кейде ұсынылып отырған жаңалық жөнінде теріс пікір туғызады.

Біздіңше, эксперименттік базаны оған әрі нығайту үшін бүкіл күрделі қаржының шамамен 3—5 проценті, (шаруашылықтың саласына қарай) тәжірибелік, эксперименттік, тәжірибелік-өндірістік қондырғылар мен цехтар салуға жұмсалатын тәртіп орнату керек. Соған лайық адам күші де жеткілікті болу қажет.

Қазіргі кезде мемлекеттік жоспар жаңа техника жөніндегі ғылыми-зерттеу және конструкторлық-тәжірибе жұмыстарының 10—15 процентін ғана қамтиды. Демек, бұл саладағы шаралардың басым бөлегі іс жүзінде мемлекеттік жоспарлау органдарының бақылауынан тыс жүріп жатады. Өнеркәсіп орындарының жаңа техника жөніндегі жоспары оннан астам жерде қаралып, солардың келісімін күтеді. Арада 9—10 ай өткенде ғана әлгі жоспар барған ізімен кәсіпорынға қайтып оралады. Ол екі ортада орасан көп қаржы рәсуа болып, қабат-қабат қағаз жазылады, қаншама мәліметтер, есептер, басқа да документтер әзірленеді, көптеген іскер мамандар өндірісті тікелей ұйымдастыруға жұмсайтын алтын уакытын сол әзірлікке сарып қылады.

Әрине, жоғарыда сөз болған мәселелер ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізуді жоспарлау ісіндегі қиындықтар мен кемшіліктерді түгел қамтымайтынын біз жақсы түсінеміз. Біздің бір ғана мақсатымыз — бұл жөніндегі қазіргі тәртіптің халық шаруашылығын өркендету мүдделеріне сай келмейтініне, ол тәртіпті қайткен күнде де жаңартып, жетілдіре түсу қажеттігіне тиісті орындардың, бүкіл жұртшылықтың назарын аудару. Бұл тұрғыда мемлекеттік жоспарлау комиссиясындағы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру комитетіндегі, халық шаруашылығы советтеріндегі жауапты жолдастар, өнеркәсіп орындарының, құрылыс ұйымдарының экономистері мен жоспарлаушылары өз пікірлерін айтады деп ойлаймыз.

Н. САХТАНСКИЙ, Т. МАКАШЕВ,

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті
мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы
партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінің инспекторлары.

ТЫНЫМСЫЗ ЖАНДАР

Біздің совхоздың жұмысшылары партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесетін топтың мүшелерін тынымсыз жандар деп сүйсіне атайды. Бұлай дейтін орны да бар. Халық бақылаушылары шаруашылықтың барлық саласын көзден таса жібермейді. Жаңалық, жақсылық іс болса дереу қолдап, көтермелеп, көптің игілігіне айналдыруға ат салысады. Кемшілікті сезсе, қалт жібермей, қолма-қол жою үшін күреседі.

Соңғы жылдары совхоздағы халық бақылаушыларының саны екі еседей өсті. Совхоз орталығында, машина-трактор мастерскойында, үш фермада бақылау топтары құрылған. Олардың жұмысын бақылау тобының бюросы басқарады. Бюроның құрамында мал шаруашылығы, егіншілік пен механизация, мәдени-тұрмыс секциялары жұмыс істейді. Әрбір секцияның нақты жоспары бар. Соған лайық жұмыс атқарып, бюроның алдында оқтын-оқтын есеп беріп тұрады.

Бақылаушылар совхоз экономикасын көтеру, техниканы, қаражатты, материалды тиімді пайдалану, ғылым мен практика жетістіктерін өндіріске енгізу мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Бір кезде бақылаушылар тобына техниканың күтімсіздігі жайлы дабыл түскен еді. Бақылаушылар дереу бұл іспен шұғылданып, кемшіліктердің себебін ашты, оған кінәлілерді анықтады, техниканы пайдалануда тәртіп орнату туралы дирекция алдына нақты ұсыныстар қойды. Көптен бері пайдасыз жатқан 16—ФГ маркалы фрезер станогы, 4ДЕ-16 маркалы сиыр сауатын агрегаттың 3 комплектісі сол бақылаушылардың тікелей көмегімен іске қосылды. Ақтөбе қаласында жатқан 4 тонна минералдық тыңайтқыш тасып алынды. Тот басып істен шығуға айналған АД-15 маркалы 5 лущильник жанартылып, пайдаға жаратылды.

Партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесетін топтың мүшелері тек дабыл түскенде ғана емес, шаруашылық істердің жайымен күнбе-күн, ұдайы шұғылданып отырады. Өте-мөте науқанды жұмыстар кезінде олар қырағылықты ерекше күшейтеді. Мысалы, көктем егісіне әзірліктен бастап оны сапалы өткізгенше егіншілік жөніндегі секцияның мүшелері әрбір агрегаттың жұмысын қатан бақылауға алды. Сәл сапасыз істелген жұмысты көздері шалса, дереу соның төңірегінде үлкен әңгіме қозғап, кемшілікті асқындырмай жоюға көмектесіп отырды.

Сол сияқты қой төлдету науқаны да халық бақылаушыларының қадағалауымен өтті. Бақылаушылар дирекцияға, жетекші мамандарға тыным бермей жүріп, 16 отар саулыққа қажетті қораның, шөптің, жас төлге арналған жылы жайдың ерте бастан сақадай сай тұруын қамтамасыз етті. Соның арқасында қой қоздату кезінде ауа райының жауын-шашынды, лайсаң болғанына қарамастан төл шығыны болған жоқ. Шопандардың басым көпшілігі жыл басында қабылдаған міндеттемелерін абыроймен орындап шықты. Төлді көп алу жөнінде бақылауға көмектесетін топтың мүшелері Орынбасар Иманбаев, Тұрлыбай Айтбаев сияқты шопандар өзгелерге үлгі-өнеге көрсетті.

№ 3 ферманың халық бақылаушылары (жетекшісі С. Қаракөзін жолдас) жұмысты көңілдегідей істейді. Олар кемшіліктің ірге теуіп, дабыл қағарлық халге жетуін күтіп отырмайды. Қайта әрбір істің жайын күнбе-күн зерттеп, екшеп, үнемі алдын алып отырады. Мәселенің көбісін айкай-шуға, даурықпаға айналдырмай, ферма менгерушілерімен, мамандармен, коммунистермен ақылдасу, кенесу, тиісті адамдардан талап ету арқылы қолма-қол шешуге ұмтылады. Бұған топ жұмысының жоспарлы, тиянақты жүргізілуі, еңбекшілердің қалың бұқарасына, әсіресе коммунистер мен комсомолецтерге, өндіріс озаттарына арқа сүйеуі жақсы себін тигізіп жүр.

Биылғы жылдың қуаңшылығы жұрттын бәріне белгілі. Табиғи шөптің дені күйіп кетті. Мұның өзі алдағы мал қыстату науқанын қиындата түседі. Совхоз бақылаушылары бұл жайды да ескерусіз қалдырған жоқ. Екпе, табиғи шөпті, егіннің сабанын түгел жинап, мал қораларының басына тасып алу шараларын тынғылықты ұйымдастыруға барлық күшті салды. Әрбір бригадада маусымдық бақылау постылары құрылды. Олар агрегаттардың, пішеншілердің өнімді еңбек етуін, шөпті шабу мен жинаудың арасында алшақтық болмауын қадағалайды. Бұл бағытта алдын ала түсінік жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде шөп шабу, жинау қарқыны ә дегеннен-ақ қызу басталды.

Мал азығын дайындауда Ж. Сапаров, Б. Ғайсин, С. Төлеуов, Т. Қожахметов сияқты трактористер, шөп тасыған Т. Мұқанғалиев, А. Үмбетов, А. Қөшенев сынды шоферлер күн сайын нормаларын 1,5—2 еседен орындап отырды. Бақылаушылар осындай өндіріс озаттарының қатарын көбейте түсуге, жұмыс сапасының жоғары болуына қамқорлық жасады.

Халық бақылаушылары егін жинау кезінде де осындай белсенділік көрсетіп, совхоз дирекциясы мен партия ұйымына елеулі қолғабыс тигізді.

Совхоздағы бақылау тобының жұмысына бастауыш партия ұйымы күнбе-күн басшылық етіп, жиі-жиі есебін тындап, бағыт беріп отырады. Бақылаушылардың көтерген дабылы, ұсыныс-пікірлері ескерусіз қалмай, үнемі қолдау табады. Осының бәрі халық күзетшілерінің жұмысшылар арасындағы беделін көтерген үстіне көтеруде.

Г. БАЙМҮРЗИН,

«Ойыл» совхозы бастауыш партия ұйымы секретарының орынбасары, партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесетін топ бюросының председатели.

Ойыл ауданы,
Ақтөбе облысы.

ИГІЛІКТІ ІСТЕР, ЖАҚСЫ БАСТАМАЛАР

ПЕТРОПАВЛ. Саратов бақылаушыларының егін орағына мінсіз әзірленіп, бір дәнді де ысырап етпей жинап алайық деген шақыруын Солтүстік Қазақстан облысының халық сақшылары қызу қостады. Бұл мәселе совхоздар мен колхоздарда, астық қабылдау пунктерінде, «Целинсельхозтехника» бөлімшелерінде талқыланып, бірауыздан қолдау тапты.

Преснов ауданындағы «Благовещенский» совхозының алты егіс бригадасы мен екі қырманында бақылауға көмектесетін қосымша постылар құрылды. Осындай төрт пост астық таситын жолдарда жұмыс істейтін болады. Машина-трактор мастерскойындағы көмекші топтың мүшелері де орақ кезінде істелетін іс мөлшерін бағдарлап, сын семсерін жанып ұстаулы. Қысқасы, халық сақшылары түгелдей астық үшін айқастың алдығы шебіне шықты.

* * *

АБАЙ. Қалалық партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінде бір-ақ кісі — председатель ғана айлық алып қызмет істейді. Соған қарамастан мұнда жұмыс дегеніңіз қайнап жатыр. Себебі комитеттің жұмысына штаттан тыс бес бөлімнің толып жатқан активтері белсене қатысуда. Жүк тиеу-транспорт басқармасы депосының бастығы А. Шатохин

жолдас басқарған транспорт және байланыс бөлімі жақсы ісімен көзге түсіп жүр. Осы бөлімнің қолға алып, түрткі салуымен Придолинская станциясында құм тиегіш күрделі машина орнатылды. Тек осының өзінен жыл сайын алты мың сом мемлекет қаржысы үнемделеді.

Сауда, қоғамдық тамақтандыру және коммуналдық қызмет бөлімі де социалистік меншікті қорғау жөнінде елеулі жұмыс жүргізуде. Бұл бөлімді № 4 шахтаның кен мәстері Х. Аймамбетов жолдас басқарады. Қазір халық бақылаушыларының қырағылығы арқасында қалалық сауда жүйесінде мемлекет мүлкін ұрлау, талан-таражға салу фактілері өткен жылғымен салыстырғанда әлдеқайда азайды.

* * *

ӨСКЕМЕН. Шығыс Қазақстан халық шаруашылығы советі председателінің орынбасары И. П. Никоноров жолдас нұсқау берді де, «Рассвет» тігін фабрикасының директоры И. Е. Проворов жолдас бұйрық шығарды. Соның нәтижесінде 17 669 сомның түймелері, иірілген жіптері және басқа галантерея бұйымдары өртеп жіберілді. Ал жанашырлықпен карағанда осыша қыруар дүниенің көбісін сатқызуға немесе қайта өңдеуге болатын еді.

Иесіздікке жол беріп, мемлекетке шығын келтіргені үшін облыстық партиялық-мемлекеттік бақылау комитеті И. Е. Проворовқа бір айлық жалақысы мөлшерінде айып тартқызды. И. П. Никоноровтың жауапкершілігі туралы мәселе облыстық партия комитеті бюросының қарауына берілді.

* * *

АЛМАТЫ. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің партиялық-мемлекеттік бақылау комитеті «Халық бақылаушысының кітапханасын» әлі де шығарып жатыр. «Қазақстан» баспасында бұл кітапхананың кезекті екі кітапшасы шықты. Оның біреуі «Біздің тың астығымыз» деп аталады. Кітапшада халық бақылаушыларының өткен жылғы егін жинау науқаны кезіндегі жұмыс тәжірибесі жинақталған. Кітапша авторлары — көмекші топтың мүшелері, партиялық-мемлекеттік бақылау комитеттерінің қызметкерлері мен штаттан тыс инспекторлары.

«Есіл астығы» атты екінші кітапшаны республикалық партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінің инспекторы Жанкерей Қабдышев жазған. Мұнда Тың өлкесінің ең астықты алқабының бірі — Есіл ауданы бақылаушыларының 1964 жылдың астығын жинаудағы қыруар жұмысы баяндалған.

Биыл «Халық бақылаушысы кітапханасының» тағы да екі кітапшасы шығарылады.

* * *

ҚОСТАНАЙ. Мұндағы халық бақылаушылары білімін көтеру үшін үзбей оқиды. Облыстық партиялық-мемлекеттік бақылау комитетінде өнеркәсіп пен транспорт орындарындағы, ұйымдардағы бақылауға көмектесетін топтар мен постылар жетекшілерінің кезекті семинары болды. Бақылаушылар «Партиялық-мемлекеттік бақылаудың лениндік принциптері», «Көмекші топтар мен постылардың жұмысын ұйымдастырудың кейбір мәселелері», «Социалистік меншікті ұрлаушыларға қарсы күрес — аса маңызды міндет» деген тақырыптарда лекция тыңдады. Семинарда Сарыбай кен басқармасындағы, Қостанай жасанды талшық заводындағы, Жітіғара асбест байыту фабрикасындағы, Бурабай автобазасындағы, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатындағы көмекші топтардың председателдері А. Н. Сафин, С. Г. Скоробогатый, М. К. Крестьянкина, В. М. Кисель, Н. И. Кожин жолдастар өз тәжірибелерін

ортаға салды. Сондай-ақ Қостанай темір жол бөлімшесі бастығының срынбасары И. Д. Чернявский, № 2 автотрестің басқарушысы В. С. Неровный жолдастар шығып сөйлеп, көмекші топтар мен постылардың жұмысындағы жақсы нышандарға тоқталды.

* * *

ЦЕЛИНОГРАД. Астрахань ауданының «Қызылжар» совхозындағы екінші бөлімшенің жұмысшылары мен мамандары өз бақылаушылары жайлы:

— Бұлардың басқаны үйретуге де, тексеруге де моральдық правосы әбден бар, — деген пікір айтады.

Шынында да нақ солай. Халық бақылаушылары мұндай абыройға өзінің өнегелі ісімен, қажырлы еңбегімен ие болған. Көмекші топтың председателі Ю. Н. Лебедь артта қалған сауын мал табынына бригадир боп барды. Сауыншылардың еңбегін жақсы ұйымдастырып, социалистік жарысты жолға қойды. Қазір бригада олқылықтан тез шығып келеді.

Бақылаушылар постының жетекшісі Е. Д. Есинаның бағуындағы бұзаулар тәулік сайын 900—1000 грамнан салмақ қосады. Көмекші топтың мүшесі К. Бейсенбаев бағуындағы саулықтардан жыл сайын қозыны көп алумен абыройға ие болып жүр. Оның бай тәжірибесін тек совхоздың емес, бүкіл ауданның малшылары зер салып, ықласпен үйренеді. Р. Э. Бокмаер, А. М. Видишев, М. Т. Соколов, Н. Рахматуллин сияқты тракторшы-бақылаушылар да — үнемі бір жарым, екі нормадан орындайтын еңбек озаттары.

* * *

ОРАЛ. Тайпак ауданында техниканы сақтау, пайдалану ісі нашар ұйымдастырылған. Мысалы, техниканың дұрыс жөнделмеуінен, механизаторлардың жетіспеуінен «Тайпак» совхозында 31 трактор бірнеше жыл бойы қарап тұрған. Бұл шаруашылықта әр трактордың атқарған жұмысы орта есеппен 226 гектардан аспайды.

Совхозда машина аланы жоқ, орталық усадьбада техниканы сақтау ұйымдастырылмаған. Совхоздағы 500 машина мен басқа да механизмнің 150-і ғана механизаторларға бекітілген, қалғандары (оның ішінде 49 трактор бар) иесіз. Мұнда 11 трактор, бір астық комбайны, тракторға тіркелетін 26 шөп машинасы, 29 трактор тырмасы бөлшектеліп тасталған. Олардың басын құрау үшін 7013 сом қаржы жұмсау керек.

Облыстық партиялық-мемлекеттік бақылау комитеті мемлекетке келтірген шығынның орнын ішінара толтыру үшін совхоз директоры Ж. Исатаевқа бір айлық, шаруашылықтың бас инженері Х. Иманғалиевқа бір жарым айлық жалақысы мөлшерінде айып төлеткізуге ұйғарды. Комитет бұл екеуінің бөлшектелген техника оған кіңәлі кісілердің есебінен осы жылғы декабрьдің біріне дейін түгел қалпына келтіріледі деген мәлімдемесін еске алды.



Марксизм-ленинизм теориясын жете меңгерейік

П. КОНСТАНТИНОВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің
орынбасары

Біздің партия коммунистерді идеялық жағынан шыңдауға әрдайым аса зор көңіл бөліп келеді. Коммунистердің марксизм-ленинизмді терең оқып-үйренуі, олардың саяси ой-өрісін ұдайы арттырып отыруы — партияның сара жолын, оның коммунизм орнатудағы мақсатын ойдағыдай жүзеге асырудың кепілі.

КПСС Орталық Комитетінің 1964 жылғы октябрь және одан кейінгі Пленумдары субъективизм мен волюнтаризмді, қоғамдық дамудың объективтік заңдарын елемеушілікті батыл айыптап, маркстік-лениндік ғылымды дамыту үшін, бұл ғылымды кадрларымыз жете және творчестволықпен зерттеп білуі үшін барлық жағдайды жасады. Партия лениндік дәстүрлерді сақтай отырып, партия насихатын, коммунистер мен партияда жоқтардың теориялық оқуын, революциялық күрестің, социалистік және коммунистік құрылыстың әртүрлі кезеңдерінде алда тұрған нақты міндеттерді шешумен әрқашан тығыз байланыстырып келді және бұдан былай да байланыстыра береді.

Партия коммунистер мен партияда жоқтардың саяси оқуын ұйымдастыру, ғылыми коммунизм теориясын зерттеп білуді қалың бұқараның практикалық жұмысымен ұштастыру жөнінде аса бай тәжірибеге ие болды. Осының бәрі, сөз жоқ, еңбекшілерге саяси тәрбие мен білім берудің өрісін кеңейтуде айтарлықтай роль атқарды. Оның бержағында саяси оқудың бұрынғы мазмұны және оны ұйымдастыру әдістері қазіргі жағдайда өмір талаптарын толық қанағаттандыра алмай отыр.

Өткен жылдары көптеген партия ұйымдарында партия тарихы, философия проблемаларын зерттеп білуге жөнді көңіл бөлінбеді, саяси экономияның теориялық мәселелері жеткілікті зерттелмеді. Коммунистердің маркстік-лениндік теорияны оқып-үйрену жөніндегі жұмысында сабақтастық пен дәйектілікті жүзеге асыруға, белгілі бір көлемде берік саяси білім алуға ұмтылған талабы кейбір қиыншылықтарға кездесті. Мұндай қиыншылықтардың ішіндегі бастылары: оқу жоспарларында айқын мақсат болмады, сабақтар тақырыбы көбінесе жөнсіз өзгертіле берді, бастауыш партия ұйымдарының көпшілігінде оқу перспективалы түрде жоспарланбады. Саяси оқудың жайын бақылауға сан жағынан қараушылықтың орын алуы да іске елеулі нұқсан келтірді, мұндай жағдайларда үйірмелер бойынша «тіркелген» адамдар санын «қамтудың» формальдық көрсеткіштері саяси оқудың негізгі өлшемі болып келді. Бірқатар ретте партияда жоқ жолдастарды үйірмелер мен семинарларға тарту кезінде әкімшілікке жол берілді.

Саяси оқу жүйесінде оқыл келгендердің көбі іс жүзінде бір орыннан жылжымай, марксизм-ленинизм ілімінен терең және сындарлы білім ала алмады. Осының бәрі адамдардың теорияны оқып-үйренуге зор ынтасын дамыту ісіне нұқсан келтірді.

Партия оқуын ұйымдастыруда оның басты максаты, негізгі міндеті — совет адамдарының, ең алдымен КПСС мүшелері мен мүшелікке кандидаттарының дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға белсене көмектесу. Біз адамдардың КПСС теориясы мен саясатын жете түсінуге ұмтылған рухани талабын барынша дамыта беруге тиіспіз.

Шын мәнінде жолға қойылған, мазмұны терең маркстік-лениндік оқу КПСС-тің әрбір мүшесі мен мүшелікке кандидатының жоғары коммунистік сенімін, идеялық принциптілігін, партиялық айбындылығын, коммунистік құрылыстың нақты міндеттерін шешуде коммунистердің авангардтық ролі мен бүкіл халықтың белсенділігін барынша арттыра беруге ұмтылған талабын қалыптастырып отыруға міндетті.

Партия оқуының жүйесі коммунистердің, партияда жоқ активистердің таяу жылдар ішінде маркстік-лениндік теорияны, оның құрамдас бөлімдері — философияны, саяси экономияны және ғылыми коммунизм негіздерін жан-жақты меңгеруіне, Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихын жақсы біліп, революциялық теорияны практикада қолдана білуді үйренуіне мүмкіндік беретіндей болып құрылуға тиіс. Партия оқуын перспективалы жоспарлауға нақты мүмкіндік туғызып, партия оқуы орнына кәсіптік-техникалық оқумен шұғылданушылықты жойып, теориялық даярлық дәрежесі әр түрлі адамдардың оқуын ұйымдастыруға саралап қарауды сөз жүзінде емес, қайта іс жүзінде қамтамасыз етуіміз керек.

Қазіргі кезде республика партия ұйымдарында «Правда» газетінде осы жылғы 4 августа жарияланған ұсыныстардың негізінде жаңа оқу жылына әзірлік кең өріс алуда. Бұл ұсыныстар бұрынғы жылдары орын алып келген олқылықтардың орнын толтыру үшін қолайлы жағдай туғызады.

Партия оқуының жаңа құрылымында маркстік-лениндік теорияны оқып-үйренуді ұйымдастырудағы сабақтастық пен дәйектілік мәселелері коммунистердің маркстік-лениндік теорияның барлық құрамдас бөлімдері жөнінен дәйекті түрде тиянақты, терең білім алуын қамтамасыз ететіндей дәрежеде принципті түрде шешіледі. Мұның өзі — партия оқуындағы жаңа құрылым мен оқу жоспарлары коммунистерге сабақтардың түрлерін және оқып үйренуге тиісті теориялық проблемаларды тандап алуларына кең өріс ашады деген сөз. Жаңа құрылым бойынша саяси оқудың үш сатысы — бастауыш, орта және жоғары түрі белгіленіп отыр.

Бастауыш саяси білім алудың негізгі түрі — екі жылға арналған бастауыш саяси мектебі болып табылады. Бұлар саяси әдебиетпен өздігінен жұмыс істеуге әлі берік дағдыланбаған, маркстік-лениндік теорияны жете оқып үйренуге даярлығы жеткіліксіз коммунистер үшін құрылады. Бұл мектептің максаты — социализм мен коммунизм орнатудың маркстік-лениндік теориясы мен практикасы жөнінде, Коммунистік партия мен Совет мемлекеті тарихының негізгі кезеңдері жөнінде білімнің қажетті минимумын беру, КПСС-тің ішкі және сыртқы саясаты мәселелерін дұрыс айыра білуді үйрету, сондай-ақ тыңдаушылардың мүдделері мен тілектерін ескере отырып, оларды нақты экономиканың негіздерімен таныстыру.

Бастауыш саяси мектептің программасына саяси білім негіздері, В. И. Лениннің өмірбаяны, партия мен мемлекеттің ағымдағы саясат проблемалары, СССР-дің сыртқы саясаты мен дүние жүзінің саяси картасы, нақты экономика мәселелері кіреді. Программаның бұл бөлімдерінің бәрі тиісті оқу құралдарымен қамтамасыз етіледі. Мәселен, «Саяси білім негіздері» бөліміне байланысты саяси әдебиет баспасы «Саяси мектеп тыңдаушыларына көмек» деген кітапшалар сериясын шығарады. «В. И. Лениннің өмірбаяны» жайындағы екінші бөлімге келетін болсақ, бұл жөнінде В. И. Лениннің қысқаша өмірбаяны жө-

ніндегі очеркті пайдалануға болады. Үшінші бөлім бойынша мерзімді баспасөз бетінде жарияланған материалдар ұсынылады. Ал «СССР-дің сыртқы саясаты мен дүние жүзінің саяси картасы» деген бөлім бойынша тыңдаушылар «Мировая экономика и международные отношения» журналы мен «Знание» баспасында шығарылатын кітапшалар сериясын оқиды. «Накты экономика» бөлімі жөнінде екінші рет басылған «Өнеркәсіп экономикасы» деген оқу құралын, «Қолхоз экономикасының әліппесі», «Совхоз өндірісінің экономикасы жөнінде әңгімелер» деген оқулықтарды пайдалануға болады. Қысқасы, екі жылға арналған саяси мектептің тыңдаушылары оқу құралдарымен жеткілікті түрде қамтамасыз етіледі. Оқудың жалпы программасы 128 сағатқа арналған.

Бастауыш саяси мектеп оқудың бірден-бір түрі болып саналмайды. Партия комитеттері бастауыш саяси даярлықтың басқа да түрлерін ұйымдастыруларына болады. Коммунистер мен партияда жоқтар «Қоғам тану» және «Қоғам тану жөніндегі хрестоматия» оқулықтары бойынша өздерінің білімдерін арттыра алады. Сонымен бірге көптеген коммунистер өздерінің тілектері бойынша «Коммунизм құрылысының моральдық кодексі» оқып үйренуге праволы. Бұл жөнінде олар үшін «Политическое самообразование» журналы «Коммунистің адамгершілік бейнесі» деген тақырыппен мақалалар мен консультациялар беріп отырады. Сонымен қатар ғылыми атеизм мәселелерін де осы тәсілмен үйренуге болады.

Бастауыш саяси білім өзінің түрі жағынан да, сондай-ақ тақырыптық бағыты жағынан да әрқилы. Мұның өзі тыңдаушылардың өз қалаулары бойынша белгілі бір мәселелерді тандап алып, соларды аса мұқият оқып үйренуіне мүмкіндік береді. Тыңғылықты бастауыш саяси білім алған коммунистер одан кейінгі жылдарда орта дәрежелі саяси білім алу жүйесінде онан әрі оқи беруіне болады.

Орта дәрежелі саяси білім алудың негізгі түрі—марксизм-ленинизм негіздерінің төрт жылға арналған мектебі. Бұл мектептің программасына философия негіздерін, саяси экономияны, ғылыми коммунизмді, КПСС тарихын, партия жұмысының мәселелерін оқып үйрену кіреді. Оқу барысында коммунистер мен партияда жоқ жолдастар марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын өздігінен оқып үйренуге дағдыланады. Партияның шешімдері мен документтерін өз беттерімен оқып түсініп, қоғамдық өмір құбылыстарын бағалауға және одан қорытынды жасауға дағдыланады, саяси үгіт тәсілдерін үйренеді.

Марксизм-ленинизм негіздері мектебінің тыңдаушылары тиісті оқу құралдарымен, кітапшалармен қамтамасыз етіледі. Материалдар программаның әрбір тарауы бойынша әзірленеді. Бұл мектепте «Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы» жөніндегі оқулық, «Маркстік-лениндік философия негіздері», «Саяси экономия негіздері», «Ғылыми коммунизм негіздері» және көпшілікке арналған басқа оқулықтар пайдаланылады. «Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс» деген тарау бойынша «Партийная жизнь» журналында жарияланатын бір топ мақалаларды оқып үйренуге болады.

Сонымен қатар орта дәрежелі саяси білім алу үшін оқудың басқа да жекеше және коллективтік түрлерін ұйымдастыруға болады. Коммунистер мен партияда жоқ жолдастардың қалауы бойынша маркстік-лениндік теорияның, партия тарихының, коммунистік құрылыс практикасының, накты экономиканың жиырмадан астам проблемасын оқып үйренуге мүмкіндік бар. Бұл проблемалардың бәрі жөнінде орталық баспалар мен журналдар тиісті оқу құралдарын, кітапшалар мен мақалалар серияларын даярлайды.

Біздің партиямызда көп жылдан бергі саяси оқу нәтижесінде марксизм-ленинизм негіздерін жақсы меңгеріп, өздігінен жұмыс істеуге

дағдыланған миллиондаған жолдастар бар. Олар үшін теориялық білімді жетілдіру тек міндет ғана емес, қайта ішкі сезімнен туған қажеттілік. Олай болса, олардың оқуын «қайта ұйымдастыруға», жұмыс істеудің белгілі бір қатаң түрлерін белгілеп беруге тырысқан әрекеттердің іске тек қана бөгет болуы ықтимал. Сондықтан олардың оқып үйренетін проблемаларын да, оқу түрлерін де өз ықтиярлары бойынша тандап алуына барлық мүмкіндікті туғызу — партия ұйымдарының міндеті. Бұл арадағы басты мәселе — өздігінен білім алуда, әдебиетпен өздігінен жұмыс істеуде. Мұнымен бірге теориялық, проблемалық, методологиялық семинарлар, конференциялар сияқты коллективтік оқу әдістерінің де пайдалы екенін өмір мен практика әбден дәлелдеп отыр.

Семинарларда, конференцияларда, сонымен қатар коммунистердің өздігінен оқуына маркстік-лениндік теорияның, КПСС тарихының, коммунистік құрылыстың теориясы мен практикасының, шаруашылықты социалистік жолмен жүргізудің маңызды проблемалары ұсынылады. Ұсынылып отырған барлық проблемалар бойынша орталық баспалар мен журналдар көптеген материал жариялайды. Атап айтқанда, «Вопросы истории КПСС» журналы, «В. И. Лениннің шығармаларын үйренушілерге көмек», сонымен қатар «КПСС тарихын үйренушілерге көмек», ал «Вопросы экономики» журналы партия мен мемлекеттің экономикалық саясаты жөнінде мақалалар жариялайды.

Әлбетте, коммунистердің белгілі бөлегі — ең алдымен, басшы кадрлар өздерінің білім дәрежесін барған сайын тереңдете түсіп, революциялық теорияны, партия басшылығының лениндік принциптерін, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру теориясы мен практикасын бұрынғыдан анағұрлым жете білуге ұмтылып отырғанын әбден заңды пәрсе. Мұндай білім алудың алуан түрлі мүмкіндіктері бар. Басшы активтің теориялық оқуын қолдап, көтермелеп, ұйымдастырып отыру — партия комитеттерінің маңызды міндеті. Мұның анағұрлым қажет болып отырған тағы бір себебі сол — соңғы жылдары басшы жұмысқа көптеген жаңа жолдастар келді. Олардың инженерлер, агрономдар және басқа мамандар ретінде арнаулы жоғары даярлығы бар, бірақ олар қоғамдық ғылым саласында теориялық білім дәрежелерін үнемі жетілдіріп отыруға зәру. Оның үстіне, олардың партия құрылысы мен еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселелерін білуі де жеткіліксіз.

Қазіргі кезде марксизм-ленинизм кешкі университеттерінің жұмысын онан әрі жетілдіру қажеттігін күнделікті тәжірибеден айқын көріп отырмыз. Өйткені олардың оқу процесі осы заманғы талаптардан әлі де болса шалғай. Көптеген коммунистер университеттердің бұрын қолданылып келген оқу жоспарлары мен программаларына қанағаттанбайтынын білдіріп, университет факультеттерінің жұмысын КПСС тарихы, философия, саяси экономия және ғылыми коммунизм жөнінде КПСС Орталық Комитеті жанындағы сырттан оқытатын жоғары партия мектебі үшін белгіленген программалар негізінде жүргізуді ұсынады. Мұндай жағдайда марксизм-ленинизм университеттерін бітіргендер шын мәнісінде жоғары саяси білім алып шығады. Сонымен бірге марксизм-ленинизм университеттерінде басшы кадрлардың арнаулы факультеттерін құрып, оның программасында маркстік-лениндік теорияның байыпты курсымен қатар, партия, совет, кәсіподақ және комсомол жұмысының келелі проблемаларын зерттеуді де ойластырған жөн.

Бізде қалалық және аудандық партия мектептерінің жұмысын жақсарту үшін де зор мүмкіндіктер бар. Аудандық партия мектептерінің жұмысын КПСС Орталық Комитеті жанындағы сырттан оқытатын жоғары партия мектебінің программасы негізінде жүргізіп жүрген партия ұйымдарының инициативасы мақұлдауға әбден тұрарлық. Бұл үшін керекті оқытушылар кадрлары әлі де жоқ қалалар мен аудандарда

қазіргі өзінде-ақ алдағы уақытқа қажетті осындай кадрлар даярлауға қамқорлық жасау керек.

Қазір, жаңа оқу жылына әзірлік кезінде-ақ, партия ұйымдары коммунистердің, әсіресе олардың ішінде бұдан бұрын революциялық теория саласында жүйелі білім алмағандарының өз оқуының перспективаларын белгілеуіне көмек көрсетуге тиіс. Мұндайда тандап алынған пәннің және сабақ түрінің, өткен уақытта жиі кездесіп жүргеніндей, бұрын оқығанды қайталау болмай, қайта теориялық білімдерді арттыру жұмысында одан әрі алға басқан қадам болуын сөзсіз қамтамасыз ету керек.

Әсіресе жалпы білім даярлығы нашар коммунистер тобына мұқият қарау керек. Олардың жалпы білім дәрежесін арттыруына барынша көмек көрсетіп, қолдап отыру қажет. Партия оқуы жүйесін толықтыру қарсаңында коммунистер мен партияда жоқ активті мектептер мен университеттердің оқу жоспарларымен, программаларымен, проблемалық және басқа теориялық семинарлардың, өздігінен оқудың сабақ тақырыбымен жақсылап таныстырудың аса зор маңызы бар екенін ескерген жөн.

Жаңа оқу жылында партия оқуының барлық буындарындағы оқытушылардың, лекторлардың, насихатшылардың алдына аса күрделі міндеттер қойылып отыр. Теориялық материалдарды үздік меңгеру, оның мазмұнын әрбір тыңдаушыға түсіндіріп қана қоймай, сонымен бірге олардың арасында оқитын пәнге деген құмарлық, ықылас тудыра білу, саяси әдебиетпен бірге өздігінен жұмыс істеуге баулу — бүгін таңда насихатшыға қойылатын басты талаптың бірі. Теориялық семинарлардағы, университеттердегі, марксизм-ленинизм негіздерінің мектептеріндегі, саяси мектептердегі сабақтарға басшылық ету жұмысына теориялық жағынан болсын, сонымен бірге методикалық жағынан да неғұрлым жақсы даярлығы бар, насихат жұмысында құрмет пен беделге ие болған адамдарды қатыстыру керек.

Теориялық оқудың әрбір жетекшісі партия комитеттері тарапынан ұдайы қамқорлық жасап, көмек көрсетуін қажет етеді. Насихатшылармен лекторлардың жұмысын ауырлататын басқа да қоғамдық тапсырмалар беру фактілерін батыл жою керек. Жаңа жағдайда сабақтың кезекті тақырыбы жөнінде оқтын-оқтын нұсқау берумен ғана тынғу болмайды. Қалалық, облыстық партия комитеттері мен өлкелік партия комитеті жаңынан насихатшылардың партия оқуы жүйесіндегі оқытушылардың өндірістен қол үзіп оқитын 10—15 күндік курстарын өткізіп отырған жөн.

Партияның ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды мәселелері жөнінде, жергілікті партия ұйымдарының жұмысы туралы насихатшылар мен лекторларға ұдайы хабарлап тұру, олардың алдында басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің ұдайы сөз сөйлеп тұруы барлық партия комитеттерінің дәстүрлі ісіне айналуға тиіс.

Партия оқуының неғұрлым сындарлы және дәйекті жүйесін жасау насихатшылар даярлауды алдағы бірқатар жылдарға арнап бұрынғы қай уақыттағыдан болса да анағұрлым жақсы перспективалы жоспарлауды талап етеді. Партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарымен бірлесе отырып, әртүрлі мамандықтағы насихатшылар кадрлары жөніндегі қажетті анықтап, оларды даярлау ісін ұйымдастыруы керек.

Мұндай жағдайда саяси оқу үйлерінің ролі артады. Бұл үйлер насихатшы кадрлармен методикалық жұмыс жүргізудің іс жүзіндегі орталығына айналуға тиіс. Марксизм-ленинизм кешкі университеттерінің насихатшылар факультеттері ерекше көңіл бөлуді керек етеді, мұндай факультеттер бастауыш партия ұйымдары үшін насихатшы кадрларын перспективалы даярлауға көмектеседі. Біздің талымдары-

мыз — тарихшылар, философтар, экономистер, юристер, қоғамдық ғылымдар кафедраларының оқытушылары теорияның келелі проблемаларын творчестволықпен зерттеп, жоғары оқу орындары мен ғылыми институттарда маркстік білімі бар мамандарды даярлаумен қатар партияның бұқара арасындағы насихат жұмысына тікелей қатысуға міндетті. Қоғамдық ғылымдар саласындағы коммунист-ғалым үшін өз білімдерін партиядағы өзімен бірге жүрген серіктеріне, еңбекшілердің қалың бұқарасына үйретуден артық жауапты партиялық тапсырмасы жоқ.

Әрбір лекторға, оқытушыға жоғары талаптар қойылып отыр. Баяндаудың ғылымға терең негізделуі, жарқын, өткір және түсінікті болуы — осының бәрі әрбір сөйлеген сөзге тән қасиет болуға тиіс. Марксизм-ленинизм жөніндегі лекция — творчестволық еңбек, маңызды, үлкен іс. Мұның өзі әрбір партия ұйымында құрметтеуді, қамқорлық жасап, көңіл бөлуді талап етеді.

Коммунистердің партия оқуына мықты көңіл бөлудің өзі еңбекшілердің қалың топтары арасындағы бұқаралық-саяси насихатты ұйымдастыру үшін партия комитеттеріне қойылатын талапты кемітпейтіні былай тұрсын, қайта бұл талапты күшейте түседі. Бұрынғыша, бұл жұмыстағы ең басты шарт — әрбір адамды қамтып, оның дүниеге маркстік-лениндік көзқарасын қалыптастыру, партия программасының талаптарына сәйкес қалың бұқараның ұдайы саяси білім алуын қамтамасыз ету.

Совет адамдарына саяси тәрбие, білім беру ісінде көпшілікке арналған лекторийлердің, теориялық және саяси проблемалар жөніндегі оқулардың, сұрақ пен жауап кештерінің, халық университеттерінің алатын орны бұрынғыдан да артуға тиіс. Бұл жұмысқа даярлығы неғұрлым жақсы жолдастарды қатыстыру керек. Еңбекшілердің өздері зейін қойған барлық сұрақтарға әрдайым өте қанағаттанарлық жауап алып отыруын қамтамасыз етудің маңызы ерекше зор.

Республикалық және облыстық газеттердің беттерінде марксизм-ленинизмнің теориялық қағидалары терең көрсетіліп, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің шаралары, ішкі және халықаралық тұрмыстың аса маңызды оқиғалары айқын түсіндіріліп, буржуазиялық идеология әшкереленіп отыратын байыпты материалдардың ұдайы кеңінен жариялануы бұқараға терең саяси білім беруге көмектесетін болады. Бұл істе республикалық және жергілікті радио хабар жүйесі мен телевизияның мүмкіндігін толық пайдалану керек.

Бұқаралық саяси насихатты ұйымдастыру ісінде «Білім» қоғамы ұйымдарының, мәдени-ағарту мекемелерінің ролін едәуір арттырып, бұл орындардың осы бағыттағы жұмысын күшейтетін шараларды жүзеге асыру, партия комитеттері тарапынан олардың жұмысына ұдайы басшылық пен бақылау жасалуын қамтамасыз ету — аса маңызды міндет.

Комсомолецтер мен жастардың саяси оқуына баса назар аударып, қамқорлық жасаудың да маңызы зор. Жігіттер мен қыздарға, ең алдымен, жалпы білім беретін сырттан оқытатын және кешкі мектептерде, орта және жоғары оқу орындарында оқуды ұсынған жөн. Партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары комсомол оқуы жүйесі үшін комсомолдың маман насихатшыларын даярлауға және қайта даярлауға қамқорлық жасауын ұдайы қадағалап отыруы керек.

Жаңа оқу жылы партия оқуы дәрежесін арттырып, әрбір коммунистің авангардтық ролін, оның саяси белсенділігін күшейтудегі алға басқан қадам болуға тиіс.

Оқу жоспарлары мен оқу құралдары

Журнал оқушылары бастауыш саяси мектептер мен марксизм-ленинизм негіздері мектептерінің оқу жоспарларына қандай тақырыптардың жататыны және оларды неден бастауға болатыны, программаларды оқып үйренген кезде қандай негізгі оқу құралдарын пайдалануға болатыны жайында журнал бетінде айтып беруді өтінеді. Төменде осы мәселелер бойынша қысқаша материал жарияланып отыр.

I. БАСТАУЫШ САЯСИ МЕКТЕП

Бастауыш саяси мектептің оқу жоспары екі жылға арналған. Оны оқып үйренуге 128 сағат — жылына 64 сағаттан, ай сайын 8 сағаттан белгіленіп отыр.

ҮЛГІ ОҚУ ЖОСПАРЫ

курс аттары

Сағат саны

Оқудың бірінші жылы

Саяси білім негіздері	18
В. И. Лениннің өмірбаяны	24
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	10
Нақты экономика негіздері	6
СССР сыртқы саясаты мен дүние жүзінің саяси картасы	6
	<hr/>
Барлығы	64

Оқудың екінші жылы

Саяси білім негіздері	24
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	6
Нақты экономика негіздері	16
СССР сыртқы саясаты және дүние жүзінің саяси картасы	18
	<hr/>
Барлығы	64

Сонымен оқу жоспарына бес тарау кіреді: саяси білім негіздері (42 сағат), В. И. Лениннің өмірбаяны (24 сағат), нақты экономика негіздері (22 сағат), СССР сыртқы саясаты мен дүние жүзінің саяси картасы (24 сағат), партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері (16 сағат). Бұларды оқып-үйренуге жоғарыдағы сағат кестесінде көрсетілген тәртіп бойынша және сол көлемде бірінші жылдан бастап кірісуге болады. Бұл арада «Саяси білім негіздері» деген тараудың бірінші тақырыбынан бастаған жөн. Бұдан кейін В. И. Лениннің өмірбаянын үйренуге көшу көзделеді. Сонан соң «Саяси білім негіздері» курсы мен оқу жоспарының қалған тарауларын өтуді жалғастыру қажет. Сонымен бірге бастауыш саяси мектептің программасында «Нақты экономика негіздері» тарауы бойынша өнеркәсіптің, совхоз өндірісі мен колхоз өндірісі экономикасының негіздері жөнінде мағлұматтар беру көзделеді. Бұл жағдай өнеркәсіп саласында немесе совхоздарда, яки колхоздарда жұмыс істеп жүрген тыңдаушылардың кәсіптік мүдделерін неғұрлым дұрыс ескеруге мүмкіндік беру үшін жасалып отыр. Оқу жоспарының «Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері» деген тарауы бойынша берілген уақыт мектептегі сабақ кестесіне ешқандай нұқсан келтірместен-ақ партия мен мемлекет өміріндегі ағымдағы оқиғаларды терең оқып үйренуге мүмкіндік туғызады.

Алдағы айда оқылатын сабақтың кестесін неғұрлым дұрыс белгілеу насихатшының өз қалауына беріліп отыр. Бәлкім онда программаның бір емес, бірнеше курсы оқыл үйренуді қарастырған жөн болар. Айлық кестенің бір түрі мынау.

Октябрь

Саяси білім негіздері

- Тақырып:** «Қоғамның дамуы туралы не білу керек» 6 сағат
 В. И. Лениннің өмірбаяны
Тақырып: «Балалық және жастық шағы». Революциялық қызметінің басталуы. 2 сағат

Ноябрь

В. И. Лениннің өмірбаяны

- а) **Тақырып:** «Россия революциялық пролетариатының көсемі» 2 сағат
 б) **Тақырып:** «Сибирь айдауында жүрген кезі» 2 сағат

Нақты экономика негіздері

- Тақырып:** «Шаруашылықты басқаруды үйрен (өнеркәсіп экономикасының негіздері)», немесе «Шаруашылықты басқару және совхоздардағы өндірісті жоспарлау (совхоз өндірісі экономикасының негіздері)», немесе «Колхоз өндірісін басқару (колхоз өндірісі экономикасының негіздері)» 2 сағат

Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері. Мәселен, мына **тақырып:** «КПСС Орталық Комитеті Пленумының материалдары» 2 сағат

Декабрь

В. И. Лениннің өмірбаяны

- а) **Тақырып:** «Жаңа тұрпатты маркстік партия құру жолында» 2 сағат
 б) **Тақырып:** «Патша үкіметіне қарсы алғашқы шабуыл» 2 сағат
 СССР сыртқы саясаты мен дүние жүзінің саяси картасы
Тақырып: «Қазіргі заманғы халықаралық жағдай» 2 сағат
 В. И. Лениннің өмірбаяны
Тақырып: «Реакция жылдарында» 2 сағат

Программалардың тарауларын оқып үйренген кезде мына төмендегідей негізгі оқу құралдарын пайдалануға болады:

«Саяси білім негіздері» тарауы бойынша — «Бастауыш саяси мектептердің тыңдаушыларына көмек» деп аталатын кітапшалар сериясы (Саяси әдебиет баспасы, 1965 ж.). Қоғамның дамуы туралы не білу керек; Ұлы Октябрь — жаңа заманның басталуы; СССР-де социализмнің жеңуі; Советтік социалистік қоғам; Социализмнен коммунизмге өту; Социализмнің дүние жүзілік системасы; Халықаралық азаттық қозғалыс; Партия — совет халқының авангарды.

«В. И. Лениннің өмірбаяны» деген тарау бойынша — «В. И. Ленин. Қысқаша өмірбаянының очеркі» (Саяси әдебиет баспасы, 1965 ж.) атты оқу құралы.

«Партия мен үкіметтің маңызды документтері мен шешімдері» деген тарау бойынша — газеттер мен журналдарда жарияланған мақалалар сериясы.

«СССР сыртқы саясаты мен дүние жүзінің саяси картасы» деген тарау бойынша — «Дүние жүзінің саяси картасы алдында» деген кітапшалар сериясы («Мировая экономика и международные отношения» журналы мен «Знание» баспасы, 1965—1966 ж.ж.) Бұдан мыналарды білеміз: халықаралық жағдайдың қазіргі хал-ахуалы; империалистердің соғыс одақтары — дүние жүзіне төнген хауіп; Американың империализмі және дүние жүзіне үстемдік ету жоспарлары; герман реваншизмі және еуропалық хауіпсіздік; жаңа отар саясаты (неоколониализм) — империализмнің стратегиясы мен тактикасы; Латын Америкасы американың империализміне қарсы; Африка империализмге қарсы күресте; Оңтүстік Шығыс Азия және империалистердің тіміскі әрекеттері; дамудың капиталистік емес жолымен; соңғы отарлар; Совет Одағының бейбітшілік сүйгіш саясаты; социализм және бейбітшілік.

«Нақты экономика негіздері» деген тарау бойынша — «Социалистік өнеркәсіптің экономикасы» деген оқу құралы. (Саяси әдебиет баспасы, 1965 ж.). «Колхоз экономикасының әліппесі» (Саяси әдебиет баспасы, 1965 жыл); «Совхоз өндірісінің экономикасы жөнінде әңгіме» («Экономика» баспасы, 1965 жыл.) деген оқу құралдары.

Саяси әдебиет баспасы бұл аталғандардан басқа да бастауыш саяси мектептердің программаларындағы барлық маңызды тақырыптары бойынша көрнекі құралдар шығарады.

II. МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ НЕГІЗДЕРІ МЕКТЕБІ

Марксизм-ленинизм негіздері мектебінің программасы жөнінде жасалған оқу жоспарының бастауыш саяси мектептен айырмашылығы ол екі түрлі вариантпен жасалған. Мұнда тек теориялық курстарды дәйекті түрде өту ескерілген. Бұл жағдай партия ұйымдарына сабақ өткізуді маман насихатшы кадрлармен қамтамасыз етуге байланысты пәндердің орнын ауыстырып отыруға мүмкіндік беруді көздейді. Үлгі оқу жоспары жылдар бойынша шамамен былай бөлінеді.

ҮЛГІ ОҚУ ЖОСПАРЫ

Бірінші түрі
Курс аттары

Сағат саны

Оқудың бірінші жылы

КПСС тарихы	20
Саяси экономия негіздері	18
Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс	16
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	10
Жиыны	64

Оқудың екінші жылы

КПСС тарихы	16
Саяси экономия негіздері	42
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	6
Жиыны	64

Оқудың үшінші жылы

Саяси экономия негіздері	8
Маркстік-лениндік философия негіздері	48
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	8
Жиыны	64

Оқудың төртінші жылы

Маркстік-лениндік философия негіздері	2
Ғылми коммунизм негіздері	54
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	8
Жиыны	64

Екінші түрі
Курс аттары

Сағат саны

Оқудың бірінші жылы

Маркстік-лениндік философия негіздері	20
Саяси экономия негіздері	18
Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс	16
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	10
Жиыны	64

Оқудың екінші жылы

КПСС тарихы	32
Саяси экономия негіздері	26
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	6
Жиыны	64

Оқудың үшінші жылы

Саяси экономия негіздері	8
Маркстік-лениндік философия негіздері	30
Ғылыми коммунизм негіздері	18
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	8
Жиыны	64

Оқудың төртінші жылы

Маркстік-лениндік философия негіздері	20
Ғылми коммунизм негіздері	36
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	8
Жиыны	64

Оқу жоспары осы екі түрінде де алты тараудан құралады: КПСС тарихы (36 сағат); маркстік-лениндік философия негіздері (50 сағат); саяси экономия негіздері (68 сағат); ғылыми коммунизм негіздері (54 сағат); партия туралы лениндік ілім негіздері мен коллективтегі партиялық жұмыс (16 сағат); партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері (32 сағат). Оқу жоспары әр жыл сайын 64 сағат және әр ай сайын 8 сағат есебінен 4 жылға арналып жасалған.

Партия ұйымы мен саяси мектеп жетекшісі бір айға немесе бір тоқсанға арнап сабақтардың нақты кестесін өздері белгілейді. Мәселен, осындай мектептің 1965 жылғы октябрь, ноябрь айларына арналған кестесі шамамен мынандай болады.

Октябрь
Оқу жоспарының бірінші түрі

КПСС тарихы	
а) Лекция: «Кіріспе сөз. Россияда маркстік-лениндік партия құру жолындағы күрес. Большевиктер партиясының құрылуы (1894—1904 ж.ж.)».	2 сағат
б) Лекция: «Большевиктер партиясы Россиядағы бірінші революция жылдарында (1905—1907 ж.ж.)».	2 сағат
в) Әңгіме түрінде өткізу: «Россиядағы маркстік-лениндік партияның құрылуы (1894—1904 ж.ж.)»	2 сағат
Партия туралы лениндік ілім негіздері мен коллективтегі партиялық жұмыс	
Әңгіме түрінде өткізу: «Коллектив ұйтқысы»	2 сағат

Оқу жоспарының екінші түрі

Саяси экономия негіздері	
а) Лекция: «Товарлы өндіріс. Товар және ақша»	2 сағат
б) Лекция: «Өндіріс және қосымша құнды бөлу»	2 сағат
Әңгіме түрінде: «Товарлы өндіріс. Товар және ақша»	2 сағат
Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс	
Әңгіме түрінде: «Коллектив ұйтқысы»	2 сағат

Ноябрь

Оқу жоспарының бірінші түрі

КПСС тарихы	
а) Лекция: «Большевиктер партиясы реакция дәуірі мен жаңа революциялық өрлеу жылдарында (1907—1914 жылдар)».	2 сағат
б) Лекция: «Большевиктер партиясы дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында». Россиядағы екінші революция (1914—1917 жылдың февралі)».	2 сағат
Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс	
Әңгіме түрінде: «Коммунистің қасиетті борышы»	2 сағат
Партия мен үкіметтің аса маңызды документтері мен шешімдері	
Мәселен мына тақырып: «КПСС Орталық Комитеті Пленумының материалдары»	2 сағат

Оқу жоспарының екінші түрі

Саяси экономия негіздері	
а) Лекция: «Қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісі және экономикалық дағдарыс»	2 сағат
б) әңгіме түрінде: «Қосымша құнды өндіру және бөлу»	4 сағат
Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс	
Әңгіме түрінде: Коммунистің қасиетті борышы	2 сағат

Программалардың тарауларын оқып үйрену кезінде төмендегідей негізгі оқулықтар мен оқу құралдарын пайдалану ұсынылады.

«КПСС тарихы» бөлімі бойынша — «Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы» деген оқулық (Саяси әдебиет баспасы, 1956 жыл), «КПСС тарихы туралы әңгімелер» деген кітапшалар сериясы (Саяси әдебиет баспасы, 1965—1966 жылдар), «КПСС тарихын үйренуге арналған оқу методикалық құралы» (Саяси әдебиет баспасы, 1965 жыл).

«Маркстік-лениндік философия негіздері» бойынша — В. Г. Афанасьевтің «Философиялық ілім негіздері» деген оқу құралы («Мысль» баспасы, 1965 жыл).

«Саяси экономия негіздері» бөлімі бойынша — Н. И. Никитиннің көпшілікке арналған «Саяси экономия» деген оқулығы («Мысль» баспасы, 1965 жыл).

«Ғылыми коммунизм негіздері» бойынша — «Ғылыми коммунизм негіздері» деген оқу құралы (Саяси әдебиет баспасы, 1965 жыл).

Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс. «Партия туралы лениндік ілім негіздері және коллективтегі партиялық жұмыс» деген мақалалар сериясы (1965 жылдың сентябрі мен 1966 жылдың апрель айларындағы «Партийная жизнь» журналы); коллектив ұйтқысы; коммунистің қасиетті борышы; коммунистер және өндіріс; идеялық сенімділік қалай қалыптасады; коллектив және жеке адам; жабуды жаба тоқымай, кемшілікті өткір сынау керек; авангард бұқарамен байланысты болсын; лениндік принциптер негізінде.

Саяси әдебиет баспасынан КПСС тарихы мен саяси экономия курстарының тараулары бойынша көрнекі құралдар шығарылады.

(«ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ», 16, 1965.)

КПСС ЖӨНІНДЕГІ МАҒЛУМАТТАР

Совет Одағының Коммунистік партиясы — біздің халқымыздың айбынды, сыннан өткен авангарды, ол жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың және интеллигенцияның алдыңғы қатарлы, неғұрлым саналы бөлігін ерікті түрде біріктіріп отыр. Лениндік партия қоғамдық-саяси ұйымның ең жоғарғы формасы, совет қоғамының басшы және бағыт беруші күші болып табылады.

«Партия — біздің заманымыздың, революциялық ұлы өзгерістер жасап жатқан совет халқының ақыл-ойы, ары мен ожданы, — делінген КПСС Программасында. — Партия болашаққа қырағы қарайды, халыққа ілгері басудың ғылыми негізделген жолдарын ашып береді, бұқараның алып күш-жігерін тасытып, оны орасан зор міндеттерді орындауға бастайды».

Өзінің бүкіл сан-салалы қызметінде біздің партия маркстік-лениндік ілімді және соның негізінде XXII съезд қабылдаған КПСС Программасын басшылыққа алады, ал онда партия мен бүкіл халықтың коммунистік қоғам орнату күресіндегі басты-басты міндеттері белгіленген. КПСС өзінің қызметін партия тұрмысының лениндік нормаларын бұлжытпай сақтау, басшылықтың коллективтік принципі, ішкі партиялық демократияны, коммунистердің белсенділігі мен іскерлігін жаң-жақты дамыту негізінде, сын мен өзара сын негізінде жүргізеді.

Коммунизм құрылысы кең өрістетіліп отырған дәуірде біздің партияның совет қоғамы тіршілігіндегі ролі мен маңызы арта түсті. Оның халық арасындағы беделі онан сайын күшейді, еңбекшілердің қалың бұқарасымен оның байланысы бұрынғыдан да нығайды. Атап айтқанда, мұны КПСС XXII съезінен кейінгі үш жыл ішінде партия құрамында болған сан және сапа өзгерістері туралы санақ мәліметтері дәлелдейді.

ПАРТИЯНЫҢ САН ҚҰРАМЫ, ОНЫҢ ҚАТАРЫНЫҢ ӨСУІ

Халықтың тандаулы өкілдері — жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция — өз тағдырын партиямен байланыстырғысы келеді, коммунистің абзал міндетін ерікті түрде өз мойнына алып, оны саналылықпен орындап отырады. КПСС XXII съезінен кейін партияның сан құрамы 2 042 164 адамға көбейді. Мына мәліметтерден соңғы бірнеше жыл ішінде біздің партия қатарының қалай өскенін байқауға болады.

Жылдар	Барлық коммунист
1961 жылдың 1 январына	9 275 826
1961 жылдың 1 октябріне (КПСС XXII съезіне)	9 716 005
1962 жылдың 1 январына	9 891 068
1963 жылдың 1 январына	10 387 196
1964 жылдың 1 январына	11 022 369
1965 жылдың 1 январына	11 758 169

Қазіргі уақытта біздің партияның қатарында он екі миллионнан астам адам бар, олар идеялық және ұйымдық бірлікпен топтасқан.

Коммунизмнің ұлы ісіне шын берілген алдыңғы қатарлы совет адамдарын жеке-жеке іріктеп қабылдау принципін қатаң сақтай отырып, КПСС 1961 жылдың 1 октябрінен 1965 жылдың 1 январына дейін партияның кандидаттығына 2 498 мың, партия мүшелігіне 2 282 мың адам қабылдады. 1964 жылы КПСС мүшелігіне кандидат болып 879,4 мың жұмысшы, колхозшы, маман, қызметші қабылданды. Бұл — соғыстан кейінгі жылдар ішінде партия қатарының ең көп толықтырылуы. Партияға жаңадан алынғандардың әлеуметтік құрамын мына мәліметтер сыпаттайды:

Қызмет түрі	Процентке шаққанда
1964 жылы партияға кандидаттыққа барлық қабылданғандар	100
оның ішінде:	
жұмысшылар	45,3
колхозшылар	15,1
халық шаруашылығы мен мәдениеттің мамандары	27,7
басқа қызметшілер	10,9
оқушылар және басқалары	1,0

Сөйтіп партияға жаңадан алынғандардың негізі бөлегі (60,4 проценті) — озат жұмысшылар мен колхозшылар. Сондай-ақ партияға инженерлер, техниктер, агрономдар, дәрігерлер, мұғалімдер және басқа мамандар көп қабылдануда.

Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін қызметкерлер санының жалпы азаюына байланысты, сондай-ақ колхоздардың бір бөлегінің совхоздарға айналуы себепті КПСС-ке қабылданғандардың ішінде колхозшылардың үлес салмағы біраз кеміді. Алайда абсолютті цифрлармен есептегенде партия қатарына өткен колхозшылардың саны өсіп келеді. Мәселен, 1964 жылы партия кандидатына 101 553 колхозшы қабылданды. Бұлар — колхоз өндірісінің жетекші салаларында жүрген, егін даласы мен фермаларда тікелей жұмыс істейтін адамдар. Мұны мына мәліметтер сыпаттайды:

	Абсолютті цифрлармен есептегенде	Процентке шаққанда
1964 жылы партия кандидаттығына барлық қабылданған колхозшылар	101553	100
олардың ішінде:		
тракторшылар, комбайншылар және басқа механизаторлар	40 731	40,1
егіншілікте, овощ шаруашылығында және бау-бақшада жұмыс істейтіндер	22 729	22,4
мал шаруашылығында жұмыс істейтіндер	19 514	19,2
агрономдар, зоотехниктер және басқа мамандар	6 491	6,4
басқа өндіріс бригадалары мен звеноларында жұмыс істейтіндер	2 510	2,5

Партия қатарын толықтырудың негізгі бір қайнар көзі, оның жауынгер резерві — Ленин комсомолы. 1961 жылдың 1 октябрінен 1965 жылдың 1 январына дейінгі кезеңде партияға барлық қабылданғандардың жартысынан көбі (1 254 мың адам) комсомолецтер. Партия қатарына кіріп жатқан ВЛКСМ-нің өте-өте белсенді әрі саналы мүшелерінің саны жылма-жыл өсіп келеді. Бұған мына цифрлар айғақ:

КПСС мүшелігіне кандидаттыққа қабылданған комсомолецтер (абсолютті цифрлармен есептегенде):

1962 жылы	355 174
1963 жылы	380 428
1964 жылы	418 053

КПСС В. И. Лениннің коммунист деген атақты кіршіксіз таза әрі жоғары ұстау қажеттігі туралы нұсқауларын мүлтіксіз басшылыққа алып отырады. Ол партиялық саналы тәртіпті нығайтуға, партия мүшелері мен кандидаттарының маркстік-лениндік білімін арттырып, идеялық жағынан шындауға зор қамқорлық жасайды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ТҮРІ БОЙЫНША КПСС ҚҰРАМЫ. КОММУНИСТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ

Соңғы үш жыл ішінде КПСС-тің саны өсуімен бірге оның сапалық құрамы да өзгерді. Партия қатарындағы жұмысшылардың саны 931,8 мың адамға, ал колхозшылардың саны 225,7 мың адамға көбейді. Қазіргі уақытта коммунистердің жартысынан

астамы (53,8 проценті) — жұмысшылар мен колхозшылар. Партия қатарындағы қызметшілердің көпшілігі — кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың басшылары, халық шаруашылығының әртүрлі саласындағы мамандар, ғылым, ағарту, денсаулық сақтау, әдебиет пен өнер қызметкерлері.

Коммунистердің қоғамдық топтарға (әлеуметтік жағдай бойынша) бөлінуін мына кесте сыпаттайды:

	Жалпы қорытындыға процент есебімен	
	1961 жылы	1964 жылы
Барлық коммунистер	100	100
олардың ішінде:		
жұмысшылар	35,0	37,3
шаруалар (колхозшылар)	17,3	16,5
қызметшілер және басқалары	47,7	46,2

Шаруашылық пен мәдени құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындауда, бұқараға партияның ықпалын күшейтуде партия күштерін дұрыс орналастырудың маңызы ерекше. Коммунистердің негізгі бөлегі (1964 жылғы 72,4 проценті) материалдық өндіріс саласында яғни нағыз өмірлік игіліктер жасалатын жерлерде істейді. Соңғы үш жылда материалдық өндіріс саласында істейтін коммунистердің саны бір миллионнан астам адамға көбейді. Өнеркәсіп орындарының партия ұйымдарындағы жұмысшы-коммунистердің саны 1965 жылдың 1 январына 53,5 процент, транспортта — 62,6 процент, құрылыста — 52,5 процент, совхоздарда — 70,9 процент болды.

Халық шаруашылығындағы коммунистердің жеке салалар бойынша орналасуын мына мәліметтер (процентке шаққанда) көрсетеді:

	1961 жыл- дың 1 июліне	1965 жыл- дың 1 ян- варына
Халық шаруашылығындағы барлық коммунист	100	100
олардан:		
Материалдық өндіріс салаларында	71,4	72,4
мұның ішінде:		
өнеркәсіп пен құрылыста	33,5	35,9
транспорт пен байланыста	9,2	9,2
ауыл шаруашылығында	23,3	22,6
саудада, қоғамдық тамақтандыруда, дайындау орындарында, материалдық-техникалық жабдықтау мен өткізу саласында	5,4	4,7
Өндірістен тыс салаларда	28,6	27,6
мұның ішінде:		
ғылымда, халық ағартуда, денсаулық сақтау мен мәдениетте	15,6	16,5
мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарында, пар- тия және қоғам ұйымдарының аппаратында	10,8	9,1
басқа салаларда	2,2	2,0

Ауыл шаруашылығында 1965 жылдың 1 январына 2,1 миллионнан астам коммунист, оның 733,7 мыңы совхоздарда, 1 285 мыңы колхоздарда істеді. Ауыл шаруашылық өндірісін ұлғайтудың шешуші шарттарының бірі — оны тракторшы, комбайншы, инженер және техник кадрларымен қамтамасыз ету. Қазіргі уақытта 520 мың коммунист немесе совхоздар мен колхоздарда жұмыс істейтін барлық коммунистің төрттен бірінен астамы — механизаторлар.

КОММУНИСТЕРДІҢ БІЛІМ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰРАМЫ

Соңғы үш жыл ішінде КПСС мүшелері мен мүшелікке кандидаттардың жалпы білім дәрежесі едәуір артты. Жоғары және орта білімі бар маман-коммунистердің саны осы мерзім ішінде 847,9 мың адамға көбейді. Олардың партия құрамындағы үлес салмағы 1961 жылдың 1 январында 31,8 процент болса, 1965 жылдың 1 январында 34,6 процент болды.

Тұтас алғанда, коммунистердің жалпы білім дәрежесін мына мәліметтер (1965 жылдың 1 январына) сыпаттайды:

	Абсолютті цифрлармен есептегенде	Процентке шаққанда
Барлық коммунистер	11 758 169	100
олардың ішінде:		
жоғары білімі барлар	1 763 262	15,0
толық жоғары білімі жоқтар	301 255	2,6
орта білімділер	3 542 005	30,1
орталау білімділер	3 277 024	27,9
бастауыш білімі барлар	2 874 623	24,4

КПСС МҮШЕЛЕРІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ СТАЖ БОЙЫНША ҚҰРАМЫ

XXII съезден кейінгі жылдар ішінде жас коммунистердің, сондай-ақ партиялық стажы көп КПСС мүшелерінің саны өсті. Партиялық стаж бойынша КПСС құрамындағы өзгерістерді мына мәліметтерден (процентке шаққанда) аңғаруға болады:

Партиялық стажы	1962 жылдың 1 январына	1965 жылдың 1 январына
10 жылға дейін	39,0	42,8
10—30 жыл	56,2	51,3
30 жылдан жоғары	4,8	5,9

КПСС-ТІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМЫ

Лениндік партия өзінің бүкіл қызметінде пролетарлық интернационализм принципін басшылыққа алып отырады. Ол өзінің қатарында СССР-ді мекендейтін 100-ден астам ұлт пен халықтың өкілдерін біріктіріп отыр. КПСС тең қарулы социалистік ұлттардың ұлы бірлігі мен туысқандық достығын бейнелейді.

КПСС-тің 1965 жылдың 1 январына дейінгі ұлттық құрамын мына мәліметтер (мың есебімен) сыпаттайды:

орыстар	7 335,2	молдавандар	40,3
украиндар	1 813,4	латыштар	44,3
белорустар	386,0	қырғыздар	35,0
өзбектер	193,6	тәжіктер	41,9
қазақтар	181,3	армяндар	187,9
грузиндер	194,3	түркмендер	32,4
азербайжандар	141,9	эстондар	33,9
литвалықтар	61,5	басқа ұлттар мен халықтар	1 035,3

КПСС-ке одақтас республикалардың 14 компартиясы кіреді. Бұлардың партия қатарының саны соңғы бірнеше жыл ішінде едәуір өсті. Бұған мына мәліметтер (абсолютті цифрлармен есептегенде) айғақ:

	1961 жылдың 1 январына	1965 жылдың 1 январына
Украина Компартиясы	1 370 997	1 829 638
Белоруссия Компартиясы	225 541	319 196
Өзбекстан Компартиясы	224 519	314 279
Қазақстан Компартиясы	345 115	450 486

	1961 жылдың 1 январына	1965 жылдың 1 январына
Грузия Компартиясы	216 866	248 375
Азербайжан Компартиясы	153 221	198 539
Литва Компартиясы	60 551	86 366
Молдавия Компартиясы	59 908	85 379
Латвия Компартиясы	72 519	95 742
Қырғызстан Компартиясы	65 866	84 721
Тәжікстан Компартиясы	52 014	67 624
Армения Компартиясы	85 062	104 305
Түркменстан Компартиясы	47 950	57 206
Эстония Компартиясы	37 848	54 836

КПСС ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР

Халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық саласында, мемлекеттік және қоғамдық өмірде әйелдердің еңбектегі және саяси белсенділігі жыл сайын артып келеді. Бұл КПСС құрамында әйелдер санының үздіксіз өсуінен айқын көрінеді.

1961 жылдың 1 январына біздің партиямызда 1 809 мыңнан астам әйел болып еді, ал 1965 жылдың 1 январына 2 372 мыңнан астам әйел болды. Коммунистердің жалпы санында әйелдер осы уақыт ішінде 19,5 проценттен 20,2 процентке дейін көбейді. Аудандық және қалалық партия комитеттерінің құрамына сайланғандардың 21 проценті әйелдер.

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫ

Партия негізі — бастауыш партия ұйымдары. Бұлар халық шаруашылығының, мәдениеттің барлық саласында түгел, мемлекет басқару органдары мен қоғамдық ұйымдардың бәрінде бар. КПСС-те барлығы: 1961 жылдың 1 январына 294 873, 1965 жылдың 1 январына 311 907 бастауыш партия ұйымы болды. Барлық партия ұйымдарының 25 проценті өнеркәсіп, транспорт, байланыс және құрылыс кәсіпорындарында; 16 проценті — колхоздар мен совхоздарда; 4,3 проценті — сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында; 22,1 проценті — оқу орындарында, ғылыми, емдеу және мәдени-ағарту мекемелерінде; 16,1 проценті — әртүрлі мекемелерде, ұйымдар мен шаруашылық органдарында құрылған; ал қалғандары — 16,5 процент.

КПСС XXII съезінен кейін бастауыш партия ұйымдарының белсенділігі артты. Олардың саны молайды, олардың құрамында цех партия ұйымдары мен партия топтарының саны едәуір көбейді. Мәселен, 1965 жылдың 1 январына 267 481 цех партия ұйымы мен 329 619 партия тобы болды.

ПАРТИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

КПСС Орталық Комитетінің ноябрь (1964 жылғы) Пленумы партия ұйымдарын және олардың басшы органдарын, КПСС Уставында көзделгендей, территориялық-өндірістік белгі бойынша құру принципін қалпына келтірді.

Пленум қаулысына сәйкес 80 облыс пен 5 өлкеде біртұтас облыстық, өлкелік партия ұйымдары және соған сәйкес тиісінше облыстық, өлкелік партия комитеттері қалпына келтірілді.

1965 жылдың 1 апреліне дейінгі мәлімет бойынша басшы партия органдарының жүйесі мынадай: одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттері — 14; өлкелік комитеттер — 7; облыстық комитеттер — 133; округтік комитеттер — 10; қалалық комитеттер — 738 (оның ішінде село партия ұйымдарын біріктіретіндері — 208); қалалардағы аудандық комитеттер — 396; селолық аудандық комитеттер — 2 434; аудандық партия комитеттеріне теңестірілген парткомдар (Москваның өндірістік-салалық парткомдары, теңіз транспортының, мал жайылымдарының парткомдары тағысын тағылар) — 17.

Аудандық, қалалық, округтік, облыстық, өлкелік партия комитеттерінің, одақтас республикалар компартиялары Орталық Комитеттерінің және солардың тиісінше тексеру комиссияларының құрамына 328 мыңға жуық коммунист сайланды.

«ПОЛИТИЧЕСКОЕ САМООБРАЗОВАНИЕ» журналы, № 8, 1965 ж.

(Қысқартылып алынды)

СОЦИАЛИСТІК РУМЫНИЯНЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ

Румынияның еңбекшілері биылғы 23 августа аса үлкен мерекені зор қуанышпен тойлап өтті. Бұл күн — Румынияның туған күні. Румын Халық Республикасы 21 жасқа толып, жаңа өрлеу жолына түсті.

Тарих тұрғысынан қарағанда, 21 жыл бүкіл мемлекет өмірінде онша ұзақ уақыт емес. Сөйтсе де ширек ғасырға тола қоймаған осынау мезгіл жемісі мен жетістігі жағынан ғасырға бергісіз. Осы уақыт ішінде Румынияда социализм жеңіп шықты. Егер румын халқының жаңа даму жолына түскенге дейінгі ауыр да азапты тұрмысына бір сәт үнілетін болсақ, бүгінгі барша игілікті іс мейлінше айқын болмақ.

Бұдан жиырма бір жыл бұрын Румыния аграрлық ел, империалистік державалардың шикізат беретін шылауы еді. Еңбекші халық қаншама жанын салып еңбек етсе де, ішер асқа, киер киімге жарып көрген емес-ті. Оның есесіне ат төбеліндей аз ғана помещиктер мен буржуалар еңбек адамдарының қанын сүліктей сорып, үсті-үстіне байыды. Жат елден келген нысапсыз капиталистер Румынияның ең дәулетін аш қасқырдай талады. Дүниежүзілік екінші соғыста неміс фашистері румындардың қанын судай сорғалатып, майданның ең ауыр учаскелеріне айдап салғаны да мәлім.

Осындай ауыр азапқа тап болған румын халқы мұнан 21 жыл бұрын 23 августа Коммунистік партияның басшылығымен қарулы көтеріліс жасап, Антонескудің әскери-фашистік өктемдігін құлатты. Сол бір оқиға румын халқының тарихын түбірінен өзгертті, жаңа дүниенің есігін ашты, социализмнің сәулетті жолына жөн сілтеп берді. Сол себепті румын халқы 23 августы үлкен мереке етіп жыл сайын тойлап келеді.

Міне енді Румыния социалистік жолмен дамудың үшінші он жылдығын бастап, жеңістен жеңіске жетуде. Осы жеңістің күллі жемісі Румынияның қай жеріне барсаң да көзге түседі. Бұл жетістіктер — ең алдымен өркендеген өнеркәсіп орындар, гүлденген ауыл шаруашылығы, сәулетті қалалар мен көркейген поселкелер, халықтың дәулетті де шарықтаған мәдени тұрмысы.

Бұл игіліктің бәрі өздігінен келген жоқ. Бұған халықтың қажырлы еңбегі, дарынды өнері мен шабытты жігері жұмсалды. Бұған өз елін социализмнің даңғыл да сәулетті жолымен үнемі алға бастап келе жатқан румын коммунистерінің зор ұйымдастыру жұмысы нәтижесінде қол жетті. Партияның күллі қызметі елде социализм орнату ісіне бағытталған.

Биылғы жылғы июльдің 19-нан 24-не дейін Бухарест қаласында Румыния жұмысшы партиясының съезі болып өтті. Съездің делегаттары съездің күн тәртібінде тұрған мәселелерді талқылауға кіріспес бұрын аса маңызды бір шешім қабылдады. Олар Румынияның жұмысшы партиясын бұдан былай Румыния Коммунистік партиясы деп атау жөнінде бірауыздан ұйғарымға келді. Сонымен бұл съезд Румыния Коммунистік партиясының IX съезі деп аталып, тарихқа енді. Партияның жаңа

аты Румынияда болған өзгерістерге, партияның қазіргі даму сатысына, партияның көздеген түпкі мақсатына — коммунистік қоғам орнату мақсатына толық сай келеді.

Партияның съезінде талқыланып, қабылданған документтерде Румынияның өткен жолы, болашақ дамуының негізгі бағыттары мейлінше айқын белгіленді.

Румынияда халықтық өкімет орнаған жылдардың ішінде социалистік өнеркәсіп қаулап өркендеді, соның негізінде халық шаруашылығының барлық саласының, бүкіл қоғамның прогреске жетуі қамтамасыз етілді. Румыния шаруаларының өмірінде түбірлі өзгеріс болды — ауыл шаруашылығын кооперативтендіру аяқталды. Сөйтіп социалистік өндірістік қарым-қатынас халық шаруашылығының барлық салаларын түгел қамтып отыр.

Сайып келгенде, қала мен деревняда социализм толық салтанат құрды, адамды адамның қанаушылығы біржолата жойылды, ал осының бәрі жұмысшы табы мен партияның өкімет билігін жеңіп алғаннан кейінгі аса үлкен саяси жеңісі.

Партия маркстік-лениндік ілімді басшылыққа ала отырып, елді социалистік индустрияландыруды өз саясатының бел арқауы етіп алды. Осы мақсатпен елдің материалдық қоры мен табиғат байлығы өнеркәсіпті дамытуға, әсіресе ауыр өнеркәсіпті басымырақ өркендетіп, бірінші кезекте машина жасау өнеркәсібін алға бастыруға жұмылдырылды.

Қазіргі кезде 1960-1965 жылдарға арналған халық шаруашылығын өркендетудің алтыжылдық жоспары ойдағыдай орындалуда. Алтыжылдықтың ішінде өнеркәсіп өндірісінің орташа өсу қарқыны әуел баста 13 процент болып белгіленген болса, қазір 14,4 процентке жетті. Жаңадан 502 кәсіпорын мен цех салынып, іске қосылды. Бұған қоса көптеген фабрикалар мен заводтар ұлғайтылып, модерлендірілді, жаңа техника өндіріске кеңінен енгізілді, өнеркәсіп өнімінің түрі көбейіп, сапасы жақсаруда.

Алтыжылдықтың ішінде өнеркәсіптің негізгі салалары мынадай мөлшерде өсті: электр қуатын өндіру 1959 жылғымен салыстырғанда 2,6 есе, машина жасау 2,6 есе өсіп отыр. Машина жасау өнеркәсібінің өнімі қазіргі кезде халық шаруашылығына қажетті жабдықтардың үштен екісін қамтамасыз ете алатын дәрежеге жетті. Өнеркәсіпке арналған күрделі қаржының бестен бір бөлегі химия өнеркәсібіне бөлінді, осының арқасында химияның өсу қарқыны өнеркәсіптің басқа салаларының өсу қарқынынан асып түсті.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі де кенже қалған жоқ. Жеңіл өнеркәсіп 2 еседен аса өссе, тамақ өнеркәсібі 1,8 есе артты. Өнеркәсіпті дамыту жолында қолданылған пәрменді шаралар еңбек өнімділігін 1959 жылмен салыстырғанда 63 процент арттыруға себепкер болды. Өнімнің өзіндік құны 18 процент кеміді.

Румынияда ауыл шаруашылығын кооперативтендіру жұмысының ойдағыдай аяқталуы елдің барлық аудандарында ауыл шаруашылық өнімін өндіруді арттырып, шаруалардың тұрмыс жағдайын жақсарту үшін қолайлы жағдай жасады.

Кооперативтердің қоғамдық меншігі 36 процент, ал олардың ақшадан тыс табысы 27 процент молайды. Бұл да партияның селода жүргізген саяси-ұйымдастыру жұмысының, аграрлық саясатының нәтижесі.

Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайтып, өндірісті ғылыми негізде ұйымдастыруға баса көңіл бөлінуде. Биыл Румынияның егіс даласында 82 мың трактор, 66 мың сеялка, 36 мыңнан аса комбайн, тағы басқа ауыл шаруашылық машиналары жұмыс істеп жүр. Қазір барлық ауыл шаруашылық өндіріс кооперативтерінде агроном, мал дәрігерлері, зоотехниктер ауыл шаруашылығының басқа да мамандары бар.

Румынияда селолық жерлерді электрлендіруге үлкен мән берілуде. Мысалы, 1964 жылы ғана 120 мың шаруа ауласы электрлендірілді. Қазіргі кезде 6500 село, барлық машина-трактор станциялары, мемлекеттік селолық шаруашылықтар электрлендірілген. Алты жүзге жуық ауыл шаруашылық кооператив электр қуатын шаруашылық мақсаттарға пайдаланады. Ал биыл жүздеген жаңа селолар электр жарығын алмақ.

Румыния мемлекеттік селолық шаруашылықтары ауыл шаруашылық өндірісін өнегелі ұйымдастыру ісінде ауыл шаруашылық өндіріс кооперативтері үшін үлгі болуда. Елдегі егістік жердің 16 проценті осы мемлекеттік селолық шаруашылықтардың қарамағында.

Бұл табыстар Румынияның өткендегісі мен бүгінгісін көрсетеді. Осы жетістіктердің бәрі де Румынияның жаңа Конституциясында толық баянды етілген. Румыния Халық Республикасының 1952 жылы қабылдаған Конституциясы бүгінгі өскен талапқа сай келе бермеді. Сол себепті жаңа Конституция жасалды, мұны елдің барлық еңбекшілері кеңінен талқылады.

Жаңа Конституция бойынша Румын Халық Республикасы енді Румын Социалистік Республикасы деп аталады. Бұл елдегі әлеуметтік құрылыстың қазіргі даму кезеңіне дәл келеді. Жаңа Конституцияда Румыния Коммунистік партиясының елдің саяси басшы күші болып қала беретіні анық айтылды. Жаңа Конституцияда қоғамдық күштердің ролі мен міндеттері мейлінше айқын жазылған. Социалистік қоғамның мызғымас берік негізі — жұмысшы табы мен шаруалардың одағы барған сайын нығая түседі.

Ұлт пен мемлекет социалистік қоғамды дамытудың негізі ретінде әлі ұзақ уақыт қала береді. Социалистік қоғам орнатуды аяқтау кезінде мемлекеттің атқаратын ролі барған сайын арта береді. Елдің, барша халықтың тұрмыс жағдайын көркейте беру үшін мемлекеттің ұйымдастыру, халық шаруашылығын жоспарлап, басқару ісіндегі міндеттері де едәуір ұлғаяды. Қалың бұқараны социалистік рухта тәрбиелеу саласында мемлекеттің атқаратын қызметі бұрынғыдан да гөрі кең өріс алады.

Ал қоғамның негізгі өндіріс құралы социалистік меншік болып табылады. Жаңа Конституция бүкіл халықтың игілігі — мемлекеттік меншік пен әрбір кооперативтік ұйымның игілігі — кооперативтік меншіктің онан әрі дамуын қамтамасыз етеді, оны аман сақтап, қорғап отырады.

Румыния Коммунистік партиясының IX съезі елдің халық шаруашылығын дамытудың 1966—1970 жылдарға арналған жоспары, энергетиканы дамытудың он жылдық жоспары туралы директиваларды қабылдады. Бұл документтерде экономиканың барлық тарауларында, ғылым мен мәдениет саласында социалистік қоғам орнатудың басты бағыттары белгіленді.

Съезд документтері сыйпаты жағынан шаруашылық міндеттерін бейнелесе, ал мазмұны жағынан социалистік Румынияны жан-жақты гүлдендірудің программасы болып табылады.

Елді индустрияландыру, ауыр өнеркәсіпті өркендету, бірінші кезекте машина жасау ісін алға бастыру — партия саясатының басты бағыты. Алдағы бесжылдықта индустрияландыру ісі жаңа үздік техника негізінде жүзеге асырылмақ. Ғылымның ең соңғы жетістіктерін өндіріске үздіксіз енгізіп отыруға, өндіріс процестерін автоматтандыруға, механикаландыруға баса назар аударылады. Ал мұның өзі қазіргі заманғы өнеркәсіп пен экономиканы құрудың басты шарты.

Румынияда таяудағы бес жылда өнеркәсіп өнімі жыл сайын 10,5 процент артып отыратын болады. Ал мұның мәнісі өнеркәсіп бұдан былай да шапшаң қарқынмен өсе береді деген сөз.

1966—1970 жылдарға арналған бесжылдық жоспар халық шаруашылығы құрылымының неғұрлым тең болуын, өнеркәсіптің барлық салаларының үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Соның өзінде өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру қарқыны орта есеппен жылына 11 процент артады, ал халық тұтынатын заттар өндіру қарқыны жылына шамамен 10 процент өспек.

Өнеркәсіп орындарында жүргізілген күллі прогрестік шаралардың нәтижесінде еңбек өнімділігі 1970 жылы 40 процент артқалы отыр. Бесжылдық жоспарда өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнын 10 процент кеміту көзделген.

Алдағы бесжылдықта Румыния Социалистік Республикасының ауыл шаруашылығы күрт өрге басады. Мемлекет тарапынан осы мақсатқа 35 миллиард лей күрделі қаржы берілмек. Бұл 1961—1965 жылдарда бөлінген қаржыдан 60 процент көп.

Елдің экономикасын жақсарту үшін мемлекеттік шаруашылықтың материалдық-техникалық базасын дамытуға мол қаржы бөлінеді. Сонымен қатар машина-трактор станцияларының жұмысын оңға бастыруға тынбастан қамқорлық жасалады. Машина-трактор станциялары партияның ауыл шаруашылығы жөніндегі саясатын жүзеге асыруда аса маңызды роль атқаруда. Съездің директивасы бойынша 56 машина-трактор станциясы құрылуға тиіс. 1970 жылы 320 машина-трактор станциясы кооперативтерге қызмет ететін болады, олардың қарамағындағы тракторлар саны 1965 жылғыдан 55 процент, комбайндар саны 60 процент көбеймек.

Экономиканың өрге басып, еңбек өнімділігінің артуы нәтижесінде Румыния Социалистік Республикасының ұлттық табысы 1970 жылы, 1965 жылмен салыстырғанда 40 процент артады. Бесжылдықтың соңғы жылында ұлттық табыс жан басына бөлгенде соғысқа дейінгі ең жоғарғы тұрмыс дәрежесінен төрт жарым есе артып түспек.

Румыния Коммунистік партиясының көздеген мақсаты — еңбекшілердің әл-ауқатын арттырып, тұрмыс жағдайын жақсарту. Сондықтан да съездің директивасында нақты жалақыны 1965 жылмен салыстырғанда 1970 жылы 20—25 процент арттыру белгіленген. Бұған қоса ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді молайту нәтижесінде шаруалардың нақты табысы көбейе береді. 1966—1970 жылдың ішінде шаруалардың табыс мөлшері 20 процент өседі. Сөйтіп социализмнің игіліктерін әрбір семья өз тұрмысында айқын сезе бермек.

Румыния Коммунистік партиясының IX съезі партияның жаңа Уставын бірауыздан қабылдады. Жаңа Уставта нешеме жылдардан бергі тәжірибе жинақталған, партия мен қоғамның тұрмысында болған өзгерістер, жаңа тарихи жағдайлар, социалистік қоғам орнатуды аяқтаудағы күрес кезеңі ескерілген.

Жұмысшы табы өзінің саяси партиясын — Румыния Коммунистік партиясын құрғанға дейін талай тарихи кезеңнен өткені мәлім. Жұмысшы табының саяси қозғалысының бастамасының тарихи тамыры сонау ертеде жатыр. Тіпті 1893 жылдың өзінде-ақ Румынияның социалистік партиясы құрылған-ды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысқа қуатты қозғау салды, адамзаттың тарихында жаңа заманды бастап берді. 1918—1920 жылдарда Румынияда жұмысшы қозғалысы қаулап өскен еді. 1921 жылғы майда Румыния социалистік партиясының съезі болып өтті. Осы съезде социалистік партияны коммунистік партия етіп қайта құру туралы қарар қабылданды. Партия өз қызметінде марксизм-ленинизм ілімін негізге алды. Осынау съезд Румынияның жұмысшы қозғалысының дамуындағы, румын халқының өміріндегі тарихи бет бұрыс болды.

Ал 1944 жылғы 23 августа өкімет билігін жеңіп алу жолындағы қарулы көтерілісте жұмысшы табы шешуші роль атқарды. 1948 жылғы майда болып өткен съезде Румынияның Коммунистік партиясы социал-демократиялық партиямен бірігіп, партияның аты — Румынияның жұмысшы партиясы деп аталды. Бұл бірігу жұмысшы қозғалысында жиырма бір жылдан аса уақытқа созылып келген жікшілдікті жойды. социалистік қоғам орнатудың тарихи міндеттерін ойдағыдай орындауға қабілетті, айбынды штаб құрып берді. Румыния коммунистік партиясының биылғы июльде өткен ІХ съезі партия алдына қойған міндетті абыроймен орындағанын баршаға паш етті. Міне енді партияның өзі бұдан былай Румыния Коммунистік партиясы деп аталатын болды.

Румыния Коммунистік партиясы, Румыния Социалистік Республикасы өткен жиырма бір жылдың ішінде барлық коммунистік, жұмысшы партияларымен, социалистік лагерьдегі мемлекеттермен туысқандық қарым-қатынасты, ынтымақты пролетарлық интернационализм рухында жүргізіп келеді. Николае Чаушеску бастаған Румын Социалистік Республикасының партия-үкімет делегациясының Совет Одағына жасаған жуырдағы сапары екі ел арасындағы достық пен ынтымақты онан әрі дамытып, нығайтуға қосылған елеулі үлес болды. Румыниядағы социалистік құрылыстың зор табысқа жетуінде Совет Одағының, басқа да социалистік лагерьдегі елдердің туысқандық қалтқысыз көмегі ерекше роль атқаруда.

Осынау игілікті ортақ істе Қазақстан еңбекшілерінің де еңбек үлесі бар. Қазақстанның өнеркәсібі биылғы жылдың өзінде-ақ Румынияның бірнеше күрделі заказын орындады. Ақтөбенің ферросплав заводы Румынияға бірінші сортты феррохром жөнелткен болса, Балқаштың кен-металлургия комбинаты түсті прокат берді, Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинаты, Шымкенттің пресс-автомат заводы, Оралдың арматура заводы, Теміртаудың металл құю-механикалық заводы машиналарды, приборларды, басқа да өнімдерді үсті-үстіне жіберіп, туысқандық көмек көрсетіп келеді. Румынияға «Қазақстан» атты радио қабылдағышы көптеп жіберілуде.

Румыния сыртқы саясатта бейбітшілдік саясатын жүргізуде, халықаралық шиеленісті бәсеңдетіп, халықтар арасындағы ынтымақты дамыту, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайта беру жолында күш-жігер жұмсап келеді.

Румыния Коммунистік партиясының ІХ съезі Вьетнам туралы қарар қабылдап, Америка Құрама Штаттарының агрессиялық әрекеттерін тыюды, Вьетнам Демократиялық Республикасын бомбылауды тоқтатуды, шетел әскерлерін Вьетнамнан әкетуді, Вьетнам халқының өз тағдырын өзі шешуіне мүмкіндік беруді талап етті.

Румын халқы Румыния Коммунистік партиясының басшылығымен жаңа бесжылдық жоспардың күрделі міндеттерін орындай отырып, өз елін көркейте түседі, сол арқылы дүние жүзілік социалистік системаны нығайту ісіне, социализмнің бүкіл дүние жүзінде салтанат құруы ісіне өз үлесін қосады.

Ы. ТӨРЕБАЕВ.

Ультрадыбыстың халық шаруашылығындағы орны

Журнал оқушысы О. Мақтымқұлов (Қызылорда облысы, Сырдария ауданы) ультрадыбыс дегеніміз не және оның халық шаруашылығындағы маңызы қандай? — деп сұрайды. Төменде осы сұрауға жауап беріліп отыр.

Халық шаруашылығының түрлі саласын дамыту ғылым мен техниканың ұлы жетістіктері нәтижесінде жасалған техникалық прогреске тікелей байланысты. Партияның XXII съезі қабылдаған КПСС Программасында: «Өндіріс технологиясында радиоэлектротехника, жартылай өткізгіштер, ультрадыбыс барған сайын көп орын алатын болады» деп атап көрсетілді.

Шынында да XX ғасырдың басында ғана ашылған ультрадыбыстың табиғаты соңғы жылдары терең зерттеліп, ғылым мен техниканың әртүрлі саласына кеңінен енгізіліп келеді. Ультрадыбыс металлургияда, машина жасау ісінде, химияда, биологияда, ауыл шаруашылығында, медицинада, тамақ және жеңіл өнеркәсібінде, энергетикада жиі қолданылып жүр.

Ультрадыбыс негізінен екі бағытта қолданылады. Интенсивті ультрадыбыс көбінесе заттардың күйін өзгертеді, қатты заттарды ұнтақтайды, араласпайтын сұйық нәрсені араластырып өте тамаша эмульсия жасайды, айталық, өте қатты заттарды (мысалы, алмас) өңдейді немесе өте омырлығыш заттардың (мысалы, шыны) бетіне өрнек салады, хирургиялық аспаптарды жуып, тазалайды. Ал енді бірде ультрадыбыс жабық ыдыстағы сұйықтың деңгейін анықтайды, заводтан шығып жатқан машина тетігіндегі ақаудың бар-жоғын тексереді, аурулардың диагнозын қояды.

Сағат механизмдерінің, радионың және басқа да аспаптардың өте нәзік тетіктерінің мінсіз

қызмет атқаруы көбінесе бұларға қажетті материалдардың тазалығына байланысты. Болмашы шаң-тозаң олардың мүлтіксіз жұмыс істеуіне елеулі нұқсан келтіреді. Сондықтан осындай нәзік механизмдерді жуып, тазалап отыру қажет. Бұрын мұндай тетіктер түрлі ерітінділермен жуылатын немесе будың көмегімен тазаланушы еді. Енді бұған ультрадыбыс көмекке келді. Ол үшін жуылатын деталь суға немесе керосинге малынады. Содан кейін бұған ультрадыбыс тербелістері жіберіледі. Ультрадыбыстық тербелістердің «сілкілеуіне» шыдамаған шаң-тозаң детальдан бөлініп, түсіп қалады.

Ультрадыбыспен жуудың арқасында тетіктер бүлінбейтін болады. Тетіктерді будың көмегімен немесе басқа әдіспен тазалағанда оның бетінде әлі 5—10 процент кір-тозаң қалатын болса, ультрадыбыспен тазалаудың нәтижесінде онда небәрі 0,5 процент кір қалады. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірнеше мысал келтірейік. Ленинградтағы «Электрик» заводында 1961 жылдан бастап электроплиткалардың корпусын тазалау үшін ультрадыбыс пайдаланыла бастады. Ал ультрадыбыс қондырғысын пайдаланудың шапшаң тазалауға үлкен пайдасы тиді. Соның нәтижесінде бір жылда 8 мың сом үнемделді.

Ленинградтың оптика-механика кәсіпорындарында механикаландырылған және қолмен жұмыс істейтін тоғыз ультрадыбыстық қондырғы іске қосылған еді. Бұл қондырғылардың көмегімен линзаларды сырлап, смола-

лардан тазартуға болады. Ульт-радыбыстық қондырғылар пайдаланылғандықтан еңбек өнімділігі 25 процент артты. Ал оптикалық тетіктерді жай әдіспен тазалау кезінде пайда болатын жарақаттар ультарадыбыспен тазалағанда 10—14 процентке дейін азайды. Соның нәтижесінде бір жылда 43 800 сом үнемдеуге мүмкіндік туды.

Соңғы жылдары алмас, лағыл, термокорунд тәрізді өте қатты материалдар кеңінен қолданыла бастады. Бұлардан жасалатын тетіктер тек қырнап, тегістеу жолымен ғана өңделеді. Сонымен қатар шыны, германий, феррит тәрізді омырылғыш заттарды механикалық жолмен өңдеуге болмайды. Себебі, аздап болса да түскен салмақтан олар омырылып, сынып кетеді. Бұл материалдарды өндейтін бірнеше электрохимиялық, электроэрозиялық әдіс бар.

Соңғы жылдары бұл материалдарды ультарадыбыспен өңдеудің жаңа әдісі табылды. Мұны ультарадыбыстық кесу деп атайды. Бұл әдіспен жоғарыда аталған материалдарды қалаған формада өңдеуге болады. Сонымен қатар бұл әдіспен өте қатты заттарды өңдеу механикалық өңдеуге қарағанда бес есе арзанға түседі.

Ультарадыбыс өте кішкене бөлшектерді біріктіріп, үлкен түйіршікке айналдыра алады. Мұны ғылым тілінде коагуляция дейді. Мәселен, сіз цемент зауытының жанына барсаңыз, ұшып жүрген өте майда цемент тозанын көрер едіңіз. 1958 жылғы есеп бойынша елімізде осындай жолмен цементтің 308 мың тоннасы жоғалып кеткен. Бұл тозаның ауаға тарап кетуінің мынандай екі зияны бар: біріншіден, бұл — үлкен материалдық шығын; екіншіден, бұл тозаң — адамның денсаулығына залал. Міне осы ұшып жүрген өте ұсақ цемент үгінділерін ультарадыбыс арқылы біріктіріп, үлкейтіп, жерге қондыруға болатындығы анықталып отыр.

Соңғы жылдары ультарадыбыс тоқыма, жеңіл өнеркәсіп орындарында кеңінен қолданылып жүр. Бұл кәсіпорындарда ультарадыбыс көбінесе эмульсия алу, тері өңдеу, бояу және жуу жұмыстарына көп пайдасын тигізеді. Маталарды ультарадыбыспен бояса, жай әдіспен бояғандағыдан әлдеқайда сапалы болатыны және бояу уақыты 25 процентке дейін қысқаратындығы дәлелденді. Сол сияқты теріні жай әдіспен өңдеуге 118 сағат уақыт кететін болса, ультарадыбыспен өңдегенде небәрі 18-ақ сағат керек.

Машиналардың тетіктерін жасауға көбінесе таза металдардан гөрі олардың қорытпалары көбірек кәдеге асады. Ал металдардан қорытпа алу оңай процесс емес. Әсіресе мырыш пен темірден, алюминий мен қорғасыннан қорытпа алу өте қиын. Себебі бұлар өте нашар ериді. Міне осы металдардан қорытпа алу үшін ультарадыбыс пайдаланылады. Ультарадыбыстың әсерінен тербеліске түскен металдар бір-біріне тез араласып, тамаша қорытпа береді. Ультарадыбыспен қорытпа алу материалдардың физикалық-механикалық қасиеттерін алдынала біліп отыруға және керекті материал дайындауға кең жол ашты.

Біз жоғарыда ультарадыбыстың ғылым мен техниканың біраз саласындағы қызметін айттық. Ал енді бір ретте ультарадыбыс өзі істес болған затқа әсерін тигізбей, тек көмекшінің ғана ролін атқарады. Енді осы жайды әңгімелейік.

Дүние жүзінде заттарды тексеруге ультарадыбысты алғаш рет пайдаланған совет ғалымы профессор С. Я. Соколов еді. 1928 жылы С. Я. Соколов ультарадыбыс арқылы тетіктердің ішіндегі ақауды табатын ультарадыбыстық дефектоскоп жасады. Ультарадыбыстық дефектоскоп тек металдан жасалған тетіктерді тексеріп қоймайды. Ол ағаштан, резинадан және пластмассадан жасалған бұйымдардың қалыңдығы бір

жарым миллиметрден 8—10 метрге дейінгі ақауларын анықтай алады.

Сөйтіп ультрадыбыс физикасының жетістіктері нәтижесінде халық шаруашылығының көптеген саласына жаңалықтар еніп, техникалық прогресс жеделдетіліп келеді. Біз енді ультрадыбыс дегеніміз не, оны қандай әдістермен алуға болады деген сұрақтарға жауап беріп кетейік.

Дүние толы дыбыс... Оның бәрін адам баласының құлағы ести бермейді. Қарттарға қарағанда жас балалардың құлағы естігіш келетіні рас. Дегенмен жастардың құлағы қабылдай алмайтын дыбыстар да бар. Оны ит, жарқанат, кит, дельфин сияқты жанжануарлар ғана ести алады. Міне осыдан келіп дыбыстар естілетін және естілмейтін болып (шартты түрде) екіге бөлінеді. Егер дыбыстың жиілігі 20 герцтен (дене бір секундта бір тербеліс жасайтын болса, онда оның жиілігі бір «гц» деп аталады) 20 мың герцтің арасында болса, онда бұл естілетін дыбыстар деп аталады.

Кейбір дене бір секундта 20 тербелістен кем тербеліп, дыбыс шығарады. Бұл құлаққа естілмейді. Мұндай естілмейтін дыбыстарды инфрадыбыстар деп атайды. Сол сияқты жиілігі 20 мың герцтен артық дыбыстарды да адам құлағы естімейді. Мұндай естілмейтін дыбыстар ультрадыбыстар деп аталады.

Ультрадыбыстың қасиетін жанжақты зерттеп, оны өндіріске ең-

гізу ісімен еліміздің көптеген ғалымдары айналысып келеді. Солардың ішінде Қазақстан ғалымдарының да қосқан үлесі бар. Қазақтың политехника институтында физика-математика ғылымының кандидаты Т. Шормановтың басқаруымен проблемалық ультрадыбыс лабораториясы ұйымдастырылды. Көп жылғы зерттеу нәтижесінде, Т. Шорманов ультрадыбыспен бір-бірімен кірікпейтін әртүрлі металдан тамаша қорытпа алуға болатындығын дәлелдеді.

Сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясы металлургия және кен байыту институтының бір топ ғалымдары соңғы жылдары ультрадыбысты түрлі сұйық заттардан эмульсия алуға кеңінен пайдаланып келеді. Ультрадыбыстың әсерімен түрлі май мен суды тамаша араластырып, тұрақты эмульсия алуға болатындығы айқындалды. Алынған эмульсияның руданы байытуға деген қабілеті кәдімгі флотациялық реагенттерден кем түспейді. Міне осы әдісті пайдаланып, техника ғылымының кандидаттары Ә. Байшолаков, М. А. Соколов флотациялық реагенттердің шығынын едәуір азайтуға үлес қосты.

Қорыта айтқанда, физиканың ең жас саласының бірі — ультрадыбыс физикасының жетістіктері халық шаруашылығын интенсификациялауда таптырмас құрал болып отыр.

Б. АРЫЗХАНОВ.

УГ06098

Заказ № 4364

Тираж 26014

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Қ. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мәдиев, К. Мендібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103.

Телефондар, редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

14/IX 1965 жылы басуға қол қойылды, қар. 70x108¹/₁₆, 2,5 қар. — 6,85 авт. таябақ

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ АЙ САЙЫН ШЫҒАТЫН
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ

Қазақстан
КОММУНИСТІ

ЖУРНАЛЫНА 1966 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Құрметті оқушы, «Қазақстан коммунисті» журналы сенің ақылшың, досың. Оны үзбей оқу саяси-идеялық дәрежеңді арттыруға жалпы біліміңді толықтыруға көмектеседі. Журнал бетінен саяси тақырыптан іздеген материалдардың көбін таба аласың.

Журналда КПСС жаңа Программасы мен Уставы, коммунистік құрылыстың көкейтесті мәселелері туралы, маркстік-лениндік саяси экономия, философия, нақты экономика және ғылыми коммунизм мәселелері жөнінде мақалалар жарияланады, партия оқуы жүйесінде және өздігінен оқитын жолдастарға көмек боларлық материалдар, саяси оқу жоспарлары, насихатшыларға жәрдемші мақалалар беріліп тұрады. Журнал бетінде коммунистік құрылыстың, коммунистік қоғам орнатушылардың моральдық кодексінің мәселелері жазылады. Сонымен бірге оқушылардың сұрауларына жауап беріледі.

Республика партия ұйымдарының жұмысы журналда үзбей жазылады. Өлкелік, облыстық, қала, аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесі қорытылады.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің келелі мәселелері журнал бетінен орын алады. Жергілікті газеттер мен журналдарға шолу, жаңа кітаптарға сын беріледі.

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

1 жылға — 2 сом 40 тиын
6 айға — 1 сом 20 тиын

Журналға «Союзпечатьтің» барлық бөлімдерінде, байланыс бөлімшелерінде, сол сияқты қоғамдық өкілдер арқылы жазылуға болады.

Бағасы 20 тиын

Индекс 75738